

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан
КОММУНИСТІ

12

ДЕКАБРЬ

1959

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 12

ДЕКАБРЬ

1959

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Қоғамдық мал өсімтал да өнімді болсын . . . 3

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

А. ҚАЙСАҚАНОВ — Қой өсірудің құнды тәжірибесі . . . 10
Н. ЖОЛАМАНОВ — Сарысу мал өсірушілері сертіне берік . . . 14
Е. ТАСАНБАЕВ — Зор табыстар жылы . . . 18
Ертеңгі шығар белесіміз бұдан да биік . . . 22
Ұйымдастыру жұмысы — табыс кілті . . . 25

Н. СӘРСЕНБАЕВ — Қоғамдық және жеке мүдделерді ұштастыра
білу жөнінде . . . 30

С. ОМАРОВ — Жұмысшылар мен колхозшы шаруалар одағы жаңа
кезеңде . . . 37

Б. ӘЛИМАНОВ — Асқар бел асуларда . . . 43

С. ҚИРАБАЕВ — Сәкен Сейфуллиннің революциялық өлеңдері . . . 50

ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

Д. ҚАЙЫПОВ, С. БҰҚАРБАЕВ — Ғылым жетістіктерінің халық шаруа-
шылығында пайдаланылуы . . . 56

Б. ОРДАБАЕВ, Ә. ШАЛАБАЕВ — СССР халық шаруашылығы табыс-
тарының көрмесінде . . . 60

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП

А. ЕРМОЛАЕВ — Латын Америкасының халықтары тәуелсіздік жо-
лындағы күресті күшейтуде . . . 67

Партия тұрмысының хабарлары . . . 73

«Қазақстан коммунисті» журналының дабылынан кейін . . . 74

Әлеуметтік-экономикалық терминдер . . . 75

«Қазақстан коммунисті» журналында 1959 жылы жарияланған мақа-
лалар тізімі . . . 76



СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — За дальнейший мощный подъем общественного животноводства	3
--	---

НАВСТРЕЧУ ПЛЕНУМУ ЦК КПСС

А. КАЙСАКАНОВ — О некоторых резервах развития овцеводства	10
Н. ЖОЛАМАНОВ — Слово сдержали	14
Е. ТАСАНБАЕВ — Успехи хлопкоробов	18
На новые рубежи	22
На Чапаевской районной партийной конференции	25
Н. САРСЕНБАЕВ — Сочетание общественных и личных интересов при социализме	30
С. ОМАРОВ — Новый этап укрепления союза рабочих и крестьян	37
Б. АЛИМАНОВ — Год минувший, год грядущий	43
С. КИРАБАЕВ — Революционная поэзия Сакена Сейфуллина	50

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

Д. КАИПОВ, С. БУХАРБАЕВ — Применение достижений науки в народном хозяйстве	56
Б. ОРДАБАЕВ, А. ШАЛАБАЕВ — На выставке достижений народного хозяйства СССР	60

ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

А. ЕРМОЛАЕВ — Народы латино-американских стран в борьбе за независимость	67
Партийная хроника	73
По следам выступлений журнала «Казахстан коммунист»	74
Социально-экономические термины	75
Указатель статей и материалов помещенных в журнале «Казахстан коммунист» за 1959 год	76

☆



Қоғамдық мал өсімтал да өнімді болсын

Бейбітшіліктің туын тіккен кен байтақ Совет елінде коммунистік қоғам орнату ісіндегі басты мәселе адамдардың тұрмысын жақсарту беру, ол үшін материалдық игіліктерді неғұрлым мол өндіру болып отыр. Еңбекшілерге тұрғын үй, киім-кешек қандай керек болса, оның ішіп-жеуіне тамақ та, әсіресе ет, сүт, май да сондай керек екені мәлім. Ал бұл өнімдерді бізде негізінен колхоздар мен совхоздар береді. Ендеше, бұлардағы мал шаруашылығын өркендетудің Отан үшін, халық үшін өмірлік маңызы бар. Міне сондықтан да КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында ауыл шаруашылығының басқа мәселелерімен бірге, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің, оның өнімдерін молайтудың іргелі мәселелері талқыланғалы отыр. Мұның бәрі партия мен үкіметтің халықтың әл-ауқатын көркейте беруге, елімізде азық-түлік молшылығын тез жасауға деген жаңа қамқорлығын сыпаттайды.

1953 жылға дейін яғни партияның Орталық Комитетінің сентябрь Пленумына дейін мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының өте-мөте кенже қалған саласы болып келгені жұртқа аян. Бұл жағдайды түзету үшін Коммунистік партиямыз соңғы жылдары ірі-ірі шараларды белгілеп, дәйектілікпен жүзеге асырды. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді жоспарлаудың және дайындаудың бұрынғы тәртібі өзгертілді, жемшөптің берік қорын жасаудың жаңа мүмкіндіктері ашылды, колхоздар мен совхоздар кадрлармен нығайтылды, ет, сүт, май тағы басқа өнімдер өндіруде ауыл-село қызметкерлерінің материалдық жағынан ынталылығы арттырылды.

Уақытында жүзеге асырылған бұл елеулі шаралардың тамаша нәтиже бергенін, қоғамдық мал шаруашылығы мықтап өрге басу арнасына түсірілгенін республикамыздың мысалынан да көруге болады. 1954—1958 жылдарда Қазақстанда ірі қара саны 23, оның ішінде сауын сиырлар 26, қой-ешкі 42 процент өсті. Шошқа саны 2,8 есе көбейді. Соңғы жылдары елімізде малшаруашылық өнімдерін мемлекетке тапсыруда республикамыздың үлес салмағы бұрынғыдан едәуір артты. Бұл игілікті іске тың жерлерді жаппай игеру жұмысы да үлкен себепші болды, өйткені жаңа жерлерді игеру негізінде астық өндіру мықтап артты, ал мұның өзі мал шаруашылығын онан әрі дамытуға берік негіз қалағаны даусыз.

Партияның XXI съезі бекіткен жетіжылдық жоспарға сәйкес Қазақстан мал шаруашылығының зор болашағы белгіленді. 1965 жылы республикамызда қой санын 75 миллионға жеткізу, 1963 жылдың өзінде 1020,8 мың тонна ет (малды сойғандағы салмағымен) өндіру, ірі қараны 7 миллионға, шошқаны 2 миллионға, құсты 25 миллионға жеткізу республика ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына қойылған маңызды да құрметті міндет болып отыр.

Жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жан басына ет, сүт, май өндіру жағынан Америка Құрама Штаттарын таяудағы жылдары қуып жету жолындағы социалистік жарысқа бір кісідей болып қосылған республикамыздың колхозшылары, совхоз жұмысшылары

1959 жылы мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімдерін арттыруда елеулі табыстарға ие болды. Көптеген колхоздар мен совхоздарымыз КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумын көрнекті табыспен қарсы алу үшін қажырлы күрес жүргізді, мал санын көбейту, өнімділігін арттыру міндеттемелерін абыроймен орындап шықты. Сөйтіп олар мал шаруашылығының республика көлеміндегі көрсеткіші біркелкі тәуір болуына әсерін тигізді. Биыл фермаларда қой-ешкі саны 3 миллион 126 мың, ірі қара 433 мың, шошқа 280 мың, құс 4 миллион 176 мың бас өсті. Мемлекетке ет, жүн, қаракөл, жұмыртқа сату жоспары республика бойынша мерзімінен бұрын орындалды.

КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерін орындай отырып, партия, совет органдарының соңғы кезде мал өсіруге баса көңіл бөлгені, фермалардың жұмысына басшылығын жақсартқаны байқалды. Малды бағып-күту бірталай аудандарда зоотехникалық талапқа сай ұйымдастырылып, ғылым мен тәжірибенің жетістігі мал шаруашылығында кеңінен қолданылатын болды. Соның арқасында жеке аудандардың мал шаруашылығы саласындағы көрсеткіші жақсы болып отыр. Бұларда мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мөлшерін арттырумен қоса, малдың саны көбеюі де қамтамасыз етілді. Мысалы, 1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы мал шаруашылығы өнімдерін дайындауды да еселеп арттырды. Облыс мемлекетке ет, жүн, қаракөл елтірісін сатудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мұндағы колхоздар мен совхоздар былтырғымен салыстырғанда етті 19,7 мың тонна, жүнді 1 мың тоннадай көп өткізді. Елімізге 167 миллион пұт дерлік астық берген Ақмола облысы да ет, жүн, жұмыртқа сату тапсырмасын едәуір асыра орындады. Биыл Батыс Қазақстан облысы мемлекетке 50 мың тонна ет берді. Соның өзінде малдың саны азаймағаны былай тұрсын, қайта бірсыпыра көбейді.

Ауыл-селодағы бастауыш партия ұйымдары мал шаруашылығын өрге бастыру күресіне шын мәнісінде ұйтқы, мұрындық болып, малшылар арасындағы саяси-бұқаралық, үгіт, тәрбие жұмыстарын біраз жақсартқаны аңғарылады. Ақкөл совхозында (Павлодар облысы) 75 коммунистің 50-ге жуығы тікелей мал шаруашылығында істейді, олардың көбі шопан, қатардағы бақташы. Совхоздағы әр фермада партия тобы бар, коммунистердің саны совхоз өндірісінің тандаулылары есебінен көбеюде. Биыл осындай жеті озат малшы партия қатарына алынды. Партия ұйымы (секретары Мұқажанов жолдас) ең алдымен ұйымдастыру жұмысына, адамдар арасындағы жұмысқа көңіл бөліп отырады. Саяси-бұқаралық жұмыс алда тұрған міндеттерді орындауға бүтіндей бағындырылған. Әрбір фермада, бригадада жұмысшылардың кеңес, жиналыстары әрдайым өткізіледі, онда жарыстың қорытындысы шығарылады, кемшіліктерді түзетудің жолдары сөз болады. Міне мұның бәрі шаруашылықтың алға басуына игілікті әсерін тигізіп отыр. Мал өсірудің міндеттемесі барлық түлік бойынша асыра орындалды. Мемлекетке ет, жүн сату жоспары да орындалды. Кәзір совхозда мал қыстату ойдағыдай өткізілуде. Толбухин совхозының партия ұйымы да егіншілікпен қатар мал шаруашылығының жоғары өнімді болуын ұйымдастырды. Әр сиырдан сауылған сүт, қойдан қырқылған жүн мөлшері Қызылту ауданындағы басқа шаруашылықтардан мұнда едәуір жоғары болды, сүттің түсер құны арзандады.

Бұрынғыдай емес, бірсыпыра аудандық партия комитеттері қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мәселесімен күнделікті шұғылданып, оның мұң-мұқтажын жете ескеретін болды. Олар барлық ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарының дәрежесін арттырды. Мұндай жерде аудандық партия комитеттерінің мал шаруашылығына деген қамқорлығы әрдайым көрініп отырады. Сарысу аудандық партия комитетінің жұмысы осыған орайлас келеді. Соның нәтижесінде ауданда

биыл малдың саны міндеттемеге сай көбейтілді. Ет өндіру біржарым есе арттырылды, төл алу жақсы болды, әрбір жүз саулықтан 106 қозы өсірілді, етке өткізілген әр қойдың салмағы 60, тіпті 80 килограмға дейін тартты. Жеті жылдың ішінде аудандағы негізгі түлік қой санын бір миллионға жеткізу үшін күрес өрістеді. Аудандық партия комитетінің секретары Жоламанов жолдас журналымыздың осы санында басылып отырған өз мақаласында ауданда мал шаруашылығына партия басшылығының жайын баяндайды.

Республиканың жеке облыстары мен аудандарының малды көбейтіп, өнімін арттырып жатқаны, мемлекетке ет, сүт, жүн сату міндеттемелерін абыроймен орындап шығуы мал басындағы адамдардың ерен еңбек етуінің арқасы деп білген абзал. Олар партия мен үкімет алға қойған міндетті іс жүзіне асыру жолында жанын сала қимылдайтын қажымас қайратты асыл жандар. Мал шаруашылығын өркендету күресінің алдыңғы қатарында болып, жұмысты тыңғылықты атқару арқылы данқы шыққан майталмандар аз емес. Бұлардың баққан малы семіз де өсімтал. «Семіздің аяғы сегіз» деген осы да.

Өзінің адал еңбегімен есімін бүкіл елге танытып жүрген таңдаулылардың ішінде Шымқорған совхозының (Оңтүстік Қазақстан облысы) әрбір 100 саулықтан 170 қозы алған Ә. Шақабаев, Е. Рымбетов, 500 бойдақ қойды жаз бойы «түгін тартса, майы шығатындай» етіп семірту арқылы оның әрқайсысының тірідей салмағын етке тапсырғанда 80 килограмнан келтірген Жайылма совхозының (Жамбыл облысы) шопаны Уәлибеков, Еспол ауданындағы (Гурьев облысы) «Передовик» колхозының атақты қойшысы С. Дәулетқалиев, Шортанды ауданындағы (Ақмола облысы) Тельман атындағы колхозында қарауындағы сиырлардың әрқайсысынан 3,5 мың килограмдай сүт сауған О. Либельт, Ібілшін (Батыс Қазақстан облысы) совхозының 60 шақты ірі қараны етке семіртеп өткізгенде әрқайсысының салмағын 500 килограмға жуықтатқан Қ. Камешев және басқалары бар.

Жоғарыдағы фактілер мал шаруашылығын ілгері бастыра беруге біздің колхоздар мен совхоздарымыздың мүмкіншілігі сарқылмас мол екенін сыпаттайды. Егер осы мүмкіншіліктер барлық жерде толық та тиімді пайдаланылған болса, 1959 жылдың олжасы кәзіргіден анағұрлым көлемді, анағұрлым салмақты болар еді ғой. Малдың көбеюіне, өнімінің молаюына жете алмаған, әрбір 100 гектар жерге шаққанда етті, сүтті, жүнді және басқаны аз өндіретін шаруашылықтар әлі де көп екені мәлім. Колхоздар мен совхоздардың бірсыпырасында жойылмай келе жатқан кесел — малдың шығыны, малдың қысыр қалуы, орынсыз жұмсалуы болып отыр. Көкшетау, Ақтөбе, Жамбыл, Павлодар облыстарының бірқыдыру аудандарында мал санын арттыру жөнінде жарыста қабылданған міндеттеменің орындалмай қалғандығы да осыдан.

Ақтөбе облысында мемлекетке сүт сату мүлде олқылықта. Соның салдарынан сүт дайындау былтырғыдан едәуір кем. Облыстың 41 колхозы биыл сүт өндіру мөлшерін арттыру орнына кемітіп алды.

Мал шаруашылығы саласында орын алған олқылықтар, кемшілік, қателіктер жақында өткен көптеген аудандық партия конференцияларында да сөз болды. Ауыл шаруашылығының бұл маңызды саласына көңіл бөлмегені, байсалды басшылық етпегені үшін делегаттар аудандық партия комитеттерін, олардың бюро мүшелерін, секретарьларын беті-жүзіне қарамай, батыл сынады. Гурьев облысындағы Жылой аудандық партия конференциясында аудандық комитеттің секретары Тауманов жолдас қол жеткен болмашы табысты көп айтып, кемшіліктерді бүркеуге, нақты жағдайды боямалап көрсетуге тырысты. Бірақ делегаттар аудан мал шаруашылығын дамытудағы қате-кемшіліктердің орын алғанын әшкерелеп берді. Науқаншылдықтың, даурықпа-ду-

манның салдарынан мұнда мал шаруашылығының негізгі көрсеткіштері төмендеп кеткен. Малдың өлім-жітімі қисапсыз көп, малдан өнім жоспарлы мөлшерден едәуір төмен. Колхоз бастауыш партия ұйымдарында партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстарды жақсарту шарасы істелмеген, міндеттемені орындау күресі ұйымдастырылмаған. Ірі қара, қой-ешкі, құс өсіру жөнінде қабылданған міндеттеме, сондай-ақ сүт тапсыру, жемшөп дайындау жоспарлары орындалмай қалды. Аудандық комитеттің бірінші секретары Тауманов, аудандық совет атқару комитетінің председателі Назымов жолдастар өздерінің күнделікті қызметінде коммунистердің, қатардағы қызметкерлердің пікірлерімен, ұсыныстарымен санаспайтын, олардың сын ескертпелеріне құлақ аспайтын, кейде төменнен көтерілген сынды елемейтін халге жеткен. Аудан экономикасының өзге салаларымен қоса мал шаруашылығына басшылық ете алмай, елеулі кемшіліктерге жол бергені үшін конференция Таумановты аудандық партия комитетінің жаңа құрамына сайламай қойды.

Жетіжылдықтың алып программасын жүзеге асыру мүддесі, Отан мүддесі кемшіліктерден шұғыл арылуды, сөйтіп әрбір колхоз бен совхозда мал шаруашылығын ауыл шаруашылығының ең бір табысты, мол өнімді саласына біржолата айналдыруды талап етеді. Мал шаруашылығын өркендетуді халық екінші тың деп орынды атаған. Жаңа жерді игеру ісі қандай асқан қажырлылықпен, қандай зор көлемде жүргізілген болса, бұл екінші тынды игеруде сондай қажырлылықпен, сондай зор көлемде жүргізілуге тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің тарихи июнь Пленумында сөйлеген сөзінде Хрущев жолдас былай деп атап көрсетті: «Ауыл шаруашылығын ұйымдық жағынан басқару бізде әлі де өз дәрежесінде емес дер едім. Ауылшаруашылық органдарының, партия және совет ұйымдарының практикасында ұйымдастырушылық жұмыс әлі де жеткіліксіз. Ұйымдастыру ісі кәзір ең басты, шешуші іс болып отыр». Бұл нұсқауды республикамыздың күллі партия, совет, ауылшаруашылық органдары мұлтіксіз орындауға міндетті. Бұл арада әңгіме мал шаруашылығын өркендету саласында да ұйымдастыру жұмысының дәрежесін бұрынғыдан әлдеқайда арттыру туралы болып отыр. Ал ұйымдастыру жұмысындағы түйінді мәселе — кадр мәселесі. Мал шаруашылығының болашақ тағдыры, алда тұрған міндеттердің көңілдегідей жүзеге асырылуы, сайып келгенде, малшыларға байланысты. Колхоз, совхоз фермаларында мындаған шопан, сиыршы, жылқышы, сауыншы, шошқа, құс бағушы істейді. Соңғы жылдары комсомолдың бастамасы бойынша мал шаруашылығына көптеген жастар келді. Мал шаруашылығына коммунистерді, комсомолецтерді көбірек жіберу, малшылар, әсіресе жас малшылар арасында тәлім-тәрбие, үгіт-бұқаралық жұмыстарды бүгінгі күннің міндеттеріне сай жүргізу — партия, комсомол ұйымдарының төл ісі. Малды күтіп-бағудағы бай тәжірибені, ғылым жетістігін жастарға қажымай-талмай үйретіп отыру керек. Міне сонда ғана олар өздеріне жүктелген міндетті жақсы орындай алады. Жасыратыны жоқ, жергілікті партия, совет ұйымдарының оралымсыздығынан мал шаруашылығында кадрлар жетіспейді. Мысалы, Алматы облысының Қапал, Нарынқол, Жамбыл аудандарында шопандар, сауыншылар, бұзау күтушілер едәуір жетпейді. Мұндай жағдай көп аудандарда бар. Фермаларды кадрлармен толықтыру ісіне ерекше көңіл бөлу керек.

Бізде жемшөп проблемасының түпкілікті шешілмеуі, жайылымдарды суару, суландыру жұмыстары кең көлемде жүргізілмей келе жатқандығы мал шаруашылығын өркендетуге оралғы да кедергі болып отыр. Миллиондаған гектар жайылым тек суландырылмағандықтан мал шаруашылығы кәдесіне жаратылмай, босқа жатыр. Жемшөп қорын нығайту, осыған байланысты жайылымдарды, шабындықтарды

жақсарту, шөп егу, жайылымдарды суару, суландыру мәселелері жыл сайын сөз болады. Не пайда, бұл әлі өзінің тиянағын таппаған осал мәселелер болып келеді. Республиканың Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, Су шаруашылығы жоғары басқармасының, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылары сөзден нақты іске көшіп, жемшөп қорын нығайту, жайылымдарды суландыру мәселелерін тез де батыл шешуге міндетті.

Рас, тың игеру жорығы басталғаннан бері қарай бізде аса бағалы дақыл жүгері егуге көңіл бөліне бастады. Оның егіс көлемі жылдан жылға ұлғайып та келеді. 1959 жылы республика бойынша 1 миллион гектардан астам жүгері егілді, көптеген колхоздар мен совхоздар дәл күйінде, сол сияқты көк шөп күйінде мол өнім жинады, орта есеппен әрбір сиырға 9 тонна сүрлем салынды. 1960 жылы жүгері егісінің көлемі 2,1 миллион гектарға жеткізілуге тиіс. Бұған осы бастан жанжақты даярлық жасаған жөн. «Біздің елде, — дейді Н. С. Хрушев жолдас, — ет және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өндірудің мүмкіндігі мол. Бірақ бір шарт бар, онсыз бұл мүмкіндіктерді толық пайдалану туралы ешқандай сөз болуы мүмкін емес. Мұндай шарт — жемшөп қорын онан әрі нығайту, ең алдымен жүгері өндіруді арттыру болып саналады». Еліміздің атакты механизаторлары Гиталов пен Мануковский жолдастардың тәжірибесін қолдана отырып, жүгері егуді, оның дәні мен көк шөбін өндіруді жаппай механикаландыруға жетуіміз керек.

Екіншіліктегі жұмыстардың басым көпшілігі машинамен атқарылады. Ал мал шаруашылығына келетін болсақ, істің жайы бұдан басқаша. Мұнда механикаландырудың дәрежесі төмен, ол ең бір артта қалып қойған осал учаске. Малды суару, құдықтан су тарту, қорадан көң шығару тағы басқа толып жатқан жұмыстар бізде әлі күнге дейін атам заманғы әдіспен қолмен істеледі. Республика бойынша жайылымдағы толып жатқан шегенді құдықтан су қолмен тартылады. Тарбағатай ауданының мал отарларында 60 құдықтың төртеуі ғана механикаландырылған. Бір фермадағы 30 — 40 мың қойды суару үшін қаншама жұмыс қолы керек! Бізде кейбір мал шаруашылығы өнімдерінің түсер құны жоспарлы мөлшерден жоғары болуының негізгі төркіні міне осында жатыр.

Жетіжылдық жоспар бойынша республикамызда мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру бағытында үлкен қадам жасалуы керек. Фермаларда құдықтан су тарту 70 процент, сиыр сауу 80 процент, қой қырку 100 процент машинаның күшімен атқарылуға тиіс. Мал шаруашылығын бүгінгі күннің талабына сай өркендету, механикаландыру жөнінде белгіленген шараларды тегіс жүзеге асыруды керек етеді. Жабдықтау ұйымдары колхоздар мен совхоздарға мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды машинамен атқаруға қажетті құрал-саймандарды керемінше әкеліп отырулары керек. Сонымен бірге мұндай техниканы республиканың өзінде жасап шығаруды ойластырған жөн.

Партия бізді шаруашылықты ұқыпты, экономикалық жағынан ұтымды етіп жүргізуге үйретіп келеді. Бұл жөнінен әрбір ауданның табиғи-экономикалық жағдайына қарай мал шаруашылығын өркендету бағытын дұрыс белгілеудің маңызы ерекше. Бізде ауыл шаруашылығы саналуан салалы. Сүт, ет үшін ірі қара мал, биязы, биязылау, ұяң жүнді қойлар, ет, елтірі бағытындағы қойлар, шошқа, құс, түйе, бұғы, марал өсіріледі. Оның үстіне 60 шақты ауылшаруашылық дақылдары егілетіні тағы өз алдына. Бір жерде осы малдың бәрін бірдей өсіру қолайлы емес, экономикалық жағынан тиімді бола бермейді. Мәселен, Гурьев облысында сауын малын өсіру, сол сияқты солтүстік облыстарда қаракөл қойын өсіру онша қолайлы да тиімді емес. Қазір

республикамыздың солтүстік өңіріндегі негізгі астықты аудандар сауыя малын, биязы, биязылау жүнді қойды өсіруге; ал шөл және шөлейт аймақтағы аудандар ет малын, биязылау жүнді, ет, қаракөл бағытындағы қойды өсіруге бейімделуде.

Жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдары әрбір колхоз бен совхоздың шаруашылық бағытын белгілегенде оның әрқайсысының жай-жағдайын, ерекшелігін, экономикалық жағынан тиімділігін мықтап еске алып отырулары қажет.

Қазақстан жағдайында мал санын көбейтудің, оның өнімділігін арттырудың зор резервтері бар. Соның бірі малды жайып семірту жолымен ет өндіруді молайту. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар жазда малдың жайлы қонысын тауып, бұл жұмысты тыңғылықты ұйымдастырды. Бірақ аудандардың бірсыпырасында осындай зор мүмкіншілік пайдаға аспай келеді. Республиканың мал өсірушілері ірі қараны қыста бордақылау есебінен кемінде 300 мың центнер сиыр етін алып, оны 1960 жылы мемлекетке тапсыруды ұйғарды. Бұл жақсы бастама. Әрбір колхоз бен совхоз басшысы малды қыс кезінде бордақылаудың нәтижелі болуына күнделікті зер салып отыруға міндетті.

Қойды қыста және ерте көктемде қоздату, саулықтарды қолдан ұрықтандыру, оған «СЖК» препаратын пайдалану, сиырды бұзауын емізбей сауу сияқты тәжірибе жүзінде де, ғылым жүзінде де пайдасы зор екені дәлелденген озық әдістерді мал шаруашылығында кеңінен қолдану керек. Қойды қыста және ерте көктемде қоздату тәсілінің бір өзі ғана республика бойынша қосымша мыңдаған қозы алуға мүмкіндік береді. Үлкен резерв деп міне осыны айтады. Бірақ қой қоздатудың бұл әдісі жемшөбі мол дайындалып, қора-жайы сайланған жерлерде ғана жақсы нәтиже береді.

Жетіжылдықтың екінші жылында — 1960 жылы Қазақстанның мал шаруашылығы алдына бұрынғыдан да көлемді, бұрынғыдан да мәні зор міндеттер қойылып отыр. Келесі жылы республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке кем дегенде 600 мың тонна ет, 86 мың тонна жүн, 900 мың тонна сүт тапсыруы керек. Демек, бүкіл партия, совет, комсомол, кәсіподақ органдарының барлық ұйымдастыру, саяси, бұқаралық, үгіт жұмыстары осы міндетті абыроймен орындауға бүтіндей бағындырылуы шарт.

Қылышын сүйретіп қыс келді. Мал шаруашылығындағы өте жауапты да қиын кезең — осы мал қыстату. Малды қолға қаратуға көптеген аудандар даярлықсыз кірісті, оның зардабы қыстың алғашқы күндерінде байқала бастады. Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеттерінің жақында өткен пленумдары «Республиканың колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірліктің қанағаттанғысыз екендігі туралы» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысын талқылады. Онда мал қыстатуға бұл облыстарда әзірліктің нашар болғаны анықталды. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының көптеген колхоздары мен совхоздарында мал жемшөппен жартылап қана қамтамасыз етілген. Малдың қора-жайы жеткілікті емес. Әсіресе жемшөпті қыстауларға тасу, фермаларды сумен жабдықтау, жемшөпті малға алдын ала ұқсатып беру жұмыстарының олқылығы көп. Фермаларды кадрлармен толықтыру үшін коммунистер мен комсомолецтер өте аз жіберілген. Жедел шара қолданылмаса, қыста мал шығыны тағы да көбейіп кетіп, ол мал шаруашылығына үлкен нұқсан келтіруі ықтимал.

Шығыс Қазақстан облысының фермаларында да малды қолға бағуға әзірлік мардымсыз болды. Жемшөп тиісті мөлшерден кем дайындалды, қора жетіспейді, құдық аз. Егіннің сабан-топанын жинап алу тиянақты ұйымдастырылмаған. Малшылардың тұрғын үйлері жөнделмеген.

Мал қыстату, әсіресе Новоресей, Степной, Еркіншілік, Макин, Шың-

ғырлау аудандарында нашар өтіп келеді. Жылдағыдай биыл да шалғай отарларда мал көп қыстатылып жатыр. Бірақ соған қарамастан Қызылорда, Алматы, Ақтөбе облыстарының қысқы жайылымдарында жемшөптің сақтық қоры толық жасалған жоқ.

Мал қыстатудың осындай нашар күйге ұшырауына, ең алдымен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі (министрі Рогинец, оның орынбасары Дияров жолдастар) кінәлі. Өйткені министрлік мал шаруашылығына бұрынғысынша нашар басшылық етеді. Олардың басшы қызметкерлері кезек күттірмейтін мәселелерді шешуде инициатива, қажырлылық көрсетпей келеді. Министрлікте істейтін мал мамандарының көпшілігі колхоздар мен совхоздарға барып, қолма-қол көмек көрсетудің, жанды ұйымдастыру жұмысын жүргізудің орнына кабинеттен айналшықтап шықпайды, олар уақытының денін ұзын сонар, ұшы-қиыры жоқ мәліметтер жасаумен, ақпар жинаумен өткізеді.

Қыстың алғашқы күндерінен бастап малдың қолда бағылатын кезеңі үлгілі өткізілуге тиіс, кемшіліктерді асқындырмай, жедел де батыл түзетуге барлық шараларды қолданбаса болмайды. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мөлшерін күрт арттыру мүддесі тек осыны қерек қылады. Кәзір облыстық партия комитеттері, облыстық совет атқару комитеттері, аудандық партия комитеттері мен аудандық совет атқару комитеттері әрбір ферма бойынша істің жайын терең зерттеу арқылы анықтап білуге, жетіспейтін жемшөптің орнын толтыру, қораларды жылылау, фермаларды қызметкерлермен толықтыру жөнінде нұсқау беру, қағаз жазудан гөрі нақты шаралар қолданылатын болсын.

Малшы еңбегі ерекше құрметтеуге тұрарлық абыройлы да қиын еңбек. Олар қысы-жазы бірдей малдың қамын ойлап, «жарғақ құлағы жастыққа тимей» жұмыс істейді. Малшылардың жемісті еңбек етуі оларға мәдени-тұрмыс жағынан жағдай жасауға тікелей байланысты екені мәлім. Бірақ жасыратыны жоқ, бұл жөнінде олқылық та, жауапсыздық та бар. Малшыларға азық-түлік, өнеркәсіп товарларын сауда орындары уақытында апарып сатып отырмайды. Мәдениет орындары малшыларға соңғы шыққан кинокартиналарды көрсетпейді, денсаулық сақтау, байланыс мекемелерінің жұмысында да кемшіліктер бар. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақстан тұтынушылар одағы, мәдениет, байланыс, оқу министрліктері және олардың төменгі орындары малшылардың, әсіресе мойны қашық мал отарларында істейтін адамдардың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуге әрдайым мұқият қарап отырулары керек. Бұл мәселе партия, совет ұйымдарының көзінен ешбір таса қалмауға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы елімізде коммунистік құрылыстың аса маңызды мәселелерін — ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің іргелі мәселелерін қарап шешеді. Мұның Отанымыздың күш-қуатын онан әрі арттыру ісінде, халықтың тұрмыс жағдайын онан әрі жақсарту беру ісінде орасан зор маңызы бар.

Малшаруашылық өнімдерін онан әрі көп өндіруге, мал санын үздік арттырып, 1960 жылы жаңа табыстарға жетуге барлық күш мүмкіншілікті жұмсайық!

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы қарсаңында

Қой өсірудің құнды тәжірибесі

А. ҚАЙСАҚАНОВ,

Гурьев облыстық Советі атқару комитетінің председатели

Гурьев облысының малшылары өнеркәсіпке шикізатты, халыққа азық-түлікті мол беру жолында жорыққа аттанып, аянбай еңбек етіп келеді. Жетіжылдықтың тұңғышы — 1959 жылы да олар осы жорықта алғашқы жетістіктерге ие болды. Колхоз, совхоздардың қоралы қойы, үйірлі жылқысы, табын-табын сиыры, басқа түліктері бұрынғыдан көбейе түсті. Ірі қара мен қой-ешкі өсірудің мемлекеттік жоспары асыра орындалды. Соның нәтижесінде бұл түліктер жөнінде қабылданған социалистік міндеттемелер де абыроймен орындалып отыр.

Малдың саны көбеюмен қатар, оның өнімділігі де молайды. Ал мұның өзі мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін едәуір көп беруге мүмкіндік жасады. Ет өткізудің жылдық жоспары 139 процент орындалды. Былтырғымен салыстырғанда 10 мыңнан астам тонна ет артық берілді. Жүн сатудың жоспары да асыра орындалып отыр. 5 100 центнер жүн 1958 жылғыдан артық сатылды. Елімізге сапалы қаракөл елтірісі мейлінше көп берілді.

Мұның бәрі облыс партия, совет ұйымдарының жыл бойы жүргізген саяси-көпшілік, үлкен ұйымдастыру жұмыстарының, мал шаруашылығына басшылықты бұрынғыдан жақсартып түсуінің нәтижесінде жүзеге асырылып отырғаны ақиқат. Фермалардағы жұмыстың қиын да жауапты буындарына коммунистер, комсомолецтер, жергілікті Советтердің депутаттары жіберілді. Олар партия мен үкімет алға қойған міндеттерді, берген сертті орындауда қалың бұқараны сонынан ертіп, оларға жанқиярлық еңбектің үлгісін көрсете білді. Көптеген ауылдық, поселкелік Советтер мал шаруашылығының төл алуға әзірлік, оны өткізу, мал қыстатуға даярлық, пішен дайындау, қора-жайды жөндеу, жаңадан салу сияқты жұмыстарының үлгілі атқарылуын нақты ұйымдастырды, бұл жөнінде ерекше іскерлік көрсетті. Бақсай ауданының Забурн ауылдық Советі (председатели Сафи Қалдыбаев жолдас), Новобогат ауданының Қаттыкөл поселкелік Советі (председатели Кабен Киреев жолдас) малдың санын көбейтіп, өнімділігін молайту, сөйтіп, ет, сүт, майды мемлекетке көп сату, өнімдердің түсер құнын кеміту, еңбек өнімділігін еселеп арттыру жолында ұйымдастыру—бұқаралық жұмысты неғұрлым ширақ жүргізді. Соның нәтижесінде бұл ауылдық, поселкелік Советтердің қамтуындағы колхоздар мен совхоздар ауылшаруашылық жылын жақсы табыспен аяқтады.

Қой шаруашылығы — облыс ауыл шаруашылығының жетекші саласы. Биыл қой-ешкінің саны едәуір көбеюіне төл өсіруде бірсыпыра аудандардың, көптеген шаруашылықтардың, жеке шопандардың тамаша табысқа жеткендігі үлкен себепші болғанын айта кету керек. Еспол ауданында орта есеппен әрбір 100 саулықтан 121 қозы, Бақсай ауданында 112 қозы өсірілді. Бұл айтуға жеңіл болғанымен, бүтіндей аудан бойынша қозы алу жөнінен осындай жоғары көрсеткішке ие болу онша оңай шаруа емес. Еспол ауданында Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаты Сағидолла Құбашев жолдас басқарған «Передовик» колхозы 11 мың саулықтың әрбір жүзінен 146 қозы алды. Бақсай қаракөл қой совхозының коллективі де қозы өсіру жоспарын 127 процент орындалды.

Бұрын-сонды болмаған үздік табысқа жетіп, жұртшылықты таң қалдырған шопандардың қатары көбейді. Мысалы, осы колхоздың жас шопаны Сәкен Дәулетқалиев өз карауындағы саулықтардың әрбір жүзінен 1957 жылы 133, 1958 жылы 150 қозы өсірген болса, биыл 165 қозыдан алды. Енді ол еліміздің атақты малшысы Малашенконың озық тәсілін кең қолданып, алдағы жылы әрбір 100 саулықтан кемінде 180 қозы өсіремін деп серт етіп отыр.

Маңғыстау ауданында Чапаев атындағы колхоздың қой фермасының меңгерушісі О. Төлешев социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін барлық шопандардың асыра орындауын қамтамасыз етті. Мұнда алынған қозы әрбір 100 саулыққа орта есеппен 112-ден келеді. Әрбір қойдан 3 килограмм жүн қырқылды, етке өткізілген қойлардың әрбіреуінің тірідей салмағы 65 килограмм тартты. Осы ауданның партияның XIX съезі атындағы колхозында қойшы Әбдешев етке өткізген ісек қойлардың әрқайсысының салмағын орта есеппен 75 килограмға жеткізді.

Сондай-ақ атақтары бүкіл республикамызға жайылған шопандарымыз Социалистік Еңбек Ерлері Махамбет Есенбаев, Оңғарбай Құлшықов, Имаш Шәкенов, Шотан Бергенов тағы басқалары да үздік табысқа жетті. Мысалы, Бергенов жолдас Малашенконың әдісін қолдана отырып, әр 100 саулықтан қыста 160 қозыдан алды.

Қозыны көп өсірудің сыры неде? Табыс кілті — ең алдымен партия, совет, ауылшаруашылық органдарының колхоздар мен совхоздарда саулықтарды қолдан ұрықтандыру әдісін кең қолданып, қойды қыста және ерте көктемде қоздатуға көшу мәселесін батыл қоя білгендігінде болып отыр. Қойды бұлай қоздатудың экономикалық шаруашылық жағынан зор пайдасы бар. Озық шаруашылықтардың, таңдаулы шопандардың тәжірибесіне қарағанда, август—октябрь айларында шағылыстырылған саулықтар қысыр қалмайды, олардың егіз, тіпті үшеуден қоздайтындары көп болады, демек, әр 100 саулықтан алынатын төл саны едәуір арта түседі. Сонымен бірге ерте туған қозылар шілденің ми қайнатар ыстығына дейін өсіп, жетіледі де, күнсоқты болмайды, қыс айына әбден марқайып келеді. Оның үстіне мұндай қозылардың салмағы күзде басқалардан гөрі 10—15 килограмм ауыр тартады, жүнді екі еседей көп береді.

Бірқатар колхоз председателдері, совхоз директорлары бұл жаңа әдісті қолдануға батыл кіріскенін атап өтуге болады. Соңғы жылдары бізде қойды қыста және ерте көктемде қоздату әдісі кең қолданыла бастағанын мына фактілерден аңғару қиын емес.

Облыс бойынша август—октябрь айларында күйектен шығарылған саулықтан мынадай мөлшерде қозы алынып отырды:

жылы	саулық саны	әр 100 саулықтан алынған қозы саны
1958	100 мың	114
1959	153 мың	115

Біз қой шаруашылығында бұл әдісті алдағы уақытта да кең қолданамыз. Биыл 181 мың саулық күйектен ерте шығарылды.

Бүкіл облыс бойынша, сондай-ақ маңдайалды шаруашылықтардың қол жеткен табыстары, олардың соңғы екі-үш жылда ие болған тәжірибесі қойды қыста және ерте көктемде қоздатудың тиімді екенін көрсетті. Бұл жерде айта кету керек, қой қоздатуының бұл әдісі фермаларда берік жемшөп қорын жасамайынша, жылы, жайлы қора болмайынша, өз міндетіне ұқыпты қарайтын малшылар іріктеп алынбайынша ойдағыдай нәтиже бермейді. Онысыз бұл озық әдісті қолдану шаруашылыққа пайда келтіру орнына ойсыраған олқылыққа ұшыра-

туы да ғажап емес. Ал кейбір колхоз, совхоз, тіпті жеке аудан басшылары осындай жағдай жасауды қиынсынып, қойды қыста және ерте көктемде қоздату әдісін қолданудан ат тонын ала қашады. Бұл әдістің жақсы нәтиже беретініне күмән туғызатындар да бар, өйткені олар жаналықтан қорқады, одан бойын аулақ салады, үйренген, дағдыланған, кәзіргі талапқа сай келмейтін көне әдістерден жармасып айырылығысы келмейді.

Жаңалыққа тоңмойындыкпен қарау Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінде, әсіресе мал шаруашылығы жоғарғы басқармасында орын алып отыр ғой деп ойлаймыз. Қойды қыста және ерте көктемде қоздату әдісін кеңірек қолдануды министрліктің қызметкерлері қолдап отырған жоқ. Ал расында бұл әдісті оңтүстік облыстарда да, тіпті малы қыста қолда бағылатын солтүстік-шығыс облыстарда да, тиісті жағдай жасағанда, қолдануға әбден болады. Мұның өзі республика бойынша бірнеше мың қозыны қосымша алуға мүмкіншілік берер еді.

Облыс мал шаруашылығының болашағы зор. Жетіжылдық жоспарға сәйкес 1965 жылы бізде қой саны 3 миллион 250 мың, сиыр саны 144 мың, жылқы — 98,6 мың, түйе — 60 600, құс — 160 мың басқа жеткізілуге тиіс. Сол сияқты мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы мөлшері де едәуір арттырылады. Облыстың колхоздары мен совхоздарында өндірілетін ет 74 500 тонна, сүт 51 500 тонна, жүн 9 мың тонна, қарақол 337 мың дана болуы керек.

Алда тұрған бұл міндеттерді орындау мүддесі мал шаруашылығына партия, совет ұйымдарының басшылығын мықтап жақсартуды талап етеді. Бізде кемшіліктер де көп. Малды асылдандыру ойдағыдай емес, соның салдарынан мал шаруашылығының өнімділігі төмен болып келеді. Малдың шығыны әлі де бар. Кәзір біз мал қыстатуды жақсы өткізуге барлық назарымызды аударудамыз.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету, оның өнімділігін арттыру, ет, сүт, майдың және басқа өнімдердің молшылығын жасау мал басындағы адамдардың қолында. Мал шаруашылығындағы істің табысты болу тағдырын солардың жұмысы шешеді. Міне сондықтан да біз малшыларға, әсіресе теңіз жағасындағы, Нарындағы, Тайсойғандағы, Қарақұмдағы, Самдағы отарда жұмыс істейтін қойшыларға, жылқышыларға мәдени-тұрмыс жағынан жағдай жасауға көңіл бөлудеміз. Мысалы, Самда малшылардың балалары оқитын мектеп-интернат, сондай-ақ 25 төсектік емхана, магазин жұмыс істейді.

Малшылардың тұрмыс қажетін өтеу мақсатымен көшпелі мастерской ұйымдастырғалы отырмыз. Мұндай мастерской қызметкерлері арасында шалғай отардағы адамдардың іс машинасын, сепараторын, радио қабылдағыштарын жөндейтін, етік жамайтын шеберлер болады. Мұндай көшпелі мастерскойларды жақын арада тиісті құралдармен жабдықтап, шеберлермен толықтырамыз да, оларды мал отарларын аралап, жұртшылыққа қызмет етуге жібереміз.

Мал отарларында тұтынушылар одағы сауда жұмысын өте нашар жүргізеді. Малшыларға мақта-маталары, барқыт сияқты қажетті заттар тым аз апарылады. Сауда қызметкерлері бұл күндері халықтың керек етіп отырған товарларын алдын-ала есепке алмайды. Қазақстан тұтынушылар одағы шалғайдағы мал отарларында дүкен, қойма салуға қаржы бөлмейді, сондықтан облыс орталығынан апарылған кейбір товарлар сақтайтын қолайлы орын болмағандықтан бүлінеді.

Мал шаруашылығын онан әрі дамытып, өнімділігін арттыру ісінде жайылымдарды суарудың, суландырудың үлкен маңызы бар екені мәлім. Өйткені берік жемшөп қорының жасалуы да осыған байланысты. Бірақ айта кету керек, республика су шаруашылығының жоғары басқармасы біздің облысымызда жайылымдарды суландыру жұмысын

әлі күнге дейін өрістете алмай келеді, соның салдарынан бізде 9 миллион гектар жайылым су болмағандықтан игерілмей, мал шаруашылығының кәдесіне жаратылмай, босқа қалып келеді.

Орындалуға тиісті су шаруашылық жұмыстары кезек күтіп жатыр. Облыста Аралтөбе каналын салу, Ойыл суару жүйесін қайта құру, Нарын суландыру жүйесін бітіру, Жайықтың арғы бетіндегі жерді суландыру үшін Құрайлы сайды қалпына келтіру міндеттері алда тұр.

Мұнай өңдеу заводының қалдық суын мал шаруашылығына жарату үшін арнаулы канал салынған еді. Бірақ оның суы маз емес, сондықтан бұл каналды ұзартып, кеңейту керек. Бұл үшін осы бастан даярлық жүргізу керек. Биыл ол жөніндегі барлау, іздестіру жұмыстары бітіп, келесі жылы құрылысты салу қолға алынуға тиіс. Бірақ мұны ойлап отырған республика Су шаруашылығының жоғары басқармасы жоқ.

КПСС Орталық Комитетінің алдағы декабрь Пленумына байланысты мал шаруашылығын өркендетуге қатысты кейбір пікір-ұсыныстар айтуға тура келеді.

Біздің пікірімізше, мемлекетке ет үшін мал тапсырғанда жас малдың еті кәрі-кұртан малдың етінен көрі артық бағамен қабылдануға тиіс. Өйткені жас малдың еті сапалы, дәмді келеді. Оны шандыры көп, адамның тісіне қатты тиетін кәрі малдың етімен тең қойып бағалау, дұрыс болмайды. Ерте туған қозылар күзде 40—45 килограмм салмақ тартады. Олардың бойдағын сол жылы етке өткізу пайдалы.

Енді бір мәселе жылқы еті жөнінде. Осы уақытқа дейін жылқы ет үшін тапсырылғанда қазысы мен қартасы оның басқа етімен бірдей қабылданады. Мұны да өзгерту керек деп санаймыз. Тұрғын халық қазы мен қартаны ерекше бағалайды, мұны ескере отырып, оған бағаны, жылқының басқа етінен гөрі жоғарырақ белгілеу керек.

Партияның XXI съезінің тарихи шешімдерінде үстіміздегі жетіжылдықта еңбек өнімділігін колхоздарда 2 есе, совхоздарда 60—65 процент арттыру міндеті алға қойылды. Бұл міндетті орындауда ауыл шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың маңызы ерекше. Бізде құдықтан су тарту, малға жемшөпті өңдеп беру, қорадан көң шығару жұмыстары осы уақытқа дейін қолмен атқарылады. Бұл жұмыстарды машинамен істеу үшін арнаулы жабдықтар бізге жіберілмейді, колхоздар мен совхоздарды цистерналы автомашинамен қамтамасыз ету мәселесі осы уақытқа дейін шешілмей келеді. Мал шаруашылығындағы жұмысты механикаландыру жайының нашарлығы республика жоспарлау комиссиясының, ауыл шаруашылығы министрлігі мен ауылшаруашылық ғылым академиясының кінәсінен деп білеміз. Өйткені ондағы басшы жолдастар мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жайында көп айтады, бірақ олардың колхоздар мен совхоздарға көмек боларлықтай тындырып отырған нақты ісі аз.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы еліміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің аса маңызды мәселелерін талқылап шешкелі отыр. Мұның елімізде коммунистік қоғам орнатудың кең өрістетілген кәзіргі дәуірінде Отан үшін өмірлік маңызы бар. Мұны Гурьев облысының малшылары жақсы біледі, сондықтан олар пленумды еңбекте жана табыстармен қарсы алады, жетіжылдықтың теңдесі жоқ, зор міндеттерін абыроймен орындауға, сөйтіп, жан басына ет, сүт, май өндіру жағынан Америка Құрама Штаттарын қуып жету жолындағы бүкілхалықтық іске өздерінің лайықты үлесін қосады.

Сарысу мал өсірушілері сертіне берік

Н. ЖОЛАМАНОВ,

Қазақстан КП Сарысу аудандық комитетінің секретары

Партиямыздың тарихи ХХІ съезі қабылдап, бүкіл еліміз жүзеге асырып жатқан жетіжылдық жоспар бойынша біздің аудан еңбекшілерінің алдында егіншілік мәдениетін арттырып, астық молшылығын жасаумен бірге, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру міндеттері тұр. Партия ұйымдары аудан еңбекшілерінің осы міндеттерді орындау жолындағы социалистік жарысын кеңінен ұйымдастырды.

Сарысу — мал шаруашылықты аудан, біздегі басты түлік — қой. Кәзір біздің шаруашылықтарда 300 мыңға жуық қой бар. Бұл біздің мал өсірушілердің алған міндеттемелерінен әлдеқайда артық. Қой төлден өседі. Біздің шопандар биыл төлді өткен жылға қарағанда 35 процент артық өсірді, орта есеппен әрбір 100 саулықтан 106 қозы алынды. Мал басын өсіру жоспары қойдан 105 процент, жылқыдан 100 процент, сиырдан 97 процент, шошқадан 129 процент, құстан 109 процент орындалды.

Қой өсіруде Жайылма Түркстан совхоздарының малшылары елеулі табыстарға жетті. Жайылма совхозында (директоры Жұмашев, партия ұйым секретары Тұрабаев жолдастар) әрбір 100 саулықтан 112-ден қозы өсірілді. Төл өсіру жөнінде коммунист Доспанов жолдас басқаратын № 1 ферманың жұмысын ерекше айтуға болады. Мұнда орта есеппен әрбір 100 саулықтан 124-тен қозы алынды. Мұндағы озат шопандар коммунистер Тажаяков, Аққошқаров, Сырттанбеков жолдастар әрбір 100 саулықтан 130 — 135 қозы алды.

Ауданымызда мұнан да көрнекті табыстарға жеткен шопандар бар. Мысалы, озат шопандар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ақынбаева Рым әрбір 100 қаракөл саулықтан 132-ден, Малдыбаев 140-тан, Ерубаяев—122-ден, Жетпісбаев—136-дан, Қалдыбаев, Әмірбеков—122-ден, Досаев—126-дан, Әлиев—140-тан, Мұстапаев —138-ден қозы алды. Мал өсірудің бұл шеберлері аудан еңбекшілерінің қой өсіру жөнінде алған міндеттемесін орындау күресіне үлкен үлес қосты.

Аудан еңбекшілері Рязань мал өсірушілерінің елімізде ет молшылығын жасау жолындағы бастамасына қосыла отырып, бұл жөнінде де едәуір жұмыстар істеді. Биыл біздің совхоздар мемлекетке 28 320 центнер ет сатты. Мұның тең жартысына жуығы жоғары сортты семіз қой еті. Биылғы тапсырылған ет өткен жылғыдан біржарым еседей көп. Биыл совхоз жұмысшылары мен қызметкерлері өздерінің жеке меншігіндегі малдарынан мемлекетке 7,5 мың центнердей ет сатып, патриоттық үлгі көрсетті. Мұның өзі 14 мың бастай қоғамдық малды үнемдеп қалуға мүмкіндік берді.

Етті молайтуда, оның түсер құнын арзандатуда мал семіртудің маңызы зор. Біздің шаруашылықтарымыз малды жайып семірту ісін бұрынғыдан жақсы жолға қоя бастады. Мысалы, Жайылма совхозында етке тапсырылған әрбір ірі қараның салмағы 350 килограмнан, қойдың орта салмағы 60 килограмнан болды. Ал, Коммунар совхозы-

ның Шыныбеков жолдас басқаратын № 4 ферманың шопандары мемлекетке ет үшін тапсырылған 1 112 қойдың әр қайсысының салмағын 72 килограмнан өткізді. Осы ферманың шопаны Уәлибеков жолдас өз отарындағы 500 қойдың әрқайсысын 80 килограмнан семіртеп тапсырды.

Шопандардың жазда жайылымды дұрыс пайдалана білуі, қыста қолдағы малды жақсы күтуі, малдың судан кенде болмауы табыстың кепілі болды. Мәселен, Шыныбеков жолдас басқаратын ферманың шопандары жаздың ыстық күндерінде сона, шыбын-шіркейдің қалың кезінде қойды түнде жаю әдісін қолданады. Өйткені күндізгі ыстықта мал жайылмай үйездеп, жатып қала береді, ал Сарыарқаның түнгі салқынында қой жақсы өрістеп жайылады. Сонымен қатар олар зоотехникалық, малдәрігерлік шараларды үнемі жүргізіп отырады.

Мал семіртудің бұл тиімді тәсілдерін басқа совхоздардың мал өсірушілері де қолданып отырады. Осының арқасында мемлекетке ет сату ісіне игілікті үлес қосқан озат шопандарымыз, бакташыларымыз аз емес.

Арық малды, жас төлді етке өткізу мал басын өсіруге, мемлекетке көп зиян тигізеді. Сондықтан біз төлдейтін малды, сондай-ақ арық, жас төлдерді етке өткізуге мүлде тыйым салу шараларын белгіледік. Біздің совхоздар ірі қараның төлдерін 2 — 2,5 жасқа дейін өсіріп, семіртеп өткізетін болды. Мұның өзі қоғамдық малды, әсіресе төлдейтін малды жедел көбейтуге мүмкіндік беріп отыр.

Біздің ауданда үстіміздегі жеті жыл ішінде қойдың ұзын санын бір миллионға жеткізу жобаланып отыр. Сондықтан да бізде қой шаруашылығына ерекше көңіл бөлінуде. Аудандық комитет шопандарды іріктеуге назар аударып отырады. Совхоздарда шопандар жыл сайын жастар есебінен толықтырылып тұрады. Қазір 56 коммунист, 220 комсомол шопан және шопанның көмекшісі болып істейді.

КПСС мүшесі мен кандидаты қатарына биылғы жылы қабылданған 83 адамның жартысына жуығы шопандар. Бұл жөнінде Коммунар, Жайылма, Сарысу совхоздарының партия ұйымдары комсомол-жастар арасында тәрбие жұмысын жақсы жүргізді.

Ауданымызда малшыларға, әсіресе, шалғай жайылымдағы шопандарға мәдени қызмет ету ісі де жақсарып келеді. Олардың мәдени-рухани тілектерін қанағаттандырып отыруға көңіл бөлеміз. Қазір мәдениет мекемелерінің саны көбейіп келеді. 6 кинокондырғы, 2 автоклуб, 4 қызыл отау, 15 қызыл мүйіз, 6 көшпелі кітапхана мал өсірушілердің арасында жұмыс жүргізеді. Мұнымен бірге мал өсірушілердің көпшілігінің-ақ өздерінің де радиоқабылдағыштары, шағын кітапханалары бар.

Аудандағы мәдени-ағарту мекемелері мал өсірушілерге арнап концерт, ойын көрсетіп тұрады. Ауданда малшыларға қызмет көрсететін 3 автодүкен, 17 тұрақты дүкен жұмыс істейді. Мұнан басқа әрбір совхоз орталықтарынан, аудан орталығынан жеке шопандардың атына сәлемдемелер жіберіліп тұрады. Мысалы, жақында озат шопан Тажаяков Ақметжанның семьясы совхоз дирекциясынан посылка алды. Оның ішінде радиоқабылдағыш, түбіт орамал, түрлі мата, көптеген әдебиет кітаптары бар. Мұндай сәлемдемелерді Сағындықов және басқа шопандардың семьялары да алды.

Малшыларға қамқорлықты күшейту мақсатында Мойынқұмнан, Шу, Талас өзендері бойындағы жайылымдардан үлгі жоба бойынша жарық, кең үйлер салынуда. Бұл жерлерде биылдың өзінде 60 малшыға арналып үй салынды.

Мал өсірушілерді қажырлы еңбекке жұмылдыруда үгіт-бұқаралық жұмыстың маңызы зор. Аудандық партия комитеті осыны ескеріп, мал отарларында үгіт-бұқаралық жұмысты жандандыра түсудің ша-

раларын үнемі жүзеге асырып отырады. Ауданның партия ұйымдарында кәзір 45 үгіт коллективі бар, оларда 500-ден астам үгітші жұмыс істейді.

Ауданның Жайылма, Сарысу, Байқадам совхоздарында үгіт көпшілік жұмысы бұрынғыдан жақсарып келеді. Мұнда көрнекі үгіттің әсерлі болуына да көңіл бөлінген. Клубтарда, үгіт пункттерінде, қызыл отауларда әңгіме, лекция, баяндама жиі өткізіліп тұрады.

Ауданда саяси баяндамашылар, лекторлар тобы жұмыс істейді. Олар соңғы екі айдың ішінде совхоз жұмысшылары мен мал өсірушілері арасында 120 баяндама және лекция өткізді. Мысалы, Коммунар совхозы партия ұйымының секретары Бекенов жолдастың «КПСС Уставы — партия өмірінің негізгі заңы», аудандық партия комитетінің секретарьлары Қамбаров және Жұмаділов жолдастардың партияның ХХІ съезінің шешімдері және мал өсірушілердің міндеттері туралы жасаған баяндамалары жұртшылықты қатты қызықтырды.

Біздің мал жайылым учаскелерімізде 12 партия тобы жұмыс істейді. Оларда 154 коммунист бар. Коммунистер мал өсірушілер арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізіп отырады. Жайылма совхозының № 4 фермасындағы партия тобының жұмысын атап айтуға болады. Бұл партия тобында 13 үгітші жұмыс істейді. Партия тобының жетекшісі Көденев жолдас әрбір он күн сайын үгітшілердің кеңесін өткізіп, онда үгіт-насихат жұмысының әдістері мен тәсілдері, міндеттері туралы кеңінен пікір алысып отырады. Осындай бір кеңесте коммунист үгітші Тажаяқовтың тәжірибесі талқыланып, мақұлданды. Коммунист шопан Тажаяқов жолдастың өз жұмыс тәжірибесі жөнінде өткізетін әңгімесінің негізгі желісі: мал баққанға бітеді, жатар орын — жарты күрсақ, ай-айдың оты басқа, жыл мезгілінің суы басқа, мал семізі қойшыдан, міндеттеме алдың ба орында — деген бөлімдерден тұрады. Тажаяқов жолдас осы әңгіме-баяндамасын совхоздың барлық фермаларында да өткізді. Аудандық партия комитеті Тажаяқов жолдастың тәжірибесін басқа шаруашылықтарға да тарату мақсатын көздеп отыр. Бұл үшін озат шопанның өзі бірсыпыра совхоздардың фермаларын аралайды, сонымен бірге басқа шаруашылықтардан Тажаяқов жолдастың фермасына өкілдер келіп, оның тәжірибесін үйренетін болады.

Малшылар арасында партиялық-ұйымдастыру, көпшілік-саяси жұмыстарын мұнан былай да ширата түсу керек. Кәзірдің өзінде партия ұйымдары әрбір шаруашылықтың алдағы жылы — жетіжылдықтың екінші жылы шығуға тиісті белесін көрсетіп, еңбекшілер бұқарасын осы нысананы жеңіп алу үшін күреске жұмылдырып жатыр. Келер жылы ауданда қойдың саны 337 520-ға жетуге тиіс. Бұл үшін әрбір 100 саулықтан кемінде 105-тен қозы алу керек. Бұл міндетті табысты орындаудың негізі биыл — кәзір қаланып жатыр. Біздің совхоздар биыл күйек алу науқанын жақсы ұйымдастырды, СЖК препараты кеңінен қолданылды.

Мұнымен бірге ауданымызда қойды ерте қоздату тәжірибесі соңғы 1 — 2 жылдың ішінде қолданыла бастады. Мысалы, Байқадам совхозы биыл 6 отар қойды ерте қоздатып, әрбір 100 саулықтан 120 — 140-тан қозы алған болса, келер жылы бұл совхозда 10 отар қой ерте қоздайды. Совхоз коллективі қысқы төлді шығынсыз өсіруге осы бастан жақсы әзірленуде. Құрамында 70 адамы бар үш құрылыс бригадасы қой ерте қоздайтын орындарға жылы қора салып, жемшөп тасып жатыр.

Мал шаруашылығындағы аса бір жауапты кезең — мал қыстату. Біздің совхоздарымыз биыл қысқа жақсы әзірленді. Барлық мал түгелдей дерлік жемшөппен, жылы қорамен қамтамасыз етілді. Биыл шөп өткен жылдарға қарағанда едәуір мол дайындалды, мұның үстіне

50 мың тоннадан астам сүрлем әзірленді, тек биылдың өзі 272 қора салынды, 110 қора жөндеуден өткізілді.

Біздің ауданның малы Мойынқұмда қыстайды. Мұнда қора, мал өсірушілерге тұрғын үй салу жұмыстары кәзір де қызу жүріп жатыр. Мойынқұмнан биылдың өзі 65 қамыс қора салынды. Мұнда құрылыс жұмыстарын жүргізетін 24 бригада жұмыс істейді.

КПСС Орталық Комитетінің алдағы Пленумында елімізде ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын өркендетудің мәселелері қаралғалы отыр. Біздің мал өсірушілеріміз Орталық Комитеттің Пленумын лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы жарыста елеулі табыстарға жетті. Ал алда тұрған міндеттер мұнан да зор. Аудан совхоздарында жетіжылдықтың ішінде қой саны төрт еседей өседі. Бұл малды шығынсыз өсіру үшін осы бастан бірсыпыра күрделі шараларды жүзеге асыру керек. Ең алдымен берік жемшөп қорын жасау үшін екпе шөп, құнарлы мал азығы дақылдарының көлемін ұлғайту керек болады. Бізде суландыруға болатын жерлер көп, бірақ ауданның совхоздарында бульдозер, скрепер сияқты қуатты техника жетімсіз. Соның салдарынан Талас, Шу өзендері бойындағы мал азығын егуге жарамды жерлер осы күнге дейін игерілмей келеді.

Аудан совхоздарының негізгі мал жайылымы Бетпақдала, Мойынқұм болып есептеледі. Бірақ бұл жерлер де судың тапшылығынан толық пайдаланылмай жүр. Жайылымды суландыру мәселесімен шұғылданатын облыстық, республикалық ұйымдар біздің совхоздарға тыңғылықты көмек көрсетіп отырған жоқ. Сол сияқты республиканың жоғарғы партия, совет, шаруашылық органдары шешуге тиісті біздің бірсыпыра зәру мәселелеріміз бар. Олар Шу өзеніне көпір салу, малшылардың киіз үйін жасауды жетілдіру, құрылыс материалдарын малды аудандарға жеткілікті бөлу, көшпелі мал тоғыттары мен мал шағылыстыру пункттерін жабдықтармен қамтамасыз ету, малды аудандарға көшпелі моншалар беру. Бұл мәселелерді жедел шешу біздің мал өсірушілеріміздің жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауына көмектеседі.

Сарысу ауданының еңбекшілері Отанға берген сертін берік ұстап, социалистік міндеттемелерін абыроймен орындау жолында еңбек қарқынын еселеп арттыра береді.

Зор табыстар жылы

Е. ТАСАНБАЕВ,

*Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан КП Ильич аудандық комитетінің
секретары*

Бүкіл совет халқы сияқты Оңтүстік Қазақстан облысы Ильич ауданының еңбекшілері де 1959 жылды — жетіжылдықтың алғашқы жылын табыспен аяқтап келеді. Бұл күндері біз өткен жолымызға көз жіберсек, КПСС Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өрге бастыру жөніндегі шаралары қандай зор нәтиже бергенін мақтанышпен айта аламыз. Мұны біздің ауданның мысалынан да айқын көруге болады.

Соңғы бес жылдың ішінде аудан экономикасында елеулі өзгерістер болды. Мырзашөлді игеруді ұлғайту нәтижесінде мақта егісінің көлемі екі есе дерлік өсті. Сонымен бірге өнімділігі әрбір гектарынан 18—20 центнерден 28 центнерге дейін артты. Сөйтіп, мақта бізде шаруашылықтың негізгі, шешуші саласына айналды.

Аудан еңбекшілері жетіжылдықтың алғашқы жылында партиямыздың тарихи XXI съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, ерен ерлік көрсетті, өздерінің мемлекетке 66,5 мың тонна мақта тапсырамыз деп алған міндеттемесін артығымен орындады. Отанымызға Ильич ауданының еңбекшілері 73 мың тонна «ақ алтын» тапсырды. Бұл өткен жылғыдан 16 800 тонна артық. Сөйтіп біздің ауданның мақта өсірушілері 1961 жылғы жоспарда белгіленген белесті кәзірдің өзінде басып озды.

Осымен бірге ауданда мал шаруашылығын өркендетудің міндеттері де ойдағыдай орындалды. Біздің шаруашылықтар биыл мемлекетке 1 861 тонна ет, 3 190 тонна сүт, 305 тонна жүн, 25 434 дана қаракөл елтірісін сатты. Міне осылай шаруашылықты жанжақты өркендетудің нәтижесінде колхоздар мен совхоздардың дәулеті де, сәулеті де артта түсті. Биыл колхоздардың ғана алған табысы 145 миллион сомнан артады. Мысалы, «Заря коммунизма» колхозының табысы өткен жылы 11 миллион сом болса, биыл 20 миллион сомға, «III Интернационал» колхозының табысы 6,5 миллионнан 11 миллион сомға жетті. Сол сияқты Аманкелді атындағы колхоздың табысы 14 миллион сом, Ворошилов атындағы колхоздың табысы 11 миллион сом болды. Бұл шаруашылықтар артель мүшелерінің әрбір еңбеккүніне 13—16 сомға дейін ақшалай табыс бөлмекші.

Ленин атындағы және Мақтаарал, Красная звезда совхоздарының биылғы табысы 30 миллион сомға жетеді. Аудан шаруашылықтарының табысы молаюы еңбекшілердің әл-ауқатын, мәдениет дәрежесін арттыра түсіп келеді. Биылдың өзінде ғана 7 клуб, 9 кітапхана, 22 егіс қосы салынды. Кәзір біздің ауданда барлығы 23 клуб, 35 кітапхана, 3 мәдениет сарайы, 16 радиоторабы, 35 электр станциясы, 25 монша, тағы басқа көптеген мәдени-тұрмыс орындары бар. Колхоз-совхоз мәдениет үйлері мен клубтарының көркі, сән-салтанаты облыстық, тіпті республикалық театрлардың ешқайсысынан кем емес. Осымен бірге колхоз-совхоз поселкелері мен ауылдары өсіп, көркейіп, қала сәніне еніп келеді, халық дәулетті де көңілді тұрады.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне бұл табыстарға жетуде партия, совет, шаруашылық ұйымдары жүргізген ұйымдастыру жұмысы

едәуір дәрежеде көмектесті. Аудандық партия комитеті жыл басынан бастап-ақ партия ұйымдарының назарын ХХІ съезд қойған міндетті әрбір еңбекшінің санасына терең сіңіруге аударды. Партия ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру, әрбір жұмыс істеуші адамға шаққанда өндірілетін өнімді арттыру, олардың түсер құнын кеміту ісіне ерекше назар аударды. Осы мақсатпен аудандық партия комитеті колхоздар мен совхоздардың басшыларымен, мамандарымен бірлесе отырып, бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Жыл басынан бастап, аудандық комитеттің қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары жер-жердегі жағдайды терең зерттеп, қолма-қол ұйымдастыру жұмысын жүргізді. Біз биыл мақта егісінің кемінде 90 процентін шаршы-ұялап егуге күні бұрын әзірлендік, сөйтіп бұл мақсатымызды жүзеге асырдық та. Ауданның барлық шаруашылықтарында мақтаны шаршы-ұялап егу әдісін үйрететін курстар ұйымдастырылды. Бұл курстарды 2 мыңнан астам адам бітіріп шығып, олар шит себуде үлгілі жұмыс істеді. Осының нәтижесінде барлық жерде де шаршылар дәл, дұрыс болып шықты. Бұл мақта егісін екі бағытта да тракторлармен баптап, мақта өсіруде кетпенмен істелетін жұмысты азайтты.

Аудандық партия комитеті кадрларды іріктеп алу, орналастыру, тәрбиелеу ісіне де ерекше көңіл бөлді. Жыл басында 170 трактор-егіс бригадасы қайта құрылды. Олардың 54-ті комплексті бригада болды. Бұған дейін біздің ауданда 244 егіс бригадасы болатын, бұларды трактор-егіс бригадасы етіп қайта құрудың нәтижесінде көптеген жұмысшы күші басқа жұмыстарға босатылды, мақта өсіруде еңбек шығыны едәуір азайтылды. Осымен бірге бригадирлердің құрамы жақсарды. Олардың 60-ы механизатор, 15-і агроном, 75 бригадир коммунист, 15 бригадир комсомолец.

Сонымен бірге экономикасы әлсіз колхоздарды ірілендіру және оларды басшы кадрлармен нығайту шаралары жүргізілді. Мысалы, Ленин атындағы колхоздың бұрынғы председателі Естаев, «Қызыл ту» колхозының председателі Құлымбетов жолдастар шаруашылыққа на-шар басшылық етіп келді. Бұл колхоздарда ұйымдастыру жұмысының дәрежесі төмен болды, еңбек тәртібі әлсіреді. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті осы жағдайларды зерттей келіп, бұл шаруашылықтардың басшылығын нығайту керек деген қорытындыға келді. Сөйтіп, Ленин атындағы колхозға Өтепов жолдасты, «Қызыл ту» колхозына Арапов жолдастарды председатель етіп ұсынды. Бұл жолдастар арнаулы ауылшаруашылық білімдері, ұйымдастыру жұмысында тәжірибесі бар, ысылған кадрлар болатын. Басшылықтың жақсаруы биылдың өзінде нәтижесін көрсете бастады. Ленин атындағы колхоз өткен жылы мақтаның гектарынан 8 центнерден өнім алған болса, биыл 18 центнерден өнім алды. Ал «Қызыл ту» колхозы 730 гектар мақтаның әрбір гектарынан 35 центнерден өнім жинады. Осының нәтижесінде бұл екі колхоздың да экономикасы едәуір нығая түсті.

Біз кейбір шағын, күші аз шаруашылықтарды біріктірдік. Бұл да жақсы нәтиже берді. Мысалы, биылғы жылдың басында «Коммунизм» колхозы мен «Прогресс» колхозы, Аманкелді атындағы колхоз бен Жамбыл атындағы колхоз, Калинин атындағы колхоз бен Ворошилов атындағы колхоз, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы мен «Победа» колхозы және Жданов атындағы колхоз бен «Путь к коммунизму» колхозы біріккен болатын. Бұл колхоздардың бірсыпырасында жұмысшы күші аз, жері ескі болатын, осының салдарынан олар мақтаның гектарынан 10 центнерге дейін ғана өнім алып келген еді. Бұл шаруашылықтарда жерді тынғылықты қайта тегістеп танаптарға бөлуге, арық-канал жүйелерін ұзартып, жақсартуға, тынайтқыштарды мол пайдалануға мүмкіндік болмай келді. Ал олар өзара бірігіп, ірі шаруашылыққа айналғаннан кейін бұл жұмыстардың бірсыпырасы кәзірдің

өзінде жүзеге асырылды. Олар шаруашылықты жанжақты өркендете бастады, мақта шаруашылығымен бірге мал, бау-бақша, жүзім шаруашылықтарын жолға қойды. Міне мұның бәрі артель шаруашылығының табысын арттырып, артель мүшелерінің тұрмыс-күйін жақсартуға көмектеседі.

Биыл аудан еңбекшілерінің қажырлы еңбегімен өсірілген мол өнімді шашпай-төкпей жинап алу ісін партия ұйымдары ерекше жақсы ұйымдастырды. Мақтаны машинамен жинау кеңінен қолданылды. Ауданда бар 300 мақта жинайтын машина бар күшімен пайдаланылды. Бұл үшін біз ең алдымен механизатор кадрларды жақсы іріктеп алдық. Әрбір машина биылғы маусымда орта есеппен 70 тоннадан мақта жинады. Мақта жинауды жақсы ұйымдастырған шаруашылықтың бірі «III Интернационал» колхозы болды, бұл артель ауданда бірінші болып мақта тапсыру міндеттемесін октябрь айында орындап шықты. Артель 770 гектар мақта егісінің гектарынан орта есеппен 42 центнерден өнім алды.

Біздегі Мақтаарал совхозы мақта өсіру және мал өнімділігі жөнінде еліміздегі үлгілі шаруашылықтың бірі. Совхоз биыл 5 323 гектар мақтаның гектарынан 36 центнерден өнім алды. Соның өзінде совхоз өндірген мақта еліміздегі ең арзан мақта болды, әрбір центнер мақтаның түсер құны небәрі 120 сомнан түсті. Ал, совхоздың Коминтерн және Дзержинский атындағы бөлімшелерінде мақтаның түсер құны мұнан да төмен болды. Совхоз коллективі бұл табысқа мақта өсірудің ғылымға сүйенген озат әдістерін кеңінен қолдану нәтижесінде жетті. Мақта егісі түгелдей шаршы-ұялап егіліп, екі бағытта трактормен бапталды. Сол сияқты совхоз коллективі мақта жинауда да өздеріндегі 180 машинаны толық пайдаланды. Осының нәтижесінде мақтаның тең жартысынан көбі машинамен теріліп алынды.

Сол сияқты «Сталинский путь», «Заря коммунизма», «III Интернационал», Абай және Тельман атындағы артельдер де арзан мақта өндірді. Аудан бойынша биыл әрбір центнер мақтаның түсер құны шамамен 170 сом болды. Бұл өткен жылғыдан едәуір төмен.

Аудандары бір жарым мыңға жуық коммунистің үштен екісі колхоздар мен совхоздарда шешуші буындарда мақта жинауға қатынасып, оны қолма-қол ұйымдастырды. Бұл шешуші күндерде коммунистер ұйымшылдықтың, қажырлы еңбектің жақсы үлгісін көрсетті. Осының нәтижесінде биыл аудан бойынша орта есеппен мақтаның әрбір гектарынан 27,5 центнерден мақта жинап алынды.

Шаруашылықты ұйымдастыруда, оған шебер басшылық етуде «III Интернационал» (партия ұйымының секретары Пак жолдас), «Заря коммунизма» (партия ұйымының секретары Тұрсынбаев жолдас) колхоздарының, Мақтаарал совхозының (партия ұйымының секретары Әлжанов жолдас) партия ұйымдары басқа ұйымдарға үлгі көрсетіп келеді. Бұл партия ұйымдарында коммунистер шаруашылықтың шешуші буындарына дұрыс қойылған, саяси-бұқаралық, ұйымдастыру жұмыстары коллективтің алдында тұрған міндеттермен тығыз ұштастырылып жүргізіледі, социалистік жарыс пәрменді ұйымдастырылған.

Аудан еңбекшілерінің мақта тапсыру жөніндегі алған міндеттемесін абыроймен орындап шығу ісіне біздің озат терімшілеріміз елеулі үлес қосты. Олардың ішінен Аманкелді колхозының мүшесі Шырынкул Жетпісова, «Қызыл ту» колхозының мүшесі Ольга Николаиди, «Заря коммунизма» колхозының мүшелері Сындықыз Бердалиева, Рысхи Абдуллаева, Салиха Ізбасарова, «Красная звезда» совхозының жұмысшылары Пак Света, Ким Роза, Роман Беркінов және Байғай Исабекова, Мырзақұл Нұрымбетова және басқа көптеген жолдастар биыл әр қайсысы 13 тоннадан 19 тоннаға дейін «ақ алтын» жинап, тапсырды.

Мақта теретін машинаны жүргізуші механизаторлар да қажырлы еңбек етті. Мысалы, «Сталинский путь» колхозында Владимир Морозов, «Заря коммунизма» колхозында Тянь Павел, Лев Тэн, Абай атындағы колхозда Ә. Балабаев, Ленин атындағы совхозда Филипп Вагнер, Мақтаарал совхозында А. Шлейгель, О. Махамбетов, М. Иванов жолдастар биылғы маусымда 100—125 тоннадан мақта жинады. Ә. Балабаев, П. Тянь жолдастарды СССР Жоғарғы Советі Ленин орденімен наградтады.

Міне осы ерлердің арқасында биыл біздің аудан мақтаны уақытында жинап алып, оның 88 процентін бірінші сортпен мемлекетке өткізді. Сөйтіп, біздің аудан еңбекшілері биыл елеулі жеңіске жетті.

Біз үшін 1959 жыл мал шаруашылығы саласында да жаман нәтиже берген жоқ. Ауданда әрбір 100 саулықтан 107 қозы алынды. Жеке шаруашылықтарымыз мұнан да зор табысқа жетті. «III Интернационал» колхозында әрбір 100 саулықтан 130 қозы алынды, осы колхоздың шопаны Ізбасар Алтынбеков 136 қозыдан өсірді. Бір кезде бізде әр сиырдан 400—500 литрден сүт алынатын, кәзір бұл меже алыста қалды. Биыл әрбір сиырдан 1900 литрден сүт алынды, ал біздің озат шаруашылықтарымыз Мақтаарал совхозында, «Путь к коммунизму», «III Интернационал», «Заря коммунизма» колхоздарында әрбір сиырдан жыл сайын 2500—3000 литрден сүт сауылады. Озат сауыншыларымыз Л. Боташева, Аппақова, Қим Рая, Мария Котова жолдастар әрбір сиырдан жылына 4 мың литрден астам сүт алады.

Мал шаруашылығын өркендетіп, онан жүн мен сүтті, етті мол алу да жүгері ерекше роль атқарды. Бұл дақылды өсіруді біздің шаруашылықтар биыл шындап қолға алған болатын. Аудан бойынша биыл 2 мың гектар жүгері егіліп, оның гектарынан 500 центнерден көк шөп алынып, сөйтіп әр сиырға есептегенде 12 тоннадан сүрлем әзірленді.

Алда тұрған міндеттер мұнан да зор: 1965 жылға белгіленген жоспар бойынша мақта егісінің көлемі 28 500 гектарға, әрбір гектарынан алынатын өнім 30 центнерге дейін жеткізілуіне тиіс. Сол сияқты мал шаруашылығының, овощ, бау-бақша шаруашылығының да зор болашағы белгіленіп отыр. Жетіжылдықтың ақырына дейін ауданда етті 2,1 есе, сүтті 4 есе, жүнді 1,4 есе, қаракөл елтірісін 1,8 есе, овощ, бау-бақша өнімдерін 6—7 есе арттыру белгіленді.

Ауданның партия ұйымдары бұл міндеттерді жүзеге асыру жолындағы ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыстарын осы бастан ширата жүргізіп жатыр.



Ертеңгі шығар белесіміз бұдан да биік

(Ярославский совхозындағы № 1 трактор-егіс бригадасының бригадирі,
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты М. Довжикпен әңгіме)

Адамзаттың ақыл-ойы халықтың тәтті қиялынан туған ертегіні шындыққа айналдырады, аспан әлемін — космос кеңістігін шарлайды, көк жүзіндегі албыраған жүзі бар Ай аруды бағындыруға қанат қағады. Адамзаттың ақыл-ойы атом қуатымен жүзетін мұз жарғышты ұзақ сапарға, игілігі мен жемісі мол саяқатқа аттандырды. Өмірдің талай сынынан, қиян кескі дауылынан мүдірмей өткен совет адамының ерлік еңбегі міне бүгін елді осы дәрежеге жеткізді. Өмірдің асқаралы алабы, күлім қаққан жайсаң жазы коммунизмдей іргелі де қасиетті қоғамға үдете тартқан замандастарымыздың жоғары саналылығы мен творчестволық белсенділігіне қарап тұрып, риза боласың, қайран қаласың. Замананың өжданы, ар-намысы туысқан коммунистік партияға жүректің терең түбінен қайнап шыққан шексіз сүйіспеншілігің мен махаббатыңды арнайсың.

Жасампаз совет адамдарының ерлік еңбегінде ауыл-село механизаторлары мен дихандарының да елеулі үлесі барын біз орынды мақтан етеміз.

Социалистік ауыл шаруашылығы кәзір өрлеу үстінде. Партия мен үкіметтің күнделікті қамқорлығы, бүкіл совет халқының тарихи қимылы осы өрлеуге негіз болды. Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру турасында, Орталық Комитеттің мұнан кейінгі 1954 жылғы март Пленумы тың және тыңайған жерлерді игеру, елімізде астық молшылығын жасау турасында қабылдаған тарихи қарары — міне бүгінгі өрлеудің кешегі белесі осылар. Қима ауданының (Ақмола облысы) Ярославский совхозындағы мен басқарған № 3 трактор-егіс бригадасының әрбір мүшесі тың жерлерді көп игеру арқылы елімізде астық молшылығын жасау ісіне өздерінің лайықты үлесін қосты. 1956 жылғы қазақстандық миллиард жолындағы күресте бригадамыз егін жинау мен астық дайындауды ауданда алдыңғылардың бірі болып аяқтап, абыройға ие болды. Үкімет сол жылы мені Ленин орденімен наградтады.

Егін бақ таңдамайды, бап таңдайды ғой. Ал бұл баптың өзі сайып келгенде егіншілік мәдениетін үнемі көтеріп отыруға, қолда бар ішкі мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланып, оны ең басты мәселе — астық өндіруді арттыра беруге жеге білуге байланысты. Сондықтан біз тың және тыңайған жерлерді көптеп көтеріп қана қоймай, көтерілген сол жердің мол өнім беруін де мықтап ойластырдық.

Бүгінгі егінші мен бүгінгі механизатор дене еңбегі мен ой еңбегін қабыстыра жүретін жасампаз да талғампаз адам. Бұлар көп жағдайда өздерінің күнделікті тәжірибесіне сүйенеді. Кітап, кітапшаны үзбей оқиды, газеттегі жаңалықты іліп әкетеді. № 3 трактор егіс бригадасының әрбір механизаторы, мәселен, зябьті ерте бастан әзірлеудің, күзде пар жыртып тастаудың, көктем егісін қысқа мерзімде өткізу мен егінді күтіп-баптаудың және техниканы өнімді пайдаланудың пайдасын, әдісін, жолын бес саусағындай біледі. Білген үстіне білу мұнан да жақсы ғой. Егер осының үстіне озат агротехникалық ғылым келіп қо-

сылса немесе бригаадамызда ауылшаруашылық ғалымдары мен мамандары жиі болып, әңгіме өткізіп тұрса мұның өзі нұр үстіне нұр ғой.

Үстіміздегі жылдың июль айында менің өмірімде өзгеше бір оқиға болды. Мен бұған дейін бірге істесіп келген, тың және тыңайған жерлерді игеруде көп қиыншылықтарды бірге жеңіскен, әбден үйренісіп, етене болып кеткен еңбектес достарыммен, совхоз бойынша алда келе жатқан озат бригадаммен қош айтысып, басқа бригадаға ауыстым. Озат дейтінім, бұл шақта № 3 бригада әжептәуір тұрақтанып, қалыптасып қалған болатын. Ол коммунистік еңбек бригадасы атағын алған және шаруашылық есепке көшкен-ді. Міне, осы бригаданы үстіміздегі жылдың июль айында бригада мүшесі Леонид Рогулькинге табыс етіп, өзім совхоз бойынша, тіпті бүкіл аудан бойынша ең артта келе жатқан № 1 трактор-егіс бригадасына келдім.

Бұл былай болып еді. Калинин облысындағы Вышневолоцк тоқыма комбинатының қарапайым жұмысшы бригадирі Валентина Гаганова патриоттық тамаша бастама көтерді. Ол өзінің көп жылдар бойына бірге жұмыс істеп келе жатқан коллективін тастап, ең артта қалған әрі табысы аз бригадаға ауысыпты. Сөйтіп ол артта қалған коллективті алға шығару жөнінде игілікті іске бастаушы болды. Бұл маған үлкен ой салды. Менің де артта жүрген бригадаға барғым келді. Қиындықсыз істің қызығы бола ма?! Сол қиындықты осы артта қалған учаскеден тағы да көруге, сөйтіп оны жеңу жолына бар күш-жігерді салуға ұмтылдым.

Бұл бригадада, шынында, еңбек ұйымдастыру мәселелері үлкен оққылықта еді. Техника қуаты, күші тиімді пайдаланылмайтындықтан ауыл шаруашылығының маусымдық жұмыстарының бәрінен сылти басып жүреді екен. Совхоз дирекциясының, партия және комсомол ұйымдарының күнделікті басшылығы мен көмегіне сүйене отырып, біз орын алған кемшіліктерді әуелгі күндерден-ақ біртіндеп жоя бастадық. Ең әуелі бригада мүшелерінің инициативасын арттыруға, олардың жасаған ұсыныстары мен еңбектегі күнбе-күнгі өрлеуіне баса назар аудардық. Бригаданы қабылдап алған кезім егінді күтіп-баптау мен оны ысырапсыз жинап алуға әзірліктің қызу жүріп жатқан кезі еді. Сондықтан барлық күш-мүмкіншілікті аталған жайлардың төңірегіне жедел топтастырып, қолда бар 23 тракторды, 17 комбайнды және 14 лафетті жатқаны үлкен жорыққа күн ілгері әзірлеп қойдық.

Алдын ала жасалған мұндай әзірліктің нәтижесі де жаман болмағанға ұқсайды. Біз жаңағы техникамен бригадаға қарайтын 4500 гектар егінді жиырма жұмыс күні ішінде түгелдей жинап, бастырып алдық. Егін орағы кезінде тәжірибеде өзін талай рет ақтаған егінді бөлектеп жинау әдісін, агрегаттарды топтап, лафетті жатқаларды қосарлап пайдалану әдісін кеңінен қолдандық. Мұның өзі бригада жұмысының едәуір қарқынды болуын қамтамасыз етті. Өз бригадасындағы егін жинау мен астық дайындау жұмысын тамамдағаннан кейін механизаторлар іргелес жатқан № 5 бригадаға, Калинин атындағы совхозға көмек те берді.

Біздің егінді қысқа мерзім ішінде жинап алуымыз механизаторлардың қажырлы еңбегі арқасында жүзеге асырылды. Бригада ылғи ғана жастардан құралған. Шаршап шалдығу дегенді білмейтін, тың және тыңайған жерлерді игеруде талай сыннан өткен бұлар, ауа райының әсіресе биылғы қолайсыз жағдайларына қарамастан, еңбектің тамаша үлгілерін көрсете білді. Владимир Федотов, Николай Мацкевич, Александр Олин сияқты өздігінен жүретін «РСМ-8» комбайнының комбайншылары биылғы маусымда 720 гектардан егін жинады. Анатолий Бойко, Владимир Смородов және бригада комсоргі Виктор Багров сияқты тракторшылардың сол бір күндердегі еңбегіне жан сүйсінерліктей еді.

Тың жерлерді көптеп игерудің мәнісі елімізде астық молшылығын жасау ғой. Біздің бригадамыздың әрбір мүшесі бұл қағиданы өзінің өмірлік мәселесіндей жақсы түсінеді. Биыл ауданымыз Отан қоймасына 13,3 миллион пұт астық құйып, алған міндеттемесін абыройлы орындап шықты. Бергісі қималық осы 13,3 миллион пұтқа, арғысы ақмоалық 166,7 миллион пұтқа біздің бригада да өзінің елеулі үлесін қосты. Біз әрбір гектар егіннен 13,6 центнерден, ал жекелеген танаптардан 14 центнерден өнім алдық та, мемлекетке 5 200 тонна, яғни 323 312 пұт астық тапсырдық. Мұның өзі өткен жылғыдан едәуір көп. Келер жылы егіске деп құйып алған 35 937 пұт тұқымдық астығымыз және бар. Мал азығы мал қораларына түгелдей тасып алынды. Бригада мал қыстату сияқты кәзіргі күннің аса маңызды мәселесін ұйымшылдықпен бастады. Кәзір біз өзімізбен көрші жатқан балкашиндіктердің «Жетіжылдықтың екінші жылында егіннен мол өнім алу жорығына аттанайық!» деген бастамасына бір кісідей қосыла отырып, көктемгі егіске тыңғылықты әзірленіп жатырмыз.

Көктемгі егіске әзірліктің ең бір шешуші мәселесі — техниканы алдын ала сақадай сай әзірлеу. Техниканы, оның ішінде тракторларды жөндеуге бригада ерте бастан кірісті. Осы декабрь, келер жылдың январь айы ішінде біз қолда бар тракторларды, ауылшаруашылық машиналары мен басқа да құрал-жабдықтарды толық жөндеп боламыз.

Қол жеткен осындай табысымыздың бәрі бұрын артта келе жатқан бригаданы кәзір жаңа белге көтергендей. Бригада коллективі Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің декабрь Пленумына осындай табыспен келіп отыр.

ҚПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы — еліміздің ауылшаруашылық өндірісін өркендетудегі тарихи жаңа белес. Оның шешімдері біздің алдымызға жаңа зор міндеттер қояды. Партия Пленумы алдында ойда жүрген, шаруашылық өміріне аса қажетті кейбір пікірлерімізді де айта кетсек дейміз.

Колхоздар мен совхоздардағы бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесінің бірі — механизатор кадрларын көптеп даярлау. Механизатор кадрларының жетіспейтіндігінен көктемгі егіс жұмысында және егін жинау жұмыстарында шаруашылықтар көп қиындық көріп жүр. Тек осы себептен техниканың тиімді пайдаланылмау фактілері де кездесіп қалады. Сондықтан механизатор кадрларын — комбайншыларды, тракторшыларды, лафетті жатқа машинистері мен шоферлерді әрбір шаруашылықтың өзі даярлап шығарғаны абзал. Ол үшін арнаулы курстар ашқан жақсы. Мұндай курстарға сабақ беру үшін инженерлер мен техниктер, механиктер мен ысылған мамандар кенінен тартылсын демекпіз. Ал мұндай кадрлар кәзір әрбір шаруашылықтан табылады. Біз механизатор кадрларына деген мұқтаждықты жою үшін өз совхозымыздан осындай курстар ашуды ойластырып отырмыз. Осы курстар арқылы әрбір механизаторға бірнеше мамандық беруді қамтамасыз етпекпіз. Ал бүгінгі механизатордың бірнеше мамандыққа ие болуы — үлкен абырой.

Біздің бригада жас коллектив. 1960 жыл коллективіміз үшін үлкен табысты жыл болмақ. Өйткені бұл теңдесі жоқ жетіжылдық жоспардың екінші жылы. ҚПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, партиямыздың Орталық Комитетінің декабрь Пленумы белгілеп беретін түбегейлі міндеттердің бәрін абыроймен орындап шығамыз. Сонда біздің коллективтің ендігі шығар белесі, асуы кәзіргіден де биік, кәзіргісінен де табысты болады.

Жазыл алған Н. ШӘКЕЕВ.

Ұйымдастыру жұмысы—табыс кілті

(Шаян аудандық партия конференциясынан)

Жуырда Шаян аудандық (Оңтүстік Қазақстан облысы) партия конференциясы болып өтті. Конференция — партия ұйымдарының өміріндегі ерекше уақиға. Бұған бүкіл аудан коммунистері күн ілгері әзірленді. Олар алдымен өз ұйымдарындағы бір жылғы жұмыстың қорытындысын шығарумен бірге, аудандық конференцияға делегаттар сайлады.

Аудандық конференцияға жиналған үш жүзден астам делегаттың әрқайсысы бірнеше коммунистің атынан өкіл болып келгендер. Олардың ішінде партия ұйымының секретарьлары, колхоз председателдері, озат шопандар, механизаторлар, өндіріс бригадирлері, мұғалімдер, сауыншылар т. б. құрметті мамандықтардың өкілдері бар.

Конференция өтіп жатқан аудандық клубтың іші-сырты мерекедей безендірілген, онда аудан еңбекшілерінің қол жеткен табыстарын көрсететін көптеген түрлі-түсті диаграммалар, плакаттар, ұрандар ілінген. Делегаттардың бәрі де ерекше бір жауапкершілікті сезетіндей, конференцияда сөз сөйлемегендердің де, ешқандай комиссияның құрамына кірмегендердің де жүзінен белсенділіктің, ынталылықтың нышаны сезіледі, үзілістер кезінде колхоз председателдері, бригадирлер бас қосып, еңбекке ақыны ақшалай төлеудің тиімділігін сөз етіп тұрса, енді бір топ дәл бүгіндер Мойынқұмға қарай Каратаудан асып бара жатқан қора-қора қойдың, шопандардың жайын әңгімелеп тұр. Ал осы үзіліс кезінде клубтың бір залында кітап саудасы да қызу жүріп жатыр, бір столда аудандық байланыс бөлімінің қызметкері жұртты газет-журналға жазып жатты. Бұл да партиялық жұмыстың бір саласы.

Аудандық партия комитетінің бір жылдық жұмысы туралы баяндама жасаған аудандық комитеттің бірінші секретары Н. Ысмаилов жолдас және жарыс сөзге шығып сөйлеген делегаттар да ең алдымен партия ұйымдарының КПСС XXI съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы, жетіжылдықтың алғашқы жылының тапсырмаларын орындау жолындағы күрестің қорытындысын шығарумен бірге, басты назарды алда тұрған міндеттерге, әлі де пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерге аударды, партия комитеттері мен партия ұйымдарының ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстарының жайына ерекше тоқталды.

Шаян—малды аудан. Мұнда мал өсіруге қолайлы кең өріс, шалғынды шабындық, мөлдір бұлақ көп. Сонымен бірге мұндағы Шаян, Бөген, Арыстанды Қарабас және Каратаудан ағып шығатын көптеген өзен-бұлақтар алқабында оңтүстікте өсетін барлық дақылдар мен жемістерді өсіруге болады. Шаян жерінде дала падишасы, жемшөптің кенеулісі—жүгері қандай тамаша өседі десеңізші. Бұл ауданда ондаған мың гектар төлімі дөңді дақылдан да жыл сайын тәп-тәуір өнім алуға болады. Қысқасы, егін шаруашылығы аудан шаруашылығының басты саласы—мал шаруашылығын толықтырып, оның мұнан да өркендей беруіне қолайлы жағдай жасай алады.

Бай мүмкіндіктерді партия ұйымдары, колхоз бен совхоз қорамдық шаруашылықты өркендетуге қалай пайдаланып, жұмылдырып келеді — делегаттар міне осы мәселеге тоқталды. Бұл шынында да аудан-

дық партия комитетінің жұмысына, партиялық басшылықтың дәрежесіне баға беретін негізгі өлшемнің бірі.

Конференцияда соңғы жылдарда аудандық партия комитетінің шаруашылыққа басшылық әдістерін жетілдіріп, ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттыра түскені, әсіресе кадрларды іріктеу, дұрыс орналас-тыру, тәрбиелеу ісін жөнге салғаны атап көрсетілді.

Осымен бірге партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмысындағы орын алып отырған елеулі кемшіліктер де орынды сыналды. Биыл колхоздар мен совхоздар дәнді дақылдардан өнімді өте аз алды, өздерінің мемлекетке астық сату жөніндегі міндеттемесін жарым-жартылай ғана орындады.

Конференцияда кейбір совхоздар мен колхоздардың басшылары өздерінің астық шаруашылығын ұйымдастырудағы кемшіліктерін жұрттан көлегейлеу үшін биыл ауа райы қолайсыз болды деп сендіргісі келді. Мысалы, «Қазақстанның 30 жылдығы» артелінің председателі Жолдасов, Бөген совхозының директоры Шоканов жолдастар өздерінің ұйымдастыру жұмысындағы оралымсыздығын мойындаудың орнына, бізде дәнді дақылдарды өсіруге жағдай қолайсыз, бидай егісінің көлемін азайту керек дегенді айтты. Бұл жолдастар сөздерінде кейбір болмашы табыстарын таңдай түскенше мадақтады, ал кемшілікті айтуға келгенде кібіртіктей берді. Ал бұл шаруашылықтарда биыл көктем егісі 20—25 күнге созылды, агротехникалық шаралар жүргізілмеді. Осыдан кейін дәнді дақылдан мол өнім алуға бола ма? Әрине болмайды.

Делегаттар мұндай ретсіз, өресі тар ұсынысқа орынды тойтарыс берді. Жамбыл совхозының Төрткүл бөлімшесінен келген делегат — карт коммунист Момбаев жолдас Шоканов сияқты кейбір басшылардың бұқарамен тығыз араласпайтынын, оны өз соңынан ерте білмейтінін сынай келіп, «тілін тапсаң, бұқара соңынан ереді, халық қолға алса, алынбайтын қамал, орнына келмейтін іс жоқ» деді.

Аудан колхоздары мен совхоздарының биыл астық өндіру жөніндегі міндеттемелерін орындай алмағаны ең алдымен партия комитеттері мен партия ұйымдарының бұл істі ұйымдастыра алмағанынан екені айқын. Конференцияда сөз сөйлеген облыстық партия комитетінің секретары Бегімбетов, аудандық партия комитетінің жақында сайланған секретары агроном Әбентаев жолдастар және басқа делегаттар бұл кемшіліктердің бетін жақсы ашты.

Егіннен тұрақты мол өнім алудың басты кепілі — ғылым негізіне сүйенетін ауыспалы егіс тәртібі. Бірақ ауданның барлық шаруашылықтарында дерлік бұл тәртіп менгерілмеген. Тек Сталин атындағы совхоз ғана ауыспалы егіс жүйесіне жарым-жартылай көшті. Ал мұның жемісі көзір де көріне бастады. Совхоздың бірсыпыра бөлімшелері, бригадалары дәнді дақылдардан жыл сайын жоғары өнім алады, сонымен бірге берік мал азығы қорын жасады. Мұның өзі барлық шаруашылық басшыларын ойландыратын, өнеге алатын пайдалы тәжірибе екені конференцияда ерекше атап көрсетілді.

Көзірдің өзінде ауданның колхоздары мен совхоздарында 50 мың гектардан астам жоңышқа егісі бар. Бірақ олар ауыспалы егіс жүйесіне енгізілмеген, тиісті күтім жоқ. Соның салдарынан жоңышқа гектарына 4—5 центнерден ғана шөп береді. Егер олар ауыспалы егіс жүйесіне енгізілсе, тиісті күтім болса, жоңышқаның әрбір гектарынан кемінде 20 центнерге дейін өнім алып, жылына 100 мың тонна құнарлы шөп дайындауға болар еді. Бұл мал шаруашылығының шөп жөніндегі кереметін толық қанағаттандырып, сонымен бірге басқа дақылдардың шығымдылығын арттыруға көмектесер еді. Ал биыл ауданда шөп дайындаудың жоспары 50 процент қана орындалды. Конференция делегаттары аудандық партия комитетінің, совет және шаруашылық орындарының назарын ешқандай қосымша қаржы керек етпейтін осы бай

мүмкіндіктерді пайдалануға, бұл үшін ауылшаруашылық мамандарының ролін арттыруға, жер-жерде қолма-қол ұйымдастыру жұмысын күшейтуге аударды.

Егін шығымдылығын арттырудың тағы бір маңызды жолы—пармен зябь жырту, күздікті мол егу. Осылай бола тұрса да биыл ауданда бұл жұмыстардың қарқыны нашар, зябь жырту, күздік егу жоспарлары орындалған жоқ.

Шаян жері бау-бақша, жүзімдік, овощ өсіруге де әбден қолайлы. Бұл мәселе жыл сайын сөз болады, бірақ мардымды істелген іс жоқ. Делегаттар шаруашылықтың бұл саласын өркендетудің жолдарын көрсетіп берді.

Егін шаруашылығын өркендетудегі бұл кемшіліктер, мол резервтердің нашар пайдаланылуы ең алдымен ауданның партия, совет және шаруашылық орындарының ұйымдастыру жұмысындағы елеулі кемшіліктердің салдары деп конференцияда дұрыс бағаланды.

Биыл аудан еңбекшілерінің мал шаруашылығын, оның жетекші саласы қой шаруашылығын өркендетуде қол жеткен елеулі табыстары бар. Мал саны өсумен бірге оның өнімділігі артты. Аудан мал өсірушілері басты түлік — қой санын өсіру жөніндегі міндеттемесін абыроймен орындап шықты. Бұл іске ауданның таңдаулы шопандары лайықты үлес қосты. Әр бір жүз саулықтан 120—130 қозы алып, аман өсірген озат шопандар Рысымов, Теміров, Нұсқабаев, Ахметов, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Айтуаров жолдастардың өнерлі де өнегелі еңбегі конференцияда жоғары баға алды.

Аудан биыл мемлекетке ет, сүт, жүн сатудың жоспарын артығымен орындады. Колхоздар мен совхоздар мемлекетке тек семіз ет сатты. Етке өткізілген ірі қараның тірідей салмағы орта есеппен 347 килограмнан, қойдың салмағы 58 килограмнан, шошқаның салмағы 91 килограмнан болды. Бұл жоспарлы мөлшерден де, алған міндеттемеден де едәуір жоғары. «Семіздің аяғы сегіз» деген емес пе. Осының есебінен ғана колхоздар мен совхоздар 12 244 қойды үнемдеп, мал басын көбейте беру үшін сақтап қалды.

Кәзір ауданның колхоздары мен совхоздары келесі жылғы бірінші тоқсанда мемлекетке етке өткізетін малды бөлектеп алып, семіртіп жатыр. Январь айының алғашқы жартысының өзінде-ақ аудан еңбекшілері 5 мың центнер ет тапсырмақшы. Мал өсірушілердің бұл табыстарын делегаттар аса қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды.

Озат шаруашылықтар мал шаруашылығын өркендетуде бұл жалпы көрсеткіштерден әлдеқайда асып түсті. Мысалы, «Шалдар» совхозын (партия ұйымының секретары Жансейітова жолдас) алайық. Бұл озат шаруашылықта кәзірдің өзінде 72 600 қой, 2 мыңдай ірі қара, 800-дей шошқа бар. Қой саны осы жеті жылдың ішінде 130 мыңға жеткізілмекші. Әңгіме малдың санында ғана емес, өнімділігінде, оның келтіретін пайдасында. Биыл совхоз мал өнімдерін сатудан жоспар бойынша 7 миллион сом табыс алуға тиіс болса, он айдың ішінде ғана 9 миллион сомнан астам табыс алды.

Бұл табыстардың көзі қандай деген заңды сұрақ туады. Табыстың ең бір үлкен бұлағы қойдың жүні. Совхозда әрбір қойдан алынған жүн жыл сайын артып келеді. Биыл орта есеппен әрбір қойдан 3,4 килограмнан жүн алынды, сөйтіп совхоз мемлекетке 2 360 центнер жоғары сортты биязы жүн сатты, ал бұдан екі жыл ғана бұрын—1957 жылы совхоз 1 500 центнер ғана жүн сатқан еді. Міне өсу қарқынын осы бір цифрдың өзі айқын бейнелейді.

Совхоз биыл мемлекетке етті өткен жылғыра қарағанда екі есе артық сатты. Бұл өсу ең алдымен малды жақсы семірту есебінен алынды. Совхоз шопандары биыл етке өткізілген 8 500 қойдың орта салмағын 65,4 килограмнан өткізді, жоспар 49 килограмнан болатын. Ал совхоз-

дың озат шопандары Бекболатов Түймебай, Қабылаев Тілеуқабыл, Махамбетов Жантілеу, Маманов Керімбек жолдастар өз отарындағы қойдың әрқайсысын 75—85 килограмға дейін семіртіп тапсырды.

— Совхоз коллективінің қол жеткен бұл табыстарын ұйымдастыруда, — дейді совхоз директоры Качиев жолдас, — партия ұйымының ролін ерекше айтқым келеді, біздегі 124 коммунистің көпшілігі шаруашылықтың шешуші буындарында жұмыс істеп, басқаларға үлгі көрсетіп отырады. Коммунистерден 37 адам шопан, бақташы болып, 46 адам әртүрлі салаларда жұмысшы болып істейді. Биылдың өзі 24 адам — өндіріс озаттары партия қатарына қабылданды. Мұның өзі біздің ұйымда бұқаралық тәрбие, ұйымдастыру жұмыстарының қаншалықты дәрежеде екенін көрсете алады.

Партия конференциясы мал өсірушілердің жоғарыда айтылған табыстарына қорытынды жасай келіп, алда тұрған міндеттерге мал шаруашылығын өркендетудің әлі де іске аспай жатқан бай мүмкіндіктеріне баса назар аударды. Өйткені бұл резервтерді пайдалану, жұмыстағы кемшіліктерді жедел түзету, жетіжылдықтың екінші жылының тапсырмасын да табыспен орындаудың кепілі.

Шынында да биыл мал шаруашылығы жөнінде жалпы аудан бойынша азды-көпті табыстарға қол жеткені негізінен озат шаруашылықтардың арқасы болып отыр. Әлі де болса экономикасы шабан өркендеп, артта қалып келе жатқан колхоз-совхоздар бар. Мысалы, конференцияда Жамбыл атындағы совхоздың директоры Хасанов жолдастың атына қатан да әділ сын айтылды. Бұл совхоздың барлық жағдайы көршілес «Шалдар» совхозынан бірде-бір кейін емес. Бірақ бұл совхозда ұйымдастыру жұмысы нашар, еңбек тәртібі әлсіреген. Міне осының салдарынан совхоздың шаруашылығы осы күнге дейін жолға қойылмай келеді, совхоз пайда түсірудің орнына жыл сайын мемлекетке зиян келтіреді. Мұның ең басты себебі мал санының өсуі нашар, мал өнімдері аз алынады.

Конференцияда Жамбыл совхозының Ортақшылдағы бөлімшесінен делегат болып келген қатардағы коммунист Кәдірсіззов жолдас совхоз шаруашылығын ұйымдастырудағы шалағайлықтарды, оралымсыздықты қатал сынап, ашына айтты. — Біздің совхозда, — дейді ол, — жұмысшыларға жалақы мезгілінде берілмейді, совхозда есеп жұмысы бетімен жіберілген. Осының салдарынан қолға алынған көп жұмыстар аяқталмай қалып кетеді. Шаян өзенінен балта сабындай рана канал қазылса, біздің бөлімшенің көп жерін суландыруға болар еді. Кәзір бұл түгіл ауыз су да тапшы. Сол сияқты қабырғасы тұрғызылған мал қоралардың кейбіреуі жабылмай қалды, қоралар тазаланбайды, онда қыстаған қойдың жүні түсіп қалады. Осы кемшіліктердің бәрін көріп, біліп жүрген аудандық партия комитетінің секретарьлары да ешқандай шара қолданбай келеді. Аудандық комитет әлі де болса жалпы басшылық етеді, әрбір шаруашылықтың өзгешелігіне қарай саралап, артта қалып келе жатқан шаруашылықтың экономикасын терең зерттеп, оған байыпты басшылық етіп, кадрларға талапты күшейту керек. Басшылықтың шеберлігі міне осында.

Қатардағы коммунист Кәдірсіззов жолдастың бұл сөзін конференция делегаттары бірауыздан қолдады. Конференция басқа шаруашылықтардағы да осындай кемшіліктердің бетін ашып, әділ сынның таразысына салды. Атап айтқанда, ауданның кейбір шаруашылықтарында мал шығынына жол берілген. Мысалы, Алғабас колхозында осының салдарынан қой саны өткен жылғыдан 4 мың бас кеміп кеткен.

Конференцияда колхоздар мен совхоздардың техниканы пайдалануы, жөндеу-техника станциясының жұмысы туралы да келелі пікір, істің оңғарылуына көмектесетін сын ескертпелер айтылды. Кәзіргі жағдайда саналуан техниканы, машиналарды тетігін тауып, сарқа пайда-

ланбайынша, ауыл шаруашылығының қай саласын болса да азды-көпті табыспен өркендету мүмкін емес. Осылай бола тұрса да кейбір колхоздар мен совхоздарда тракторлар мен машиналар ұқыпсыз, нашар пайдаланылады. Алғабас және Жамбыл атындағы совхоздарда бірнеше трактор, машина талан-таражға түсіп, құрып кеткен. Бұл өрескел кемшіліктер конференция делегаттарын қатты қынжылтты. Олар Шаян РТС-інің (директоры Көшербаев жолдас) жұмысына ренжулі екенін айтты.

— РТС-тің басшылары мен жетекші мамандары ешқандай жауапкершілікті сезбейді, — дейді «III Интернационал» колхозының председатели Әшірбаев жолдас, — олар техниканы пайдалану, жөндеу ісінде колхоздарға нашар көмектеседі. Колхоздардың жөндеуге әкелген тракторлары РТС-тің қорасында айлап шашылып жатады.

Шаян аудандық партия конференциясында лайықты орын алған, көп сөз болған мәселенің бірі еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы, жас ұрпаққа білім, тәрбие беру ісінің кәзіргі талапқа сай, өмірмен тығыз байланысты болуы сияқты мәселелер болды. Бұл заңды да. Өйткені еңбекшілер бұқарасының саналылық дәрежесі неғұрлым жоғары болса, алда тұрған міндеттер де солғұрлым жемісті орындалады.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде бірсыпыра пайдалы жұмыстар істелгенмен де, ауданда жалпы идеологиялық жұмыстың дәрежесі төмен. Бұл жөніндегі кемшіліктерді делегаттар Сайлаубеков, Сызаев жолдастар өз сөздерінде жақсы көрсетті. Ауданда лекциялық насихат нашар, бұқара арасында лекция, баяндама, әңгіме өткізуге аудандық комитеттің бөлім менгерушілері, партия, совет орындарының басшы қызметкерлерінің көпшілігі қатынаспайды. Сол сияқты ауылдарды радиоландыру жұмысы әлі аяқталған жоқ. Тіпті бар радио тораптардың кейбіреуі жұмыс істемей, қарап тұрады.

Конференцияда мектептердің жағдайына көп көңіл бөлінді. Өйткені ауылдық жерде мектеп жас ұрпаққа білім, тәрбие беретін ғана орын емес, сонымен бірге үлкен мәдениет ошағы, халыққа мәдениеттің жемістерін тарататын орын. Конференция партия, совет және шаруашылық орындарының басшыларына мектептердің жағдайы мен жұмысына күнделікті көңіл бөліп, оларға көмектесіп отыруды жүктеді.

Бірсыпыра делегаттар аудандық партия комитеті бюросының, оның үгіт-насихат бөлімінің идеологиялық жұмысқа жеткілікті көңіл бөлмейтінін орынды сынады. Осылай бола тұрса да аудандық партия комитетінің идеология жұмысын басқаратын секретары Шәкірова жолдастың сөйлеген сөзінде қойдан жүнді көп алу, оны дұрыс сұрыптай білу, сөйтіп табысты молайту туралы дұрыс та орынды пікірлер болғанмен, сол қой өсіруші шопандарға саяси-идеологиялық тәрбие беру, олардың мәдени-рухани талап-тілектерін қанағаттандырып отыру туралы мәселеге тоқталмауы конференция делегаттарын қатты таңдандырды.

Ал шынына келгенде аудандық партия комитетіне, ауданның мәдениет орындарына бұл жөнінде әлі де көп жұмыстар істеуге тура келеді. Конференция идеологиялық жұмыстарды жақсартудың нақты шараларын белгіледі.

Конференция Шаян аудандық партия комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп бағалай отырып, ауыл шаруашылығына басшылық ету әдістерін жетілдіре беру, колхоздар мен совхоздарда, РТС-те нақты ұйымдастыру жұмысын жақсарту, сөйтіп КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумын лайықты табыстармен қарсы алу, жетіжылдықтың екінші жылында жаңа белеске көтерілу үшін осы бастан қам жасау шараларын белгілеп, қарар қабылдады.

Қоғамдық және жеке мүдделерді ұштастыра білу жөнінде

Н. СӘРСЕНБАЕВ,

Философия ғылымының кандидаты

Қоғам дамуында жеке адам мен жалпы қоғам мүдделерін сәйкестіре, ұштастыра білудің маңызы айрықша. Әр заманда жеке мүдде мен қоғам мүдделерінің арасында әртүрлі қайшылық болады. Өндіріс құрал-жабдығына жеке меншік үстем болған қоғамның бәрінде де адамның жеке басының мүддесі бәрінен де жоғары тұрады. Әсіресе капитализм дәуірінде жеке меншік пен жеке мүддені дәріптеу шыңына жетті.

Жаңа қалыптаса бастаған буржуазиялық көзқарасты сипаттай келіп, Англияның XVII ғасырдағы оқымыстысы Гоббс «адам адамға қасқыр» деген қорытындыға келген еді. Өйткені, деді Гоббс, адамның табиғатына бәсекелесу, бақ таласу, көре алмаушылық сияқты үш қасиет тән; бұл адамдарды өзара талас-тартысқа, соғысқа соқтырады; ылғи жаппай қырғын соғыстың болып жататын себебі де осыдан; адам баласы бірін-бірі жеп қоймас үшін өзара келісімге келіп, мемлекет құрады; сол мемлекет қана адамдарды тәртіпке шақырады.

Бұрынғы және кәзіргі буржуазиялық оқымыстылардың бәрі де осы Гоббс сияқты адам табиғатына менмендік, эгоистік тән нәрсе, ол өз басы пайда таппайтын болса, шөп басын сындырмайды деп тұжырымдады. Кейбір буржуазия оқымыстылары (мысалы, XVIII ғасырдағы француз материалистері, Радищев, Фейербах т. б.) ақылды эгоизм дейтін теория ұағыздады. Олардың айтуы бойынша, сауда кезінде, егер адам тек өз пайдасын көздеп, басқаны алдаса, қанаса, не ұрласа, онда ол басқаның сенімінен айрылады, оның затын ешкім сатып алмайтын болады, ол өзіне жау тауып алады. Сондықтан ақылды эгоизм теориясын шығарушылардың ойынша саудаға қатысушы екі жақ та риза болуы керек.

Капитализмнің өткір сыншысы болған қиялшыл социалист Шарль Фурье буржуазиялық тәртіп үстем болып тұрғанда дәрігер елде түрлі ауру көп болуын, прокурор әрбір үйде жанжал болуын, архитектор қаланың төрттен бірі өртеніп кетуін, етікші әркімнің-ақ ұлтаны тесіле беруін тілейді. Мұндай арам пиғыл тек социализм дәуірінде ғана жойылады деген еді.

Кәзіргі дәуірде жеке мүдде мен қоғам мүддесін қалай сәйкестіру, ұштастыру керек деген мәселені лейбористер, барлық оңшыл социалистер, Югославия және басқа елдердегі ревизионистер әбден шатастырып жүр.

Жеке меншіктің ғасырлар бойы үстем болуы және осы рухта ұзақ уақыт бойы қалыптасқан идеологиялық көзқарастар адамдардың, еңбекшілердің санасына, пиғылына, психологиясына үлкен әсер етеді. Осындай жеке меншікшіл психологиядан еңбекшілерді түгел арылтып, оларды коммунизм рухында, социалистік коллективизм рухында тәрбиелеу — адам санасындағы ең бір қиын, ең бір терең революциялық өзгеріс болып саналады.

Капитализм тұсында қоғамдық мүдде мен жеке мүдденің арасында, қоғам мен дара адам арасында антагонистік қайшылықтар болғанды. Тек социализм дәуірінде ғана ол қайшылықтар жойылып, же-

ке мүдде мен қоғам мүддесінің ұштасуы тұрмыстың барлық саласындағы ең негізгі талап ретінде қойылды.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті еңбекшілердің санасын жекешіл психологиядан тазартып, коммунизм рухында тәрбиелеу үшін орасан зор жұмыс жүргізді. Жұмысшы табы қоғам мүддесін капитализм тұсында-ақ дұрыс түсіне бастағанды. Жеке мүдделердің қоғам мүдделерімен тікелей байланысты екенін жиі сезетін олар. Капиталистердің озбырлығына, қанауына, қорлауына қарсы революциялық күресте пролетариаттың таптық сана-сезімі дамып, социалистік санасы арта бастаған еді.

Ал шаруаларды социалистік коллективизм рухында тәрбиелеу қиынға түсті. В. И. Лениннің сипаттамасы бойынша, шаруалар ғасырлар бойы мынадай пиғылда тәрбиеленген еді: «Ол өзіне астықты неғұрлым көп қалдырса, оған соғұрлым тиімді, ал өзгелер мейлі ашыға берсін: «олар неғұрлым көбірек ашықса, мен астығымды соғұрлым қымбатырақ сатамын» (31-том, 294-бет).

Шаруалардың санасын меншікқұмарлық пиғылдан тазартып, коммунизм рухында тәрбиелеуде колхоз, совхоздар айрықша роль атқарды. Өйткені колхоз, совхоз құрылысы шаруалардың жеке мүддесі мен қоғам мүддесін ұштастыра білудің, біртіндеп жеке мүдделерді жалпы қоғам мүддесіне бағындыра білудің жолын дәл тапты. Соның нәтижесінде кәзіргі колхозшы шаруа жалпы мемлекет, Отан қамын ойлаудың дәрежесіне жетті.

Жеке мүдде мен қоғам мүддесі дегеніміз не? Бұл түсініктің мазмұны қоғамның тарихи жағдайларына байланысты өзгеріп тұрады. Біздіңше, жалпы алғанда, жеке мүддеге адамның жақсы тамақтануына, жақсы киінуіне, жақсы тұрар үйі болуына тырысуы, үй-семьясы үшін, денсаулығы үшін қамқорлығы және т. б. жатады. Қанаушы қоғамда еңбекшілер мен үстем тап өкілдерінің жеке мүдделері ешбір үйлеспейді. Қанаушылардың жеке мүддесі еңбекшілерді қанау арқылы орындалатын болғандықтан, олардың мүддесі де, пиғылы мен ниеті де адал болмайды. Қанаушылардың жеке мүддесіне барынша баю, көп пайда табу, мансап қуу, атаққұмарлық және т. б. жатады.

Қоғам мүддесіне отан қорғау, отанға адал еңбек ету, партиялық, саяси және ғылыми принциптер үшін күресу, отанның, коллективтің, ұйымның абыройын жоғары ұстау т. б. жатады.

Ал біздің советтік социалистік қоғам жағдайында қоғамдық мүдделерге социалистік отанды қорғау және оның игілігі үшін аянбай қызмет ету, қоғамдық байлықты барынша молайта беру үшін еліміздің халықтарының коллективті көсемі Коммунист партиясының ұлы ісі үшін, коммунизм үшін зор жігермен күресу, марксизм-ленинизмнің, пролетарлық интернационализмнің ұлы туын жоғары ұстау, дүние жүзінде тұрақты бейбітшілік орнату үшін күресу т. б. жатады.

Социализм тұсында жеке мүдде мен қоғамдық мүдде арасында терең ор жок; әрбір нақты жағдайда олар бір-бірімен ұштасып, байланысып жатады. Тіпті қоғам мүддесінен алшақ дара тұрған жеке мүдденің болуы мүмкін емес. Мысалы, семья, балалар жөніндегі, денсаулық жөніндегі қамқорлықты тек таза жеке мүдде деп қарауға болмайды.

Адамдардың жеке және қоғамдық мүдделері бар. Бірақ социализм мен коммунизм дәуірінде жеке мүдденің қоғам мүддесіне бағынуы міндетті шарт болып есептеледі. «Социализм», «Коммунизм» деген ұғымның өзі ең алдымен қоғамдық, таптық мүдделерді бәрінен жоғары ұстаудан туған. Егер Коммунист партиясының мүшесі, не комсомол мүшесі өзінің жеке мүддесін қоғам мүддесінен жоғары санайтын болса, онда оның санасы мен пиғылы Коммунист партиясы мен Ленин комсомолының табиғатына ешбір сай келмейді.

Жеке мүддені қоғам мүдделеріне бағындыра білушілік Октябрь революциясынан бұрын пролетариаттың азаттығы үшін, еңбекшілердің бостандығы мен бақыты үшін қанаушы тапқа қарсы сұрапыл күреске аянбай аттанған Ульяновтардың семьясы, Бабушкин, Дзержинский, Калинин, Шаумян, Орджоникидзе сынды көптеген революционерлерді тудырды. Феликс Дзержинский жаңа жылды 5 рет түрмеде өткізе отырып, былай деп жазған еді: «Мұнда түрмеде бізге қиын, кейде тіпті қорқынышты... Солай болса да, егер маған тағы бір өмір сүру мүмкіншілігі бола қалса, мен өмірімді дәл осындай етіп бастар едім». Тек коммунизмнің қасиетті идеясына, еңбекшілерді азат етуге шексіз берілушілік ғана осындай қайрат-жігер, батырлық туғыза алады.

Ұлы Отан соғысы кезінде де осылайша өз басының мүддесін Отан қорғау, жауды жеңу ниетіне түгел бағындыра білген мыңдаған жалынды жаужүрек батыр жігіттер мен қыздар шықты. Отанын, жолдастарын қауіптен аман алып қалу үшін 19 жасар Александр Матросов бүлдіршіндей жас өмірін құрбан етті. Совет Одағының Батыры атағын алған казак қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова да Отанынан жалынды жас өмірін аяған жоқ. Өз Отанының, өз елінің мүддесін, ар-намысын жеке басының мүддесінен жоғары санаушылық осындай жаппай батырлық пен нағыз патриоттық қимылдар туғызды.

Француз оқымыстысы Жан-Жак Руссо: «Өзінің жеке мүддесі үшін өлімге барушылық не сұмдық» деген еді. Социалистік Отанын шексіз сүюшілік, отан алдындағы борышын көміл сезушілік социализм құрылысының барлық саласында еңбектегі жаппай ерліктің сарқылмас бұлағы болып келеді. Алғашқы бесжылдықтағы еңбек ерлері, Днепр ГЭС-ін, Сталинград пен Харьков трактор заводтарын салушылардың, Магнитогорскіні, Амурдағы Комсомольск қаласын тұрғызушылардың, Турксиб жолын салушылардың, Ұлы Отан соғысы кезіндегі азаматтардың тылдағы жанқиярлық еңбегі елімізде социализм құру тарихынан үлкен орын алады.

Біздің республикадағы ғасырлар бойы тын жатқан жерлерді меңгеру үшін Отанымыздың бұрыш-бұрышынан жүз мыңдаған жастар келді. Бұларға үйреншікті тұрмысты, туып өскен жерді тастап кету оңайға түскен жоқ. Бірақ Коммунист партиясының, социалистік Отанының шақыруы бойынша, олар елсіз, тіпті сусыз жерге келіп, табиғаттың да, жаңа жердегі тұрмыстың да қиыншылықтарын жеңіп шықты. Бұлардың еңбектегі ерлігін халық ешуақытта ұмытпайды.

Өз мүддесін қоғам мүддесіне бағындыра білудің тағы бір айқын үлгісін Вышневолоцк тоқыма комбинатының бригадирі Валентина Гаганова жолдас көрсетті. Ол өзінің озат бригадасынан артта қалып келе жатқан бригадаға ауысып, оны да озат бригада қатарына қосты. Бұл маңызы ерекше зор патриоттық үлгі болды. Біздің республикада Гаганованың үлгісі бойынша бір мыңдай өндіріс озаты шаруашылықтың артта қалған учаскелеріне көшті. Олардың ішінде Қарағандының 23-шахтасының бригадирі Мұсағалиев жолдас, Ақмола облысының «Ярославский» совхозындағы артта қалып қойған бригаданы озаттар қатарына қосқан М. Довжик жолдас, Шымкент тоқыма комбинатының бригадирі М. Федорова жолдас, Алматы облысының Жамбыл ауданындағы «XX партсъезд» атындағы колхоздың бас зоотехнигі Құдабаев жолдас т. б. бар.

Жеке мүдде мен қоғам мүдделерін ұштастыра білу — социалистік құрылыстың барлық саласында дұрыс еңбек ұйымдастырудың негізгі принципі. Социализмнің: «Әркімге еңбегіне қарай, әркімнен қабілетіне қарай» деген негізгі принципі жұртқа мәлім. Бұл принцип — қоғам мүддесі мен жеке мүддені ұштастырудың экономикалық арқауы.

Осы талапқа сай еліміздегі еңбекшілердің 90 проценттен көбі социалистік жарысқа қатысады. Бұл жарыста олар қоғам алдындағы міндетін орындай, асыра орындай отырып, өзінің табысын да көбейтеді. Сөйтіп қоғам мүддесі мен жеке мүдде ұштасады.

Коммунизмнің капитализмді жеңіп шығуының ең басты негізі еңбек өнімділігінің артық болуы, мұны В. И. Ленин бірнеше рет атап көрсеткен болатын. Ал, еңбектің өнімділігі арта берсе, оның арқасында еңбекшілердің табысы молая түседі, жұмыс мерзімін қысқартуға да жағдай жасалады. Алдымыздағы 1960 жылы барлық жұмысшы, қызметшілер жеті сағаттық жұмыс күніне, ал ауыр жұмыстағылар алты сағаттық жұмыс күніне көшеді. Сонда бізде дүние жүзінде ең қысқа жұмыс күні болады.

Еліміздің жұмысшылары, колхозшы шаруалары және қызметшілері өздерінің жұмысын үлкен творчестволық еңбек деп есептейді. Сан мыңдаған, тіпті миллиондаған рационализаторлар, өнертапқыштар, конструкторлар ғылым мен техниканың табысын молайтып, Отанымыздың байлығы мен данқын асыруда. Дүние жүзінде бірінші рет қолдан Жер серігін жасау, айға жол ашу тек совет оқымыстылары мен жұмысшыларының қолынан келді. Павлодар облысындағы қатардағы комбайншы Логинов жолдас тракторды автомат арқылы басқару амалын тапты. Мұның нәтижесінде жеке тракторшылар еңбегі жеңілдеумен бірге, тракторларды пайдалану дәрежесі артты, қоғамдық еңбектің өнімділігі өсті. Мұның бәрі совет адамдарының жеке мүдделері мен қоғамдық мүдделерінің ұштасып жатқанын көрсетеді.

Партия мен Совет үкіметінің тынбай қамқорлық жасауы арқасында совет адамдарының басым көпшілігі коммунизм құрумен мемлекет мүдделерін өз мүдделерінен әрдайым жоғары қойып үйренді. Бірақ бұл жөнінде де ескінің кейбір сарқыншағы бар. Мысалы, жеке меншікшіл пиғылдан әлі арылмаған кейбір құрылысшылар жұртшылыққа арнаулы үй салуға немқұрайды қарайды, ал өздерінің үйін салуға келгенде барлық өнерін төгеді. Кейбір малшылар қоғамдық малға салқын қарап, өз меншігіндегі малын көбейтуді артық көреді. Немесе кейбір тігіншілер қоғамдық заказды қалай болса солай орындап, жеке заказға айрықша көңіл бөледі. Мұндай фактілер еліміздегі кейбір сана-сезімі төмен кісілердің жеке меншікшіл психологияның шырғауынан әлі шықпай жүргенін көрсетеді.

Кейбір коллективтер мен ұйымдарда да өздерінің жергілікті ұсақ мүдделерін мемлекеттің, елдің жалпы мүддесінен жоғары қоюға ұмтылу кездеседі. Ол мемлекеттен ретсіз көп жәрдем сұрау, шамадан тыс артық қор сақтау, мемлекет жоспарын қыбын тауып қысқартуға не оңайлатуға әрекет жасау, мемлекет қаржысын басқа ұсақ нәрсеге, тіпті жеке басының қамына жұмсау сияқты әрекеттерден білінеді. Өндіріс пен құрылысты басқару әдісін өзгерткенге дейін өте-мөте орын тепкен ведомстволық көзқарас, ведомствоаралық кедергілер халық шаруашылығының дамуына көп зиян келтіріп еді. Қазір халық шаруашылығындағы мұндай көзқарастардан арылып келеміз. Енді кейбір халық шаруашылығы советтерінде жалпы мемлекет мүддесінен гөрі жергілікті мүддеге, «өз» мүдделеріне көп көңіл бөлушілік байқалады. Партия мен үкімет мұндай жергілікшілдікке қатты соққы беруде.

Социализм дәуірінде адамның жеке мүддесін қоғам мүддесіне бағындыру талабы әрбір адамның жеке мүддесін жоққа шығармайды. Жеке мүддені елемеушілік адамның еңбектегі ынта-жігерін кемітер еді. Партияның Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы (1953 ж.) колхозшыларды материалдық ынталандыру принципін бұзылуы ауыл шаруашылығының артта қалуының басты бір себебі деп тапты. Еңбек-



керлердің жұмысқа материалдық жағынан ынталы болуын елемеу социализмнің негізгі принципін — табысты еңбекке қарай бөлу принципін бұрмалағандық, социализм тұсында қоғамдық және жеке мүдделерді өзара ұластыру талабын бұрмалағандық болады. Пленумнан кейін бұл кемшілікті жою жолында үкімет пен партия көптеген шаралар қолданды: колхоз, совхоз еңбеккерлері ақыны өндірген өнімінің саны мен сапасына қарай алатын болды; ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу бағасы өсті, тағы басқалар.

Демек, еңбеккерлерді материалдық ынталандыру принципі неғұрлым нығайған сайын жеке мүдде мен қоғамдық мүдде солғұрлым тығыз ұштаса береді.

Жеке мүдде мен қоғам мүддесін ұштастыра білудің совет адамдарын социалистік коллективизм, достық, жолдастық рухта тәрбиелеуде зор маңызы бар. Коллективизм, өзара ынтымақ пролетариаттың революциялық қозғалысына әрдайым тән қасиет. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген партиялық ұран — социалистік коллективизмнің ең жоғарғы көрінісі. Пролетариаттың үстемдікке жету жолындағы күресінде ұйымшылдығы мен ынтымағынан басқа күші жоқ, деп үйретті В. И. Ленин.

Егер капиталистік қоғамда «әркім өзі үшін қызмет етеді, тек құдай ғана көпшілік қамын ойлайды» деген принцип үстем болса, біздің социалистік қоғамда «әркім көпшілік үшін, көпшілік әркім үшін қызмет етеді» деген принцип өмірдің барлық саласында үстем. Партияның Уставын қабылдарда В. И. Ленин: әрбір партия мүшесі партияның қамын, ал партия әрбір мүшесінің қамын ойлайтын болуы керек, деген болатын.

Әрбір үлкенді-кішілі коллектив еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелейді. Коллективтің жалпы мүддесін жеке мүддеден жоғары ұстамайынша, онда берік ынтымақ, ұйымшылдық болуы мүмкін емес. Барлық саяси, мәдени, ғылыми және өндірістік ұйымдар қоғам мүддесі тұрғысынан құрылады. Коллектив пен жеке адамның арасында тығыз байланыс, қарым-қатынас бар. Дара адамның коллективтен күшті болуы мүмкін емес. Әрбір адамды тәрбиелеп өсіретін, керек болса, қайта тәрбиелейтін ең алдымен өз коллективі. Сондықтан да жеке әрбір жұмысшы, колхозшы, қызметші алдымен өз коллективі алдында жауапты.

Социалистік коллективизм, өзара жәрдемдесу, бір-бірімен іскерлік, жолдастық, достық қатынастар орнату социалистік өндіріс қатынасына тән қасиеттер. Коллектив ісіне, ортақ іске барынша ат салысу — коллектив мүшесінің абыройлы да ардақты борышы. Егер бригадада бір адам жалқау болса, өзіне тиесілі жұмысты «амалын тауып» үнемі жолдастарына істеттірсе, не өз тірлігімен шұғылданып, қоғамдық еңбекке салқын қараса, ондай адам бригаданың, өз коллективінің қамын ойламағаны, абыройын сақтамағаны. Әрине, ондай адам жолдастарын өзіне қарсы қойып алады.

Кейде коллективтен қол үзген, төрешілдікке бой ұрған, кейбір басшы қызметкерлердің социалистік демократияны бұрмалап, қызмет бабын өзінің қара басының қамы үшін пайдалануға ұмтылуы да кездеседі. Қарағанды металлургия заводы құрылысы мен Қарағанды облысының бұрынғы кейбір басшылары жұмысшылардың мұқтажы мен қажетін өтеуге жеткілікті көңіл бөлмей немқұрайды қарады, бюрократтыққа салынды. Сол сияқты Алматыдағы ауыр машина жасау заводының бұрынғы басшылары өз қамын жұмысшы коллективінің мүддесінен жоғары қойып, жаңа салынған жақсы жайлы үйлерді өзара бөлісу жолына түскен. Мұның үшін оларға тиісті жаза берілді.

Әрине, барлық демократия, соның ішінде социалистік демократия да «бағынуды» керек етеді. Бірақ әртүрлі бағынушылық бар. Капита-

лизм дәуірінде үркердей қанаушылар табы елдегі халықтың басым көпшілігі миллиондаған еңбекшілер бұқарасын қанап, өзінің таптық мүддесіне бағындырып отырады. Қанаушылар мен қаналушылар арасында бітіспейтін қайшылықтар асқынып, тап күресі күшейе түседі. Бізде, социализм дәуірінде, керісінше: азшылық көпшілікке және жеке мүдде қоғам мүддесіне бағынады. Қоғам мүшелері қоғамдық өндірісте, қызу еңбек үстінде тәрбиеленеді, олардың өзара шын жолдастық, достық қатынасы шыңдала түседі.

Бірақ достық пен жолдастық таза, адал болу керек. Достық пен жолдастықты шірік тамыр-таныстықтан, жерлестіктен, пасық ымырашылдықтан және басқа «шылықтардан» ажырата білу керек. Тамыр-таныстық пен пасық ымырашылдықты қара басының қамына пайдаланып, мемлекет мүдделеріне зиян келтірушілік біраз сауда орындарында, кейбір творчестволық ұйымдарда және кадр іріктеуде кездесіп жүр. Таяуда республикамыздың мемлекеттік жоспарлау комиссиясының қызметкері болып келген А. Познанский бастаған бір топ алаяқтардың қылмыспен шектелген былықтары ашылды. Олар қызмет бабын тек өз бастарының ғана қамы үшін пайдаланған, миллиондаған сом мемлекет қаражатын талан-таражға салған. Егер Познанский сияқты алаяқты республиканың Министрлер Советі председателінің бұрынғы бірінші орынбасары Н. Д. Николаев тәрізді пасық ымырашылдықтан арылмаған адамдар қолдап, қуаттап келмеген болса, бұл суайттар мемлекетке мұншалықты зиян келтірмеген болар еді.

Тамыр-таныстық пен пасық ымырашылдық ескінің өте қауіпті сарқыншақтарының бірі. Өйткені олар қоғамдық мүддеге зиян келтіріп, қара бастың ғана қамын ойлауға, жеке меншікшіл психологияны өрістетуге апарып соқтырады; заңсыздықты, жолсыздықты, тәртіпсіздікті тудырады. Сондықтан жалған тамыр-таныстықпен, пасық ымырашылдықпен күресу еңбекшілерді, кадрларды коммунизм рухында тәрбиелеудегі аса бір маңызды міндет болып отыр.

Социализм дәуірінде жеке және қоғамдық мүдделерді дұрыс ұштастыра білу көптеген саяси, экономикалық және тәрбиелеу мәселелерінің кілті болып табылады. Совет адамдарының праволары мен міндеттерінің сай келуі, олардың жеке және қоғамдық мүдделерін дұрыс ұштастырудың бір көрінісі болып табылады. Ал егер кімде-кім өз қызметі бойынша берілген праволарын 200 процент пайдаланып, ал міндеттерін тек 20 процент ғана орындайтын болса, ол қанша көкірегін қаққанмен, нағыз эгоист болып шығады.

Жеке мүдделер мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білудің кадрларды тәрбиелеуге, әсіресе олардың түрлі жағдайда қанағат сезімін үнемі мықты сақтауына, асқақтап кетпеуіне үлкен әсері бар. Жеке мүдде мен қоғам мүддесін дұрыс ұштастыра білу—ар-ұят мәселесінің де арқауы. Кімде-кім Отан, партия, ел алдындағы міндетін, борышын өзінің жеке мүдделерінен жоғары қойса, ол адамның ар-ұяты да мол болады. Кімде-кім қоғам мүддесін аяққа басып, тек өзінің жеке басының қамын ойлайтын болса, ондай адамда ар-ұят та болмайды. Мысалы, мемлекет мүлкіне қол сұғушылар, мансапқорлар, жағымпаздар осындай адамдар. Совет адамдарының бәрі де бірін-бірі құрметтеп, қошаметтеп тұруы керек. Бірақ осы құрмет пен қошаметтің кейде жағымпаздыққа айналып кетуі себебі де қоғам мүддесінен жеке мүддені жоғары қоюға байланысты. Егер құрмет пен қошамет қоғам мүддесіне нұқсан келтірмесе, ол коммунистік мораль рухына қайшы келмейді. Егер құрметтеу қоғамдық мүдделерге нұқсан келтірсе, құрметтеушінің өз пайдасын көздеген арам пиғылы болса, мұндай «құрмет» нағыз жағымпаздық болып шығады. Ал жағымпаздарда қоғамдық мүдделерді қорғау сезімі, ар-ұят болуы мүмкін емес.

Сол сияқты жеке мүдделер мен қоғам мүдделерін ұштастыра білу совет адамдарының кішіпейілділік, саналылық, мейірбандық, меймандостық сияқты ізгі қасиеттеріне де негіз болады.

Еңбекшілердің жеке мүддесін қоғам мүддесіне бағындыру жолындағы барлық жұмысты бетімен жіберуге болмайды. Мұны партия, мемлекет басқарып, бағыттап отырады. Социализмнен біртіндеп коммунизмге өткен сайын бұл мәселенің маңызы арта береді. Социализм дәуірінде еңбекшілердің жеке мүддесі мен қоғам мүддесінің арасында бітіспес қайшылық жоқ, тек елеусіз айырмашылықтар бар. Олар коммунизм толық жеңгенде жойылады. Өйткені адамның барлық жеке мүддесін коммунистік қоғам толық қанағаттандырып тұратын болады.

Жеке мүдде мен қоғам мүддесінің жақындаса беруі, біздіңше, екі жолмен жүзеге асырылады: біріншіден, елімізде материалдық игілік барған сайын молай бермек. Соның нәтижесінде қоғам еңбекшілердің барлық жеке мүддесін неғұрлым толық қанағаттандыратын болады. Қоғамдағы материалдық және рухани байлық молайған сайын жеке мүдделер мен қоғамдық мүдделердің арасындағы елеусіз айырмашылықтар біртіндеп жойыла бермек. Екіншіден, еңбекшілер арасындағы алуан салалы тәлім-тәрбие жұмысы, коммунизм қоғамының адамдарын жанжақты тәрбиелеп өсіру жұмысы кең өрістейді. Бұл жұмыстың нақты программасы партияның XXI съезінде белгіленді.

Сонымен, адамның жеке мүддесі мен қоғам мүддесін ұштастыра білу адамзат тардырында үлкен тарихи орын алады. Жеке мүдде мен қоғам мүддесін дұрыс ұштастыра білу жолы тек социализм дәуірінде ғана табылады.

Жеке мүдде мен қоғам мүддесін дұрыс ұштастыру — социалистік еңбекті ұйымдастырудың, саяси және экономикалық мәселелерді шешіп, әсіресе еңбекшілерді коммунистік мораль рухында тәрбиелеуде өрасан зор роль атқаратын ең бір қажетті принцип болып отыр.



Жұмысшылар мен колхозшы шаруалар одағы жаңа кезеңде

С. ОМАРОВ

Маркс пен Энгельс пролетариаттың революциялық күресін белгілі жағдайда езілген шаруалар бұқарасы қостауы мүмкін деп пікір айтқаны мәлім. В. И. Ленин осы негізгі идеяны өз тұсындағы Россияның нақты жағдайында сайма-сай ілгері дамытты, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы сындарлы ғылыми тұжырым айтты. Бұл одақта Коммунистік партия бастаған жұмысшы табы басшылық етеді. Ол — пролетариат диктатурасының негізгі принципі, социалистік революцияның, коммунизм орнату ісінің жеңісті болуының анық кепілі. «Совет өкіметінің, — деп жазды В. И. Ленин, — бүкіл басты күші мен тірегі — осы одақта, социалистік қайта құрылыс ісін, капиталды жеңу ісін, қанау атаулыны жою ісін біздің жеңісті аяқтауымыздың кепілдігі — осы одақта» (Шығармалар, 29-том, 241-бет).

Бұл қағида марксизм-ленинизм қазынасына қосылған зор үлестің бірі болды және оның әсіресе бұрынғы артта қалған аграрлы елдің бірі, көп ұлтты, сондықтан да еңбекші, езілген шаруалары өте басым Россия сияқты ел үшін тарихи маңызы ерекше болды.

Совет Одағының қаһарман Коммунистік партиясы бастаған осы күдретті күш — жұмысшылар мен еңбекші шаруалар одағы — Ұлы Октябрьдің сұрапыл шайқастарында империализмнің тұңғыш рет торын үзді, екі бірдей Отан соғысында совет елін қаптаған қалың жаудан қорғап қалды, адам баласының ең асыл арманы социализмді толық та түпкілікті орнатты. Кәзір Совет елі — жұмысшылар мен шаруалар мемлекеті — дүние жүзіндегі аса қуатты алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып отыр. Ол енді коммунизм орната бастады.

Бұл одақтың тарихи-перспективалық мәні сонда, ол жұмысшы табының қоғамдағы басшылық ролін күшейте отырып, елімізде бара-бара жалпы таптардың жойылып кетуіне қолайлы жағдай туғызады. Сонымен қатар ол ұлт мәселесін дұрыс шешіп отыруға да жол ашты. Бізде алдыңғы қатардағы ұлы орыс халқының, ең алдымен, оның жұмысшы табының бұрынғы артта қалған шет аймақтар мен езілген халықтарға, олардың еңбекші шаруаларына көмек беріп, ілгері сүйреп отыруының таптық негізі де осы жұмысшылар мен шаруалар одағында жатыр. Сондықтан да осы одақты әр уақыт нығайтып отыруға Коммунист партиясы қатты көңіл бөледі.

КПСС ХХІ съезі еліміздің бүкіл саяси-шаруашылық жұмыстағы тарихи табыстарын баяндай келіп, сол табыстарымыздың және күллі совет қоғамының негізі болып отырған жұмысшылар табы мен колхозшы шаруалардың одағы нығая түскенін атап өтті. Съезд келешекте де коммунизм орнату жолындағы күресте жеңіп шығудың басты шартының бірі осы жұмысшылар мен шаруалар одағы екенін және оны барынша шындай түсу керек екенін ерекше айтты.

Еліміздегі бұл негізгі екі таптың берік одағы кездейсоқ нәрсе емес. Жұмысшылар мен колхозшы шаруалар бір текті социалистік кәсіпорындарда еңбек етеді, сондай-ақ саяси және мәдениет жұмыстарының барлық саласында күнделікті қоян-қолтық араласып, бірін-бірі қостап, бірі біріне үнемі достық, жолдастық көмек етіп отырады. Бұл —

табиғи нәрсе. Өйткені социалистік қоғамның осы екі тобының тілегі, түп мақсаты бір. Ол—совет мемлекетін нығайта беру, коммунизм орнату.

Жұмысшылар мен шаруалар одағының саяси негізі советтер—басқару органы, коммунизм орнату құралы. Оның жұмысы жақсара беруіне жұмысшылар да, колхозшылар да мүдделі. Советтердің жоғарғы және жергілікті орындарында сан мың депутат, соның ішінде көптеген жұмысшы, колхозшы істейді. Мәселен, Қазақ республикасының жергілікті советтеріндегі 81 181 депутаттың 56 проценті, ал республикамыздың Жоғарғы Советінің депутаттары арасында 88 проценті жұмысшылар мен колхозшылар. Бұлар совет орындары арқылы алуан салалы жұмыс атқарып отырады. Осы тәрізді қоян-қолтық аралас, күнделікті жұмыс үстінде жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың саяси одағы нығайған сайын нығайып отырады.

Сонымен қатар, осы одақтың экономикалық негізі—еліміздегі біртектес социалистік өндіріс жүйесі, қала мен деревня арасындағы өндіріс байланысы, сауда қатынасы, әртүрлі өнім айырбасы. Осындай тығыз қарым-қатынас болмаса, еліміздің біртұтас халық шаруашылығы ойдағыдай өркендей алмас еді. Сондықтан бұл жағдай жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың одағы берік, тығыз болуын талап етеді. Міне осыған байланысты өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жоспарлы, пропорциялы, өзара дұрыс сәйкес дамуына партия үнемі көңіл бөліп отырады.

Мәселен, ұлы көсеміміз Ленин жасап берген елімізді индустрияландыру, коллективтендіру, мәдениет революциясын жүзеге асыру жоспарын алыңыз. Мұнда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, қала мен деревняның, жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар бұқарасының мүддесі, әрқайсысының ұлы құрылыста алатын орны толық ескерілген, бүкіл совет елінің коммунизм орнату бағытындағы жалпы міндеті ғылыми терең талдап шешілген. Осы ұлы міндетті орындау күресінде жұмысшылар мен шаруалардың, еңбекші интеллигенцияның мүддесі өзара қабысып, ынтымағы барған сайын жараса берді. Қаладағы өнеркәсіп орындары, ондағы жұмысшылар барлық күш-жігерін жұмсап, үлкен талап, зор еңбек етіп, ауыл шаруашылығына түрлі машиналар, трактор мен комбайндар, шаруаларға керекті түрлі тұтыну заттарын жеткізіп беріп отырса, деревнядағы, ауылдағы еңбекші шаруалар қала еңбекшілеріне, жұмысшыларға керекті азық-түлік даярлап, өнеркәсіп орындарына шикізат беріп отырды. Оның үстіне түскен салықты уақытында төлеу, мемлекет заемдарына жаппай жазылу сияқты үлкен патриоттық ісімен индустрияландыру саясатының жүзеге асуына белсене ат салысты, жұмысшыларға жәрдемдесті.

Сондай-ақ, коллективтендіру жылдарында қаладағы өнеркәсіп орындары деревняға, ауылға керекті әртүрлі жаңа техника берумен қатар, алдыңғы қатардағы жұмысшылардан ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы мамандар жіберді. Бұл Коммунист партиясы бастаған жұмысшылар мен еңбекші шаруалар одағының айқын да нақты көрінісі болды. Партияның шақыруымен деревняға 25 мыңшылар келді. Олар ауыл шаруашылығын коллективтік жаңа жолға салуда еңбекші шаруаларға көмек көрсетті.

Социализмнен біртіндеп коммунизмге өту үшін күресте жұмысшылар мен шаруалар одағы жаңа сатыға көтерілді, өзара бітіспес қайшылықтан арылған екі таптың достығы, моральдық-саяси бірлігі бұрынғыдан да берік шыңдала түсті. Бірақ жұмысшылар мен шаруалардың арасындағы тап айырмашылығы әлі толық жойылған жоқ. Ол бірыңғай социалистік меншіктің екі түрде болуына байланысты. Социалистік меншіктің екі түрі қала мен деревня арасындағы кәзіргі елеулі айырмашылыққа экономикалық негіз болып отыр. Жұмысшылар табы

бүкіл халықтың, мемлекеттің меншігіне жататын өнеркәсіп орындарында істесе, колхозшы шаруалар кәзір колхоз-кооператив меншігіне жататын колхоз өндірісінде істейді. Ал бүгін таңда жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың коммунизм үшін күрестегі одағының берік болу себебі — оның экономикалық негізі социалистік меншіктің екі түрінің бір типтестігінде; екеуінің де қоғам меншігі екендігінде және өзара өндірістік тығыз байланыста, үнемі қарым-қатынаста болып отырғандығында; сонымен қатар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы бірыңғай мемлекеттік жоспар бойынша өзара пропорциялы (сәйкес) дамып отыратындығында.

Бұл ретте ерекше ескеретін негізгі мәселе — жұмысшылар мен колхозшылардың әлеуметтік, экономикалық өміріндегі өзгерістерді кезінде байқап, бақылап, зерттеп отыру; бұлардың арасында қайшылық туғызбау; шаруашылық салалары арасында диспропорция (сәйкессіздік) болдырмау. Егерде мұндай қайшылық, не диспропорция туып қалса, оны кезінде жойып отыру, демек, жұмысшылар мен шаруалардың одағын одан әрі нығайта беру керек болады.

Сорыстан кейінгі, әсіресе 1948—1952 жылдарда еліміздің экономикасының басты салалары—ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өндірісінің даму қарқыны арасында белгілі алшақтық, диспропорция пайда болғаны белгілі. Осының салдарынан ауылшаруашылық өндірісі кейін қалыңқырап, өнеркәсіпке, қала халқына, жалпы еңбекшілерге керекті ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткілікті көлемде бере алмады. Бұл жағдай осы қалпында қала бергенде, өнеркәсіптің тіпті бүкіл халық шаруашылығының дамуына кедергі жасайтын еді, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, қала мен деревняның арасындағы экономикалық байланысты нашарлатып, жұмысшылар мен шаруалар одағына белгілі дәрежеде нұқсан келтіруі мүмкін еді.

— 1953 жылы КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауылшаруашылық өндірісінің хал-жайын терең талдап, тексере келіп, оның артта қалып бара жатқан себептерін ашты; ауыл шаруашылығы өндірісін жалпы халық шаруашылығының талабына сай жаңа биік дәрежеге көтеру программасын қабылдады. Осыған сәйкес 1953—1958 жылдары Коммунистік партияның бастауымен көптеген күрделі шара жүзеге асырылды: ауыл шаруашылығына басшылық етудегі қателіктер жойылды; колхоздар мен колхозшыларды өндіріс өнімін көбейтуге материалдық ынталандыру принципі қалпына келтірілді; ауыл шаруашылығына көптеген маман кадр жіберілді; колхоздар техниканын әр түрімен мол жабдыкталды; ауыл шаруашылығы өндірісін жоспарлаудың жаңа тәртібі енгізілді; 36 миллион гектар тың және тыңайған жер игерілді; МТС-тер қайта құрылып, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібі енгізілді.

КПСС Орталық Комитетінің бұл шараларын бүкіл халық қызу қолдады. Ауыл шаруашылығы мықтап өрге басты. Колхоздар экономикалық жағынан нығая түсті. Халқымыздың азық-түлікке, өнеркәсіптің шикізатқа қажеті неғұрлым толық өтеле бастады. Сонымен қатар колхозшы шаруалардың тұрмыс жағдайы да жақсарды.

Бұл шаралардың бірі — тың және тыңайған жерлерді игеру шарасының игі нәтижесін біздің республикамыздың жағдайынан айқын көруге болады. Мәселен, Қазақ республикасы өткен 1958 жылда ғана мемлекетке 950 миллион пұт астық тапсырды. Бұл 1953 жылғы тапсырылған астықтан 6,5 есе көп. Егерде 1949—1953 жылдары орта есеппен жыл сайын мемлекетке 111 миллион пұт астық тапсырылған болса, 1953—1958 жылдары орта есеппен әрбір жылда 515 миллион пұт астық тапсырылды. 1958 жылы колхоздардың ақшалай табысы 6 миллиард 840 миллион сом болды, ал 1949 жылы бір миллиард сомнан

аз-ақ артық болған-ды. Ал әрбір жеке колхозшының нақты табысы 1958 жылы орта есеппен 1952 жылмен салыстырғанда 1,6 есе көбейді.

Не болмаса колхоз өндірісін қауырт көркейтуге көмектесу үшін көптеген маман кадрлар жіберу шарасын алыңыз. Ауыл-селоға, ауыл шаруашылығына Коммунистік партияның шақыруымен 35 мыңшылар келді. Солардың бірі Хвостов жолдас. Ол 28 Гвардияшылар атындағы ауданның «Путь к коммунизму» колхозының председателі болып тағайындалған еді. Осы колхоз екі жылдың ішінде егіс көлемін төрт есе көбейтті (кәзір 11 мың гектар), мемлекетке астық сату жоспарын артығымен орындап, оның үстіне әрбір колхозшы, басқа табысты айтпағанның өзінде, 300—500 пұттан астық алды. Бұл колхоз өндірісі нырайып, колхозшылардың тұрмысы жақсара түскенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылған шаралар мен табыстарымызды қорыта келіп, КПСС XXI съезі: «Совет халқының экономика мен мәдениет саласындағы тарихи жеңістері, партия мен үкіметтің соңғы жылдары іске асырған шаралары советтік құрылыстың және оның мызғымас негізі—жұмысшы табы мен шаруалардың одағын онан әрі нығайтуға жеткізді» деп көрсетті.

Партияның XXI съезі бекіткен жетіжылдық жоспар бұрынғыдан да күрделі саяси-экономикалық міндеттерді алға қойып отыр. Мұнда экономикамыздың негізі ауыр өнеркәсіпті оздыра өркендетуге, оның салалары металлургия, көмір, мұнай, электр қуаты, химия, құрылыс, машина жасау өнеркәсібі салаларына айрықша көңіл бөлінген. Өнеркәсіптің жалпы өнімі жеті жылда 80 процент өсуге тиіс. Соның ішінде қара металлургия өндірісі 1958 жылы 39,6 миллион тонна шойын қорытса, 1965 жылы 67—70 миллион тонна шойын қорыташақ. 1958 жылы 54,9 миллион тонна болат шығарылса, 1965 жылы ол 86—91 миллион тоннаға жетуге тиіс. Сондай-ақ алюминий 2,8—3 есе, мыс 1,9 есе көбейеді. Бұған үлкен үлес қосып отырған Қазақстанның металлургия кәсіпорындары, мәселен, «Қазақстан магниткасы», Соколов-Сарыбай, Балқаш комбинаттары мен басқа да кәсіпорындары қара металды 9,5 есе, оның ішінде болатты 17 есе, түсті металдарды 2 есе артық бермекші.

1959—1965 жылдары Совет Одағының машина жасау өнеркәсібі өнімді бұрынғыдан 2 есе көп береді, соның ішінде ауыл шаруашылығына миллионнан артық трактор, 400 мыңдай астық комбайнын, басқа да түрлі машина-жабдық бермекші. Қазақстанның машина жасау өнеркәсібі өнімін 9,5 есе көбейтеді. Бұлардың көпшілігі Қазақстан ауыл шаруашылығының керегіне берілуге тиіс.

Ауыл шаруашылығының өндіріс дәрежесін көтеріп, мәдениетін арттыра түсу бағытында электрлендіру жұмысы үлкен орын алады. Осыған орай елімізде 1965 жылға дейін барлық колхоз электрленіп болуға тиіс. Ауыл-селонның электр қуатын пайдалануы 4 есе, ал Қазақ республикасында 1958 жылмен салыстырғанда 4 есеге таяу артады. Осы сияқты өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы экономикалық байланыс басқа салада да күшейе береді. Мәселен, өнеркәсіп орындары ауыл шаруашылығына қажетті минералдық тыңайтқыш, мұнай, құрылыс заттарын, тағы басқа заттарды көп беріп тұратын болады.

Өнеркәсіптің осы сияқты тікелей байланысы мен көмегіне сүйенген ауыл шаруашылығының өндіріс күші арта береді, сөйтіп өнеркәсіпке шикізат пен қала еңбекшілеріне азық-түлікті молынан беретін болады. 1965 жылы Одақ бойынша 10—11 миллиард пұт, ал Қазақ республикасында 1,5 миллиард пұт астық алынуы керек. Мал шаруашылығының өнімі 1958 жылмен салыстырғанда екі есеге таяу. Қазақстан бойынша екі еседен артығырақ өндірілуге тиіс.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, қала мен деревняның экономикалық байланысын күшейтуде деревняға көптеген маман кадрлар жіберу шарасының алатын орны ерекше. Қазір тек республикамыздың ауыл-деревняларында 108 мың тракторшы, 33 мың комбайншы, 50 мыңдай шофер істейді. Кейінгі жылдары қаладан деревняға, ауылға 800 тәжірибелі маман басшы жіберілді. Жетіжылдық жоспар бойынша ауыл шаруашылығына көптеген маман даярланып жіберілмекші.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, қала мен ауыл-деревня арасындағы экономикалық байланыстың күшті бір саласы совет саудасы. Жетіжылдық жоспар бойынша мемлекет және кооператив саудасы орындарының тікелей халыққа сататын товар айналымы бұрынғыдан бүкіл Одақта 62 процент, Қазақстан бойынша 74 процент өспекші. Егерде 1958 жылы орта есеппен әрбір жан басына 3214 сомның товары сатылса, 1965 жылы 4790 сомның товары сатылашақ. Совет саудасы товарды тұтынушыларға жеткізіп, экономикалық байланысты күшейту жұмысын тынбай жақсартып береді.

Осы жоғарыда айтылған жайлардың бәрі қала мен деревня, жұмысшылар мен колхозшы шаруалар арасындағы өндіріс және сауда байланысын күшейтіп, жұмысшылар мен шаруалар одағын нығайта түспек.

Коммунизм құру үшін күресте үлкен орын алатын мәселенің бірі қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтарды, жұмысшылар мен шаруалардың таптық айырмашылықтарын жойып, бұл соңғыларды бірте-бірте бірыңғай коммунистік қоғамның еңбеккерлеріне айналдыру болады.

Жұмысшылар мен шаруалардың таптық айырмасы социалистік меншіктің екі түріне байланысты дедік. Сондықтан колхоз-кооператив меншігі бүкіл халық, мемлекет меншігінің дәрежесіне көтеріліп, арасындағы айырмашылықтары бара-бара жойылып, бірыңғай коммунистік меншікке айналуымен қатар жұмысшылар мен шаруалардың да таптық айырмасы жойыла береді, бұлар коммунизмнің бірыңғай өндірушілері, қызметкерлері болып қалыптасады. В. И. Ленин таптарды жою дегеніміз — бүкіл қоғамның өндіріс құрал-жабдығын азаматтардың бәріне бірдей ету, бүкіл қоғам меншігіне жататын кәсіпорындарында жұмыс істеуге барлық азаматтардың бірдей ерікті болуы деген сөз, «ол кезде қоғамда тек өндіруші-қызметкерлер ғана қалады, жұмысшылар мен шаруалар болмайды» (Шығармалар, 32-том, 257-бет) деп үйретті.

Жұмысшылар мен шаруалардың таптық айырмасын жою, бірыңғай коммунистік меншікті үстем ету оңай істеле қалатын жұмыс емес. Оған, әлбетте, белгілі уақыт, белгілі объективтік жағдай керек. Н. С. Хрущев КПСС XXI съезіне жасаған баяндамасында еліміздегі коммунизм құрылысының бай тәжірибелерін қорыта келіп, алдағы уақытта колхоз-кооператив меншігінің бүкілхалықтық меншікпен жақындасу жолдарын мезгеді, бара-бара қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтардың жойылу жолдарын көрсетті.

Сол сара жолдың бірі — колхоз экономикасының өсу негізі бөлінбейтін қорды молайта беру. Бұл колхоздың ортадағы қоры болғанымен, оның өсіп, көбейіп отыруына колхозшылар ғана емес, жұмысшылар да, мемлекет те белсене қатынасты, тиімді бағамен әртүрлі машина, тыңайтқыш, қаржы-қаражат беріп келді. Сондықтан да бұл қор — бүкілхалықтық мазмұны бар экономикалық категория. Бұл қор жылдан жылға өсіп келеді, болашақта да өсе бермек. Мәселен, 1940 жылы Қазақ республикасында колхоздың бөлінбейтін қоры 1,1 миллиард сом болса, 1958 жылы 6 миллиард сомға жетті. Колхоздың бөлінбейтін қорының өсіп, үстем бола беруі арқылы социалистік меншіктің екі түрі бірі мен бірі сөзсіз жақындаса беруге тиіс.

Мұның тағы бір жолы колхоздарда еңбектің қоғамдық дәрежесінің жоғарылауы, колхоздар арасында өндіріс байланысының артуы, колхозаралық қордың молаюы. Мәселен, колхоздар күш біріктіріп, электр станциясын, жол тағы басқа колхозаралық кәсіпорындар салады. 1959 жылы Қазақстан бойынша 30 колхозаралық құрылыс ұйымы жұмыс істеді. 1957 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі облыстары ірі құрылыс салу үшін жарна төлеу арқылы колхозаралық қор жасады.

Колхоз меншігін бүкілхалық меншігіне жақындататын тағы бір жағдай колхоздың қоғамдасқан шаруашылығын нығайтып, байлығын молайту негізінде колхозшылардың ет, сүт, картоп, овощ, жеміс сияқты азық, тағам жөніндегі қажетін өтейтін болуға жету, сөйтіп колхозшыларды жеке меншігіндегі өнімсіз ұсақ қосалқы шаруашылықтан арылту.

Партия мен үкімет жүзеге асырып келе жатқан ауыл шаруашылығын электрлендіру, өндіріс жұмысын машиналандыру, автоматтандыру шаралары да колхоз өндірісін жалпыхалық-мемлекет өндірісімен ұштастырады, колхозшылардың еңбегін индустрия еңбегінің бір түріне айналдырады, сөйтіп еңбек ету жағдайында да жұмысшылар мен шаруалар арасындағы елеулі айырмашылық жойыла бермек.

Міне, осы айтылғандардың бәрі колхоз меншігінің қоғамдастырылу дәрежесін жалпыхалық-мемлекет меншігінің дәрежесіне дейін көтере береді, сөйтіп екеуінің арасындағы айырмашылықтың, демек жұмысшылар мен колхозшылар арасындағы таптық айырмашылықтардың да жойылуына жеткізеді.

Қорытып айтқанда, социализмнің өндіргіш күштері дами бара коммунизмнің өндіргіш күштеріне айналады, осыған орай социалистік өндіріс қатынастары орнына коммунистік өндіріс қатынастары орнайды.

Совет адамдарының сана-сезімін, ұйымшылдығын көтере түсу бағытында, болашақ коммунизм қоғамының өнерлі де өскелең адамдарын тәрбиелеп өсіру үшін көп жұмыс істелуге тиіс. Өйткені коммунизм тұсында материалдық байлық мөлшері де, рухани өмір де ең биік сатыға көтерілмек. Бұл ретте жұмысшылар мен шаруалардың одағы жөніндегі Ленин идеясын насихаттау ісі маңызды орын алады.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы ауыл шаруашылығын жаңа сатыға көтеру, колхоз, совхоз өндірісін өркендету, колхозшылардың тұрмысын жақсарту түсу шараларын талдап шешті, жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың одағын шындай түсетін тарихи маңызы зор шешімдер қабылдады. Оларды бүкіл жұртшылыққа, әсіресе ауыл-село еңбеккерлеріне талдап түсіндіру, сүйікті партиямыз алға ұсынған келелі міндеттерді орындауға жұмылдыру кәзіргі кезеңдегі басты міндет.

Совет Одағында, демек оның ажырамас ұлттық бөлегі Қазақ республикасында да жұмысшылар мен колхозшы шаруалар одағының саяси және экономикалық негізін нығайту тәжірибесінің халықаралық маңызы, әсіресе социализм жолына түсіп жатқан шығыс елдері үшін өте зор. Еліміздің ғажайып табыстары ең қиыннан саналатын шаруа мәселесі мен ұлт мәселесі тек социализм дәуірінде ғана өте дұрыс шешілетінін көрсетеді.

АСҚАР БЕЛ АСУЛАРДА

Б. ӘЛИМАНОВ

Совет елі ерлік күрес пен жеңістің тағы бір жылын аяқтап келеді. Бұл өзі еліміздің тарихындағы айтулы да келелі жылдың бірі болды. Биылғы жыл талай асудан асқан жасампаз совет қоғамы әбден кемеліне келген, енді өнбойына біткен өрен күш тасқындай серпіп, дауылдай соғар алыпқа айналып, толықсып тұрған шағына жеткенін көрсетті. Биыл даңқты жетіжылдық жоспар қабылданды. Совет елінде коммунизм орнату ісінің кең көлемде өрістер кезені жеткені бүкіл жер шарына аян болды.

Коммунизм! Бұл бұрын ешкім көрмеген, білмеген қоғам. Ол тек адам ұрпағының асқан данышпандары, ақыл-ой кемеңгерлері адамзат қауымының өсіп-өркендеу, өзгеріс-төңкерісінің арғы-бергісін ақтара келіп, саралап талдай келіп, түйген қисыны мен болжауында ғана, теорияда ғана топшыланған қоғам. Ол қоғамның туына о заман да бұ заман қол жетпеген, өсер ұрпаққа, өркенді болашаққа асыл аманат болып қала берген ғажайып шарт жазылған: еркін еңбек ет те, есесіне керегінше ал!—делінген онда. Мұндай аманатты кім ардақтамас! Бұл қоғамға кім талпынбас!

Адамзат өткен бұрын-бұрысы, бұрылыс-бұлтарысы көп ұзақ жолда бұған талпынушылар да, талаптанушылар да болған. Оның өнеге тасын қалап, үлгісін көрсетпекшілер де шыққан. Бірақ олар ойлаған ниетін іске асыра алмай, құрғақ қиялмен қала берген. Сол қиялдың енді ірге тебер күні жеткенін, оған мұрагер күш пісіп жетілгенін, сондықтан да коммунизм елесі Европа жерін шарлай бастағанын, оның жарқын болашағын әлемге бұдан бір ғасыр бұрын алғаш рет Маркс пен Энгельс жариялап, ғылыми социализмнің негізін қалады. Коммунизм дәуірінің есігін ашып, іргесін орнатуды дүниеде тұңғыш рет ұлы Ленин басқарды.

Россия жерінде бұдан 42 жыл бұрын жеңген Ұлы Октябрь социалистік революциясы сол коммунизм дәуірінің, адамзаттың жаңа тарихының басталуы еді. Оны орнатушы күш өкімет билігінің тізгінін өз қолына алған жұмысшылар мен шаруалар, оның жетекші, басшысы Коммунистік партия еді.

Бұл қиялдың іске айналуы, асыл аманаттың иесін табуы еді. Ескі дүниенің өнбойын жарып шығып, өзегін тілген жаңа қоғам өзінің заңын, өнеге-үлгісін, мақсат талабын ашық айтып, әлемге жариялай келді. Ол жас та болса жасқанбады, батыл кірісті — азуы алты қарыс ескі дүниені егеске, тарихи жарысқа шақырды. Бұл күресте жеңіп шығып, социализм орнатпақшы екенін кесіп айтты.

Жананы жат санау, жасты кем санау, ерсі көру, жаныштап, дес бермеу — ескінің ежелгі әдеті. Ерте жасап, емін-еркін билеп-төстеп қалған кәрі дүние жаңа дүниеге қарсы тұрып, қарысып бақты. Ол жаңа қоғамды әуелі қарманып жіберіп, «қағып тастамақ» болды, шертіп жіберіп, жоқ қыла қоймақ болды. Мұнысынан олық жеп, енді ол жаңа дүниені ашаршылық апатының мейірімсіз ажалды тұзағымен тұншықтырмаққа да бел байлады. Жаңа дүниеге ол жаппаған жала, ол жақ-

паған күйе қалған жоқ. Ескі дүние бір кезде «Россия қара түнекте», «Советтер ертең—бір күні құриды», «Социализм—құрғақ қиял» деген сияқты сәуегейлік айтып, үкім шығарып та көрді. Ол жана дүниеге қарсы кекесін, келеке, сықақ құралын да аянбай жұмсады. Бірақ, ит үрді де, керуен көше берді. Жас жетіліп, буыны бекіді, бұғанасы қатты. Бір кезде айнала қоршаған түпсіз тұңғық шет-шегі жоқ алып мұхиттың тулаған толқынында жалғыз қара аралдай қарандаған жана қоғам дауыл мен тасқынға қайыспай, төтеп беріп, асқар шынға, мырғымас күзға айналды. Ескі дүниеге қарсы тарихи шайқаста ол талай қамалды алып, өскелең өмір, өрен күш иесі екенін көрсетті. Ол социализм орнатты. Енді ол коммунистік қоғам орнатуға кірісті.

Бір кезде Совет елінің өміріне кесім айтып, сәуегейлік жасаушылар, оның жоба-жоспарларын келеке, сықақ етуге жаны құмарлар бұл кезде сирек кездеседі. Ондайға енді есі дұрыс жан елікпейді. Өйткені Совет елінің күші мен ісін, сөзі мен сертін, оның беріктігін бұл күнде достар түгіл, жаулар да жақсы білетін болды. Совет елі жариялаған жоспар-жобалар орындалмай қалған емес. Сондықтан да биыл Совет елінен тараған жана хабар, — коммунизм орнатуды кең көлемде өрістету қолға алынды деген хабар — дүние жүзін тағы бір сілкітті.

Сонымен бүгін адамзат өз өмірінде жана тарихи кезең басталғанының — коммунизм орнату қиялдан іске ұласқанының, ол совет қоғамында күнделікті тіршілікке айналғанының куәсі болып отыр. Бір кезде елес қана болған сәулетті коммунизм ордасының жарқын бейнесі енді айқын көріне бастады. Оны толық көріп, асқар шыңына шығар күн енді қашық емес!

Міне, бұл екі дүниенің ең басты, ең шешуші майданында — шаруашылық құрылысы майданында қол жеткен жеңіс. Сондықтан да бұл ескі дүниемен егестегі ең күрделі, ең көрнекті жеңіс, заманымыздағы асқан зор оқиға. Оның жер шарын мекендеген бүкіл адамзат қоғамына, халықаралық жағдайға, берік бейбітшілік орнату ісіне тигізер әсері, жасар ықпалы есеп жетпес мол болды және бола бермек.

Бұл жеңіс социализм елін тағы бір бел асырып, дүние жүзіндегі игілік қазынасын, ең байлықты жасақтаушы еңбек адамы түгел қосап, түгел көксер қамына, көздер нысана-мақсатына айналдырды. Олардың социализм еліне деген берік сенімін, алғыс пен тілегін, айнымас достығын бұрынғыдан да бекіндірді.

Биыл дүние жүзін түгел сілкітіп, досты сүйіндірген, дұшпанды күйіндірген тағы бір орасан зор жаңалық озат совет ғылымының, техникасы мен мәдениетінің қол жеткен тамаша табысы еді. Совет ғылымы әлем кеңістігінің — космостың сырын ашты.

Адамзаттың сан ғасырға созылған ұзақ тарихы — жаратылыстың мөдіреу күштеріне қарсы ерлік күрестің, жеңіліс пен жеңістің, өкініш пен үміттің шежіресі. Бұл шежіре адамзаттың игілігіне аянбай қызмет еткен, сарқылмас қазына, өшпес мұра қалдырған, кейде осы жолда құрбан болған ардагер азаматтар есіміне толы. Алайда жаратылыстың ұңғыл-шұңғылына үңіле қадалып, дүлей-түнегін түкпірлей аралаған, сөйтіп талай ғажайып жұмбақты шешкен, атомның сырын ашып, оның алып күшін ауыздықтаған адамзаттың асқақ ой, қанатты қиялына есе бермеген сала әлі аз емес. Соның бірі әлем кеңістігі — космос болатын. Бұл өзі алғыр ой, даналық болжал иелері қиялмен ғана шарлаған жырақ сала, жұмбағы мол тың сала, шешімін табар шеберін күтіп жатқан сала болатын. Биыл совет ғылымы осы тынды игерді, жерді серікке молайтты, айға, әлем кеңістігіне жол тартты.

Қараңғы түнде нұрын шашып, албырт жас, асау жүрекке қашаннан сырлас-мұндас болған, жансүйер ғашыққа, асыл жар, аяулы аруға теңеу болып келген, алыстағы қол жетпес сұлу ай бұл күнде жақындай түсті, айналасы екі күндік жер болды. Сұлу айға тұңғыш рет тана та-

ғылды, совет елінің жеңімпаз қызыл туы тігілді, социалистік мемлекеттің гербі орнатылды. Совет ғылымының табысына тарту ретінде әмеге бірдей ай сұлу осы кезге дейін «жетсең көр, жеңсең ал» деп жасырып келген арғы бетін көрсетті.

Совет ғылымы адамзатты шығарған биік шың — Отанымыздың бойына біткен алып күштің, сарқылмас қайраттың, оның өсіп, өркендей беретіндігінің бейнесі. Ол шыға алмас шың, ол ала алмас қамал жоқтығының бейнесі. Бұл бүгін ғылым тізгіні совет елінің қолында екенінің айғағы. Сондықтан да бұл жеңіс дүние жүзіне түгел ой салды. Жорық дабылын қағып, шеру тартқан желікпелер, сотқар соғысқұмарлар — бейбітшіліктің дұшпандары желігін басып, аяғын тартты.

Екі системаның бейбіт жарысында үздік шығып, жүлде алған, сөйтіп ілгері ниетті адамзаттың алғысына бөленген совет ғылымының, совет ғалымдарының, инженер-техниктерінің, жұмысшыларының бүгінгі табысы — сәулетті Отанымыздың ертеңгі тамаша болашағының жаршысы. Бүгін еліміз ескі дүниеден ғылым жағынан озса, ертеңгі күн — өзге саланың кезегі. Өзге саладан бүгін ескі дүниенің қара тұтары, еңбек адамын азғырар алданышы әлі де озық жатқан Америка Құрама Штаттары болса, оны қуып жетіп, басқа саладан да басып озар күн енді тіпті қашық емес. Әне, сонда егестегі екі дүниеге тарих өзінің ақырғы шешімін айтпақ, кім артық, кім кемдігіне үзілді-кесілді үкімін шығармақ. Адамзат қоғамы дамуының айнымас заңдары, Ұлы Октябрь социалистік революциясы салған сара жол қалың жынысты, қамалтұйықты қақ жарып, қасқая тартып, адамзатты осы тарихи үкім шығатын күнге аумамай бастап келеді.

Тарихқа биыл қосылған бетке тағы бір асқан зор жаңалық жазылды. Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрущев жолдас Америка Құрама Штаттарына барып қайтты.

Бір мемлекеттің басшысы екінші мемлекетке сапар шегуінен, қонаққа баруынан кең дүние ешқашан кенде болған емес. Ондай сапар ай сайын, апта сайын болып жатады. Және оның көбі елеулі із қалдырмайды, жұртшылықтың жүрегін толқытып, ойын оятпайды. Совет мемлекетінің басшысының Америка Құрама Штаттарына баруы осы көл-көсір сапарлардың бірі емес, ерекше сапар болды. Сондықтан бұл сапар миллиондар көз тігіп, үміт күткен сапар болды.

Америка Құрама Штаттары капитализм жеткен ең биік шың. Кешегі дүниежүзілік соғыс өртінің тұтануына, сөйтіп, сан мыңдаған қалалар мен селолардың жер бетінен өшуіне, сан миллиондаған адамдардың құрбан болуына дем берген де осы Америка империалистері болатын. Қанқұйлы герман фашизмі осы Америка империалистерінің аямай төккен долларынан өнген. Соғыс салған жаракат жазылмай жатып, көзден аққан жас кеуіп, қаралы мұнның шері тарқамай жатып, жана соғыс қамына кіріскен де алдымен осы Америка болатын.

Империализмнің ең бір сұмпайы, ең бір жексұрын перзенті — «қарусыз соғыс» — «қырғиқабақ соғыс» дейтін ылан осы тұста дүниеге келген. Оның туған жері, өрбіген ордасы да осы Америка Құрама Штаттары. Коммунизмге қарсы күресу ұранын көтерген, атом қаруын кезеніп, айбат шеккен, капитализмнің бойына туа біткен қырсықтың бәріне коммунизм кінәлі, сондықтан оған бітім жоқ, сорыспасқа ылаж жоқ деп жариялаған, адамзатты коммунизм «апатынан» «азат» етпекке, әлеуметтік, ұлт-азаттық қозғалыстарды құртпаққа ант берген де осы Америка Құрама Штаттарының империалистері.

Америка империалистері бастаған «күш көрсету» саясаты бүкіл әлемді апат шегіне жеткізді. Соғыс қаруының, жаппай қыру құралының алуан түрі пайда болды. Мемлекеттердің күш-қаражатының деңгейі соларды молайта беру қызметіне жұмсалды. Жер шарын соғыс одақ-

тары, блоктар, топтар, соғыс базалары қаптады. Бұл жолы бір аймақта, бір елде ғана емес, бүкіл жер жүзінде өмір мен өлімді таразы табағына салған сұрапыл соғыстың қалың қара бұлты түнере түсті. Осының бәріне Америка Құрама Штаттарының билеп-төстеушілері бастаушы болды. Осының бәрі «коммунизмге қарсы күрес» ұранымен істелді.

Іштен жегідей жеген қайшылықтар дерті мендеген капиталистік дүние — өзара қырқыс, тартыс дүниесі, әлді жыртқыш әлсіз жыртқышты жалмау дүниесі. «Коммунизмге қарсы күрес» деген даурықпа дүрмегі үстінде өзінің уяластарын, жолдас-жораларын, одақтастарын жұтып қою, сөйтіп ескі дүниеге түгел үстемдік ету ниетінен Америка Құрама Штаттарының империалистері ешқашан аулақ болған емес. Солай болып та отыр. Алайда, Америка Құрама Штаттарының империалистері жүргізген әрекеттің ұшбыр сүнгісі, өткір жүзі ең алдымен социализм елдеріне қарсы бағытталған.

Совет елінің басшысын қонаққа шақыруы Америка Құрама Штаттары билеуші топтарының атышулы «қырғиқабақ соғыс», «күш көрсету» саясатының күйреуі еді. Бұл егестегі екі дүние күштерінің ара салмағы социализм пайдасына ауысуы еді. Капитализм дүниесі күштіні, қорыққанын ғана сыйлайды. Совет елінің басшысын Америка Құрама Штаттарының қонаққа шақыруы осындай «сыйластықтың» жөрелгісінен еді. Ендеше бұл жер тәңірісі жалғыз өзімнің дейтін Американың, коммунизмді құртпақшы болған «құдіретті» Американың есіне келіп, жуасуы, өзінен зорлар шыққанға қол қоюы еді. Бұл оның № 1 коммунизм елінен № 1 коммунисті тұңғыш рет «сыйлап» қонаққа шақыруы еді. Сондықтан да Совет елінің басшысы Америка Құрама Штаттарына барған тарихи сапар соғыс қаруын түгел жою жөнінде Совет мемлекетінің ұсынған жоспары егестегі екі дүние арасындағы, халықтар арасындағы қарым-қатынаста үлкен өзгеріс, зор бетбұрыс басталғанын көрсетті.

Бұл игілікті сапар қаратүнек соғыс қаупінің қапырығы тұншықтырған дүние жүзіне салқын самалдай есті. Ілгері ниетті адамзаттың бейбіт тіршілікке деген сенім мен үміт білтесін тұтатты. Шығыстан соққан самал жел бейбітшіліктің жаулары мен халықтар жарастығының қас дұшпандары таратқан өсек пен өтірік, жала тұманын серілтті, халықтар арасындағы шиеленіс түйінін босатты. Америка Құрама Штаттарының билеп-төстеушілері мен оның жандайшап күйіршықтарының «қырғиқабақ соғыс» саясаты қатырған қалың мұз шатынап, жіпсіз бастады.

Совет үкіметі басшысының Америка Құрама Штаттарында болуы — Совет мемлекеті бейбітшілік жолындағы күрестің берік тірегі, қажымас қайраткері екенін, баянды бейбітшілік орнату тағдыры ендігі жерде ең алдымен осы мемлекеттің, бүкіл социалистік лагердің беделі мен күшіне, күресіне байланысты екенін дүние жүзінің халықтары айқын сезді. Бұл сапар социализм елінің жаулары таратқан өсек пен жаланың пердесін сыпырып, дүние жүзінің еңбекшілеріне, оның ішінде Америка жұртшылығына совет елінің шын тұлғасын танытты. Қаһарман совет халқы орнатып жатқан коммунизм жайын баяндаған жалынды сөздер, шындыққа суарылған өткір де өктем сөздер бүкіл әлемді ұйытты. Бұл сапар бейбітшілікті аңсаған барша халықтарға адамзат қоғамының өсу-өркендеу, даму бағыты қайда бет алғанын, күштің салмағы қайда ауғанын, жаңа бағыттың өскелең бағыт екенін көрсетті. Бұл тарихи сапар совет елінің, бүкіл социалистік лагердің халықаралық беделін тағы бір шынға шығарды, достарын, тілектес-ниеттестерін молайтты. Бұл сапар барлық елдердегі коммунистік партиялар мен жұмысшы партияларының бейбітшілік, демократия, социализм жолындағы ерлік күресіне дем берді. Бұл сапар әлеуметтік-экономикалық құрылысы әртүрлі екі дүниенің — социализм мен капитализм дүниесінің бей-

бітшілікке, ұзақ уақыт бойына қатар өмір сүруіне қажетті шарттардың бәрі бар екенін әбден айқын көрсетті. Сондықтан да бұл сапарды дүние жүзінің халықтары жарастық, бейбітшілік сапары, Совет мемлекетінің сыртқы саясатының салтанат құрған сапары деп атады.

Совет елі биыл дүние жүзі халықтарына қару біткенді түгел құртып, соғыс атаулыны біржолата жоғалту жоспарын ұсынды. Даулы мәселені кеңесу, келісу жолымен шешу шартын ұсынды.

Көпті көрген көне дүние тыныштық пен бейбітшілік заманды, «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» заманды, жер бетінде жарастық дәуірін сүруін аңсаған арман мен аңызға толы. Қанды қырғын соғыс, озбырлық, қарақшылық, қанау, тонау жер бетінен жоғалып, туысқандық, жолдастық, сенім мен көмек, теңдік пен әділет ел мен елдің, нәсіл мен нәсілдің, үлкен мен кішінің, еркек пен әйелдің арасындағы қарым-қатынастың айнымас дәстүрі, өзгермес өлшемі болуын адал ниетті адамзат ежелден арман етіп келеді. Бұл өзі сонау жоқшылық, құлдық, басы-байлы пенделік мендеген алыс заманнан, ар мен намыс, абырой мен бедел, ерік пен жігер түгел саудаға түсіп, ақшаға шағылған азғын заманнан, талай аласапыран, аумалы-төкпелі күндерден кіршіксіз таза сақталып, ұрпақтан ұрпаққа қалып келген асыл мұра. Бұл талай көсемді, талай шешенді тебіренген арман. Бірақ ұзақ ғасырлар бойына іздеген иесін, сүйенер күшін, мұрагер елін таппай келген арман. Сондықтан да адамзаттың ең асыл ой, ардақты дәстүріне, арманы мен мұңына түгел мұрагер болған совет елі ұсынып отырған жоспар адамзат үшін айға ұшумен санаттас ғана емес, онан да зор жаңалық. Бұл жеңген социализм елі өсірген жеміс. Аялар шеберін, өсер орнын тапқан жеміс. Оған өнді зауал жоқ. Оның совет жеріне терең орныққан тамыры өнді тосқауыл, кедергі біткенді қопара отырып, өсе, жетіле бермек, жеңіп шықпақ. Өйткені бұл бейбітшілік дұшпандары танып-жүргендей бос даурықпа, бұлдыр сөз, тұрлаусыз қиял—утопия емес. Бұл берік ірге тепкен, дүние жүзінде сан жүз миллиондаған ниеттес достары бар бүкіл социалистік лагерьдің күдіретті күшіне сүйенген қасиетті жоспар. Сондықтан да оны дүние жүзінің елдері түгел мақұлдады.

Женімпаз социализм елі аяқтағалы отырған 1959 жылдың даңқты оқиғалары, міне, осындай. 42 жыл жасаған Совет мемлекеті әбден кемеліне келген күдіретті күшке айналды. Ескі дүниемен егесте бір кезде ол жалғыз болса, өнді дос-жаранды, терезесі тең, туысқан елдердің бірі, арқа сүйер ағасы. Бір кезде ол мешеу болса, өнді дүние жүзінде екінші орынға шыққан озық ел. Бір кезде халқының көбі сауатсыз болса, өнді ғылым-білімнің туын тіккен, адамзатқа жол бастап, жөн сілтеген ел. Бір кезде ол осал, әлсіз болса, өнді жау-жарағы сай, жабдығы мол, шенінен жау жүргізбес ел болды.

Жаңа дүние — социализм дүниесінің туына бейбітшілік ұраны жазылған. Социалистік дүниеде соғысу, жауласу емес, бейбітшілік, татулық, достық, теңдік, өзара көмек, бөтеннің жеріне қол сұқпау үстемдік етеді. Күдіретті соғыс қаруын совет елі ешқашан бөтеннің жерін тартып алуға, елін құлдануға, өз тұрмысының салтын өзгеге таңуға жұмсаған емес және ешқашан жұмсамақшы да емес. Сондықтан да Совет елінің биылғы табысы — оның бүкіл өмірінің жемісі, бүкіл өмір бойына ол жүргізген лениндік бейбітшіл сыртқы саясаттың, бүкіл социалистік лагерь, дүние жүзіндегі ілгері ниетті адамзат түгел қолдаған саясаттың жемісі.

Совет мемлекеті дүниеге келген күннен бастап, капиталистік елдер мен тұңғыш социалистік мемлекет арасындағы қарым-қатынас мәселесі күн тәртібіне қойылды. Совет мемлекеті, Совет Одағының Коммунистік партиясы алғашқы күннен бейбіт қатар өмір сүру саясатын ұсынды. Бұл саясат әлеуметтік-экономикалық құрылысы әртүрлі систе-

малардың қайсысы артық екенін бейбіт жарыс шешсін, ол экономиканы, мәдениетті, халықтардың әл-ауқат дәрежесін арттыру жарысы болсын, апатты қару шығару жарысына айналмасын дейді. Бұл саясат екі системаның арасындағы қайшылықтар, тап күресі, экономикалық жарыс, идеялық күрес мемлекет арасындағы қарым-қатынасқа араластырылмасын; бұл саладағы тартыс қару күшімен шешу тәсіліне ұласпасын дейді.

Бейбіт қатар өмір сүру саясаты даулы мәселелерді соғыспен шешу тәсілінен үзілді-кесілді бас тартуды жақтайды. Ол саясаттың туында мемлекеттік, қоғамдық құрылысын өзгерту немесе құлдану мақсатымен бөтеннің ісіне қол сұғу, жерін жаулап алу, тәуелсіздігіне нұқсан келтіру болмасын, саяси, экономикалық қарым-қатынастар екі жақтың терезесі тең болуына, екі жаққа да тиімді, пайдалы болуына негізделсін деген ұран жазылған.

Совет мемлекеті ұсынған, бүкіл жарты ғасырға жуық уақыт бойына бұлжытпай қолданылып келген бейбітшілік саясаты, екі система арасында бейбіт қатар өмір сүру саясаты дұшпандар айтып жүргендей тіршіліктің күнделікті ағымына қарай өзгеретін құбылмалы, негізсіз саясат емес. Бұл саясат қоғам дамуының заңдарына, марксизм-ленинизмнің мызғымас ережелеріне сүйенген берік саясат. Сондықтан да бұл саясат ылғи жеңіп келеді.

Социализмнің жаулары бейбіт қатар өмір сүру саясатын, оның кімге де болса түсінікті қарапайым шарттарын бұрмалап, өңін айналдыру мақсатында неше түрлі сұрқиялық әрекет те жасап бақты. Совет еліне, бүкіл социалистік лагерге, оның бейбітшіл сыртқы саясатына жала жауып, күйе жағу жолынан күш аяған жоқ. Өздерінің арам ниеттерін іске асыру, жұртшылықты алдау, адастыру, халықтар арасында өшпенділік отын тұтандыра түсу, сөйтіп соғысқа еркін әзірлену үшін бейбітшілік дұшпандары Совет елін соғысқұмар басқыншы деп те жариялады, ол дүние жүзін өзіне күшпен бағындыруды, соғыс жолымен барлық елде коммунизм орнатуды көздейді деп даурықты. Бейбітшілік саясатына олар «қырғиқабак соғыс», «күш көрсету» саясатын қарсы қойды, жанталаса қарулану, агрессияшыл одақтар құрумен жауап берді. Бейбітшілік жаулары «қырғиқабак соғысты» сан рет қарулы соғысқа айналдырды. Кореяда, Үнді-Қытайда, Тунисте, Мароккода, Египетте, Алжирде соғыс өртің тұтатып, бейбітшіл елдерді арандатуға, сөйтіп дүние жүзін соғыс апатына ұрындыруға әрекеттенді. Олар «құлдыққа түскен елдер аптасы» дейтін сұрқиялық науқандар да ашты.

Социализм жаулары марксизмді «сынап», «шенеп», оны «істен шығаруға» тыраштанып бақты. Олар капиталистік құрылысты өздерінше дәріптеп, оған «халықтық капитализм», «тазарған капитализм» деген сияқты ат қойып, айдар тақты, бояп, жамап, жасқап бақты. Тіпті «капитализм» деген бүкіл еңбек адамына жексұрын болған аттан безіп, оны «экономикалық гуманизм қауымы» деп атамақшы да болды. Бірақ мұнан капитализм өзгерген жоқ, ескі жыртқыштық, қанаушылық, езушілік, соғысқұмар агрессорлық қалпында қала берді.

Совет мемлекетінің, бүкіл социалистік лагердің бейбітшіл сыртқы саясаты, бұл саясатты дүние жүзінің бейбітшіл елдері мен күштерінің жақтауы империалистік агрессорлардың арам ниеттерін іске асыруына, дүниені бұрын-соңды болып көрмеген апатты соғысқа ұрындыруына жол бермеді.

Биылғы жыл Совет мемлекетінің бейбіт қатар өмір сүру саясатының асқан зор жеңіске жетуінің тағы бір үлкен белесі болды. Бұл саясат халықаралық шиеленістерді бәсеңдетуге, «қырғиқабак соғыс» саясатынан туған қалың тұманды серпілтуге жеткізді, соғыс біткенді атымен жоғалтудың ең түйінді шарасы — соғыс қаруын толық жою мәселесін күн тәртібіне қоюға жеткізді. Бұл күнде бейбіт қатар өмір сүру

саясатының шарттарын белді, іргелі капиталистік елдердің көрнекті басшылары да қабылдап, оны қолдануды жақтайтын болды.

Бірақ бейбітшілік жаулары, оның іргетасын қопаруға тырысушылар әлі аз емес және олар осал да емес. Кәзіргі егестегі екі дүние—шиеленіскен күрес дүниесі, күн сайын, сағат сайын сайысқан қарама-қарсы екі идеологияның майданы. Бұл майданда бітім жоқ.

Оны осалдату саясат, экономика майданындағы жарысты мерт қылады, бүкіл бейбітшілік ісіне, советтік Отанымыздың қорғанымпаздық күшін нығайта беру ісіне нұқсан келтіреді. Сондықтан да идеология майданында қырағы болу, буржуазиялық идеологияның барлық түрін аяусыз әшкерелеу — өмір сүруіміздің, өркендеп, өсе беруіміздің, Отанымыздың беделі мен қуатын арттыра беруіміздің бұлжымас заңы.

Бүкіл прогресшіл адамзатқа жарық жұлдыз болған, болашаққа деген ілгері ниет, ізгі үміттің тірегі болған жаңа заман орнатушы қаһарман совет халқы кәзір асқар бел асуларда. Ұлы табыстармен бір жылды аяқтап, ол енді жаңа жылға қадам басқалы отыр. Жаңа жылдың өрісі биылғыдан да кең, жемісі биылғыдан да мол болмақ. Бұған биылғы жылдың қорытындылары, бүкіл 42 жылдық өміріміз бен күресіміз кепіл. Бұған Отанның данқын арттыра беруге туыскандығы жарасқан совет халқының әрқашан тас-түйін әзірлігі, болаттай бірлігі кепіл. Бұған бізді айбынды қызыл туына жеңістен жеңіске бастау, сәулетті коммунизм орнату деген қасиетті серт жазылған ұлы Коммунистік партия, оның лениншіл Орталық Комитеті басқарып отырғаны кепіл.

Сәкен Сейфуллиннің революциялық өлеңдері

С. ҚИРАБАЕВ,

филология ғылымының кандидаты

Қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі Сәкен Сейфуллин өзінің әдеби қызметінде әр жанрда еңбек еткен жазушы, ақын, драматург, әдебиет сыншысы және зерттеушісі ретінде танылса, әлеуметтік-қоғамдық қызметінде табанды революциялық еңбегімен бағаланады. Ол қазақ ақын-жазушыларының ішінде революцияға тікелей қатысқан, революциялық күрестің ауыртпалығын басынан кешірген және революциядан кейін осы өмірді әдебиетте үзбей жырлаған бірден бір ақын болды. Ерте кезден жаза бастағанымен Бейімбет Майлин де, Ілияс Жансүгіров те революция тақырыбына бірден келе алған жоқ. Бұлардың және солармен ілесе шыққан Сәбит Мұқановтың да Октябрьді жырлауы Сәкеннен көп кейін басталады.

Сәкеннің алғашқы өлеңдер жинағы — «Өткен күндер» деген атпен 1914 жылы Казанда басылды. Бұл кезде ол Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқитын. Сол кездің өзінде-ақ Сәкен қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге араласып, студенттер арасындағы демократияшыл бағытты қолдады. Ол студенттердің «Бірлік» ұйымының жұмысына белсене қатысты.

Сәкеннің нағыз революцияшыл шығармалары оның революциялық іске араласуы кезінен басталады. Семинариядан кейін Нұра бойында бала оқытып жүріп, Сәкен 1916 жылы июнь жарлығы кезіндегі халықтың толқуын, Февраль революциясы кезіндегі уақиғаларды көрді. Халық азаттығы үшін күрес дәуірінің басталғанын байқады және өзі де осы халықтық іске белсене араласа бастады. 1916 жылы июльде жазған «Толқын» атты өлеңінде ол сұралыл соққан көл толқыны да, тітіреп жарылған жер толқыны да басылар, бірақ көкіректі кернеген қасірет-қайғы толқыны басылмас деген ой айтты.

Патша өкіметі құлағаннан кейін-ақ Ақмола большевиктері қалада совет өкіметін орнату, Совдеп құру жұмысына кірісті. Олар уақытша үкіметтің саясатына да, қазақ ұлтшылдарына да қарсы шығып, нағыз халықтық революцияшыл бағытты ұстады, халықты революцияға, теңдікті өз қолымен алуға шақырды. Міне, осы жайларды жалынды большевик ақын сол кездің өзінде-ақ жырлап үлгерді. Ақынның осы тақырыптағы көп шығармалары кейін оның «Асау тұлпар» атты жинағына (1922) кірді. Бұларда Сәкен туған халқына бостандық, бақыттың таяу екенін айтты.

Сәкеннің бүкіл ақындық жолына тән ерекше бір қасиет — оның белгілі бір дәуірге, оның сыпатына сай сүйіп қолданған әдебиеттік образдары десек, бұл образдар ақынның осы кезде жазылған өлеңдерінің өзінде-ақ мол ұшырайды. Соның өзінде бұл кездейсоқ емес, халықтық идеяға берік ақынның әбден шынығып, көкірегін жарып шыққан ой-арманы, қиялы болып отырады.

«Арнау» деген шығармасында басына жүген-құрық тимеген асауды мініп, қазақтың ең даласына сыймай жүрген ақын бойында бір ерекше күш барлығы аңғарылады. Шығарманың лирикалық кейіпкері асау тұлпарын «орғытып, ұшырып жүріп, көкіректі кернеп, кең дала-

ны күңіретіп, қатты айқайлап» ән салады. Оның әніне «кең дала, ақ-қулы, қазды шалқар көл, қамысты, құрақты көк өзен — бәрі шуласып қосылады, шаттанады».

Өлеңге «Далада» деген екінші қосымша аттың берілуі де тегін емес. Мұның өзі бұрын тыныштық басқан далада өмірі шықпаған бір жаңа үн естіліп, жаңа күш бой көрсеткенін байқатады.

Шығарманың ақ өлең үлгісімен жазылуының өзі ақын идеясын ашық беріп, оны публицистикалық пафоста жырлау үшін әдейі алынған сияқты.

«Сендерге қарындастар,
Сендерге інілер,
Сендерге арналды бұл әндер!

Дүниенің құлдық шынжырын қиратып, әділдік, теңдік іздеген, тұрмыстың таршылық зынданын бұзып, еркіндік, кеңдік іздеген, көкірегі жанып бақыт іздеген жастар, сендерге арналды бұл әндер!

Үнемдеп өлшеп күн өткеру үшін тумай: дүниенің сасық байлығына жетуді мақсұт қылмай, қырандай жер-көкке қанат жайып, қырандай дүние шетіне көз жіберген, асау тұлпардай қиырсыз жерге құлаш керіп бақыт, махаббат іздеген жастар, сендерге арналды бұл әндер!» — дейді ол «Арнауға».

«Арнау» өзінің революциялық пафосымен де, жазылу ерекшеліктерімен де М. Горькийдің «Дауылпаз», «Сұңқар туралы жыр» атты шығармаларына ұқсайды. Орыс әдебиетінде Горький шығармалары өз дәуірінде қандай қызмет атқарса, қазақ топырағында «Арнау» да соңшалықты қызмет атқарғаны әрі шындық, әрі бүгін де сүйсініп, еске аларлық тарихи факт. Ақын мұны, сөз жоқ, М. Горький әсерімен жазған. Екі жазушының образды пайдалану, шешу, оны революция идеясына ұштастыру әдістері де ұқсас. Сонымен бірге «Арнау» — «Дауылпаз» да, «Сұңқар туралы жыр» да емес. Нағыз қазақ топырағында туған, қазақ ақынының қолынан шыққан, революциялық идеяға бай, өткір, жалынды төл шығарма.

Ақынның осы сүйікті образы — асау тұлпар оның сол кезде жазған өлеңдерінің бәрінде де дерлік бар. Сәкен революция майданына шыққанда да, халық мұнын жоқтап ен даланы кезгенде де, бостандықты қарсы аларда да осы тұлпарына мінеді. Оның үні ескі өмірдің шырқын бұзады, жаңа дәуірдің лебін сездіреді.

1917 жылдың мартында жазған «Асығып тез аттандық» атты өлеңінде Сәкен Февраль революциясының жеңісін — патшаның құлауын құттықтай отырып, істің мұнымен бітпегенін айтады, ақын асау тұлпарына мініп, «бостандықты қарсы алуға аттанады», «Сарыарқаға таң атқызу» үшін асығыс жолға шығады.

1918 жылы майда шет ел интервенттерінің көмегімен жергілікті казактар советке қарсы көтеріліс ұйымдастырып Ақмолада Совет өкіметін құлатып, Совдеп басшыларын тұтқынға алады. Тұтқындарды аяқ-қолын кісендеп, әуелі Ақмола, кейін Қызылжар, Омбы түрмелерінде ұстайды. Атаман Анненковтың азап вагонында болған Сәкен және оның бір топ революционер жолдастары адам айтқысыз қиыншылықты бастан кешіреді. Сәкен 1919 жылы мартта Омбыдағы, Колчактың тұтқын лагерінен қашып шығады. Өзінің революция кезіндегі осы өмірін жазушы «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабында кең суреттейді.

Сәкеннің осы кездегі өлең-жырлары ақынның бостандық сүйгіш албырт көңілінің түрмеде жатқанда да жасымағанын көрсетеді. Сонда да ол тұлпарын сағынады, оған мініп көп үшін күреске шығар күнді күтеді.

Темір торлы тас үйде
 Қөкірегім толды шерменен.
 Қанатты тағы тұлпарым,
 Арқырап келші кермеден.
 ...Құтқаршы мені қамаудан
 Шынжырлап ерік бермеген.
 Мініп ап шүу деп кетейін
 Жарысып сокқан желменен.
 ...Өңкей сорлы езілген
 Көрісейін елменен, —

деп армандайды.

Сәкеннің түрмеде жазған өлеңдері — оқушының назарын аударарлық құнды шығармалар. «Адасқандарға» атты өлеңінде ақын өзінің революциялық мақсат-тілегі:

Нашарларға болысып,
 Құштілер бетін қайыру.
 Тырнағынан олардың
 Езілгенді айыру, —

екенін ашық айтады.

Осы кезде жазылған «Қамаудан» атты тамаша өлең Сәкеннің сезімтал, ойшыл, лирик ақын екенін айқын аңғартады. Мұнда дұшпандарының қолына түсіп, тас үйде жатқан тұтқынның көңіл күйі, табиғатпен сырласуы, сұлу табиғат көрінісіне ынтық ақын жаны шебер беріледі.

Ел сағынышы Сәкеннің «Түрмеден қашып шыққанда» деген өлеңінде де молырақ көрінеді. Осының өзінде «Қапастан кеңшілікке қашып шығып, матауға көндікпей, жер басып» жүрген асау ақын мінезі бар. Бір кезде қолға түскен бүркіттей іші пысқан ол енді сұңқарша ұшып, «жер-көкті қапсыра құшып» еркіндікке самғауды тілейді.

Тіршілік, тұрмыс менікі.
 Ауаны бір жұтайын.
 Кеудемді керіп жұтайын,
 Бар ауаны құртайын.

Осы бір жолдардың өзінде үлкен сыр, өмір бар. Тұтқыннан босасымен-ақ жігерлі ақын тіршілікке, тұрмысқа өзін ие санайды. «Құнтұн қатып бостандыққа» жетпек болады. Осы шумақтың қайталанып келген соңғы екі жолының өзі өмірге шексіз құштарлықты аңғартады.

«Боранда», «Біздің жақта», «Бабаларымыз», «Қамыққан көңілге» атты өлеңдер — Сәкеннің Колчактың тұтқынынан қашып шығып, Павлодар жерін аралап жасырынып жүрген кезінде жазғандары. Мұнда да ақынның әртүрлі көңіл күйі, әртүрлі өмір суреттері бар. Табиғат суретін халық өмірімен байланыстыру, елді сағыну, шет жерде жабығып, тұрмыстың ауыртпалығын көргенін қаразаға түсіру — ақынның бұл өлеңдеріне де тән. Бірақ жалынды революционер ақын мойымайды, қамыққан көңіліне өзі:

Қажыма, ер көңілім, бәрі де өтер.
 Сан азап бір күнгідей болмай кетер,
 Қара түн басып тұрса алды-артыңды,
 Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер. —

деп басу айтады.

Ақынның ендігі бір топ өлеңдері оның революциялық күрес жолына қайта аттанып, елді азаттыққа шақырған үнін бейнелейді. «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабында жазғандарына қарағанда, ол «Жас казак марсельезасы» деген өлеңді Әулиеата (кәзіргі Жамбыл қаласы) Совдепіне Арқа жақтағы Колчак үстемдігін құлату үшін көмек сұрай

келген жолы жазған көрінеді. Осы «Жас қазақ марсельезасы» мен ақынның «Жолдастар» деген өлеңі сол кездегі қазақ ауылдарында революция гимнінің қызметін атқарды. Ескі тұрмысты сілкіп тастап, бостандыққа ұмтылған ел:

Жойылсын құлшылық, кемшілік!
Жасасын әділдік, теңшілік!
Бұрынғы қу қыспақ жол қалсын,
Өз еркін бұқара қолға алсын!
Жауыздық тамырын қиялық!
Қулардың аранын тиялық!
Ақ ниет азамат ерлерді
Бір тудың астына жиялық!

немесе,

Біз көргенбіз қорлықты, жылағанды.
Көздің жасын көл қылып бұлағанды.
Балғын білек күшімен алармыз біз
Неше мың жыл құдайдан сұрағанды,—

деп ән шырқағаны мәлім. Бұл екі өлеңнің дүниежүзілік революциялық күрестің гимні болған «Марсельеза» мен «Интернационалдың» тікелей әсерімен жазылғанын аңғару қиын емес. Сәкен осы екі шығарманың идеясын қазақ өміріне байланысты, жанаша рухта жанаша жазады.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында жазған бірқатар өлеңдерінде ақын революция жеңісін қорғап қалған ерлердің образын жасайды, олардың күрес жолын бейнелейді. «Тіршілік көркі, мәнісі — екпін, ерлік» дейді ол. Ақын халықтық өкімет женгенмен, күрес әлі біткен жоқ, жауларын — байлар» деп елді тап жауын әшкерелеуге шақырады. Сонымен бірге социалистік қоғам орнататын жаңа күш, жаңа қарқын халық бойында екенін көре біледі. «Кімде-кімнің тасқын судай қайраты» деген өлеңді ақынның осы тұста жазғандарының шоқтығы десе болады.

Сәкен революцияны тек күрес кезіндегі әдебиеттің тақырыбы ғана емес, біздің бүкіл социалистік құрылысты жырлайтын әдебиеттің өмірлік тақырыбы деп түсінді. Сондықтан да ол өзінің кейінгі еңбектерінде де бұл тақырыпқа арнап елеулі шығармалар туғызды. Ақынның революциялық идеяға беріктігі мен оны өз творчествосының негізгі сарыны деп санауы Сәкеннің «Экспресс», «Домбыра», «Ұйымдастыру, еңбек шарт — жалшылар қорғаны», «Тұрмыс толқынында», «Көкшетау», «Альбатрос», «Социалистан», «Қызыл ат» атты кітаптарына кірген шығармалардан да анық көрінеді.

1923 жылы жазған «Алтай» деген өлеңінде ол революциялық идеяның Азияға да кең тарауына, Азия халықтарының бостандық алуына тілектестік білдіреді. «Азияның айбынды қарауылы» — Алтай тауының ақын қиялына шамалас асқақ табиғатын суреттей келіп, Сәкен:

Уа, шіркін, Шың-құзына келіп шығып,
Отырсам қызыл жібек әлем байлап, —

деп түйіндейді. Сол шыннан бүркітше айнала дүниені көзбен шолып, бүкіл Азияға ұран салуға құмартады. Мұның өзі Европа мен Азиядағы азаттықты көксеген халықтар күресінің идеясын жырлау екені айқын көрініп тұр.

Бүкіл халықтар азаттығын насихаттап, сол жолға, күреске үндейтін бұл өлеңді оқып отырып, Азия халықтарының соңғы жылдары империалистік қанауға қарсы жаппай көтеріліп, азаттық жолға шыға бастағанын еске аласың. Сәкен осыны армандаған еді ғой. Европада басталған халықтар бостандығының күресі Азияға да қанат жаюын тіледі ол. Алтай шыңының басына шығып, бүкіл Азияға Қызыл ту тік-

пек болды. Ақын дүние жүзіне тегіс теңдік орнауын, отаршылдық құлдықтың жойылуын аңсады. Бүгінгі жайлар, тарихи шындық ақын арманының іске асқанын дәлелдейді.

Сәкеннің революция тақырыбына жазған шығармаларының ішінде Ленин туралы өлеңдері көрнекті орын алады. Коммунистік партияны құрған және Совет мемлекетін орнатқан бұл ұлы адамның образын жасау мәселесін ақын революция тақырыбынан ешуақытта бөліп қараған емес. Лениннің тірі кезінде оған арнап өлең жазған, оның тамаша образын жасауға талаптанған бірден-бір қазақ ақыны — Сәкен Сейфуллин болды. 1923 жылы жазған өлеңінде ол Ленинді «Бүкіл дүниенің пайғамбары», «Бостандықтың таң азаны» деп атады. Тенеулері жағынан ескілеу болғанмен, ақын өз ұғымындағы бар мықтылықты Ленинге балауға талаптанды.

1924 жылы январьда Ленин қайтыс болып, Советтердің төтенше съезі шақырылғанда Сәкен сол съезге қатысқан еді. Оның Ленин өліміне арнаған «Қайғылы хабар», «Қаралы күн» атты екі өлеңі сол тұста Москва қаласында жазылған. Екі өлеңінде де ақын Ленин өлімі халық үшін аса ауыр қаза болғанын көркем тілде суреттейді. Бірақ ол қайғыға егіліп, еңкейіп қалмайды, екі өлең де үлкен оптимистік сарынмен аяқталады.

Лениннің тігіп кеткен Қызыл туын
Еш бір жау құлата алмас біздің қолдан!

деп Ленин жолының совет елінде берік сақталатынына сенім білдіреді.

Сәкеннің революция тақырыбына арнаған көлемді шығармасы — «Альбатрос» поэмасы. «Альбатрос» — Ұлы Октябрь революциясы мен социалистік құрылыс жолындағы күрес туралы, ұлы көсем Ленин туралы, социализмді қолымен жасап жатқан ұлы совет халқының қаһармандық ерлігі туралы шығарма. Советтік Отанға деген шексіз сүйіспеншілік бүкіл поэманың өн бойынан өтіп отырады да, оның идеялық, көркемдік ерекшеліктерін, образдарын құрайды.

Сәкен бұл поэмасында жас Совет мемлекетінің Ленин туы астында ілгері басып, контрреволюционерлер мен интервенттерге қарсы күресте шыныққанын, социалистік революцияның жеңістерін нығайту жолындағы күрестің тарихи картинасын жасады. Соған орай поэманың басты қаһарманы ретінде жеке адам емес, тұтас халық алынып, ақын халықтың жеңімпаз күрес жолын жырлайды.

«Альбатроста» Маяковский әсері мол. Ол тақырыбы жағынан да, образ және оның шешілуі жағынан да «Жақсы» поэмасымен, бірқатар жерінде (әсіресе Ленинге байланысты тараулары) «Владимир Ильич Ленин» поэмасымен үндеседі. Уақиғаның тарихи жүйеде берілуі, совет халқының социализм жолындағы ерлік күресінің тұтас күйінде көрсетілуі, дұшпанға деген өшпенділік пен оларды әшкерелеудің өткір сарыны бұл шығармаларды көп жағынан туыстырады. «Жақсы» поэмасы сияқты, «Альбатроста» да социалистік мемлекеттің құрылуы жолындағы күрес дәуірінің негізгі кезеңдері жүйелі беріліп, эпикалық сарында баяндалады. Сонымен бірге ақын поэмадағы уақиғаның бәрін өз басынан кешіріп, оған өзінің лирикалы сезімін араластыра отырады.

Ленин образы — «Альбатрос» поэмасында басты образ. Ақын бізді, біздің халықты күреске жігерлендірген, социалистік құрылыс ісіне бастаған Ленин ілімі дей келіп, ең алдымен батыр халықтың Ленин туының астында топтасқанына тоқтайды. Оқушының көз алдында ұлы Ленин тұрады.

Санк-санк бұйрық
Беріп майдан басында
Ленин тұрды
Штабтың ортасында.

Шепте тұрғы
Ленин тұрды
План құрды
Штаб — цека
Командирлер қасында.

Октябрь революциясы жеңіп, азамат соғысы аяқталған кезде социализм құрудың лениндік жоспары іске аса бастайды. Ленин қайтыс болған күндерде де, одан кейінгі 8—9 жыл ішінде де (поэма 1932 жылы жазылған) совет халқының Ленин жолын берік ұстап келе жатқаны — поэманың негізгі тақырыбы. Советтік Отанды, оның ер халқын ақын қыран, дауылпаз құс — Альбатросқа теңейді. Ол социализм құрылысшысы — өзінің оқушысына:

Қырағы көз
«Қалғып кетті» дегізбе.
Жау тұмсығын
Шекке жақын енгізбе.
Айнала жол,
Айнала шол,
Биікте бол.
Сен Альбатрос

Жерде, көкте, теңізде, — деп тіл қатады. Ақын образының поэмаға араласа отырып, оның лирикалық сезімінің жалпы уақиғамен ұштаса отырғаны жоғарыда айтылды. Поэмадағы уақиғаларды бастан кешкен революционер ақын бүкіл күрескер халықтың бір ұшқыны ғана. Соның өзінде оның ісі үлкен. Ол барлық кезде де күрестің алдыңғы сапында болады. Жасынан-ақ «Ленин туына еріп, майданға енеді», сол ту астында жауын жеңіседі.

Поэмадағы лирика мен эпиканың ұштасуы тәрізді, ондағы жеке адам образы мен тұтас халық образы да бір тұтастықта, бірлікте алынған. Қазақ поэзиясының елеулі туындысы болып саналатын, түр жаңалығы мол бұл шығармада Сәкен өзі өмір сүрген дәуірдің бар мазмұнын, сырын, мақсат-мүддесін ашып кетті. Поэманың құндылығы да осында.

Сәкеннің революциялық шығармалары бұл айтылғандармен шектелмейді. Оның бұл тақырыпта жазған прозалық еңбектері, пьесалары бар. «Тар жол, тайғақ кешу» атты өзінің революциялық өмірі туралы мемуарынан бастап, басқа прозалық шығармаларында ол совет өкіметін орнату жолындағы күрестің үлкен көрінісін жасады. «Бакыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесаларында сол күрескерлерді бейнеледі.

Сәкеннің революцияшыл шығармалары қазақ әдебиетін тек мазмұн жағынан ғана байытып қойған жоқ. Сонымен бірге Сәкен жаңа мазмұнға сәйкес жаңа форма табу мәселесін кең көтерген ақын. Ол орыс өлеңіндегі Маяковский үлгісін қазақ поэзиясына батыл кіргізді және творчестволық түрде меңгере білді.

Революцияшыл рухтың қазақ әдебиетінде берік орын теуіп, орнығуына көп қызмет істеген, жаңа заманды жаңаша жырлауға үлгі көрсеткен большевик Сәкен Сейфуллиннің әдебиеттік еңбегі оны, сөзсіз, қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті ақыны деп атауға мүмкіндік береді. Ол шығармаларында да, өмірдегі сияқты, коммунистік идеяны терең түсініп бойына сіңірген, ешбір жалтақтық пен ауытқуды білмеген, батыр большевик болып қалады. Ақын бар өмірін жаңа қоғамның салтанат құруына, коммунизмнің толық жеңуі жолына арнады.

Хат және корреспонденция

Ғылым жетістіктерінің халық шаруашылығында пайдаланылуы

Д. ҚАЙЫПОВ,

физика-математика ғылымының кандидаты,

С. БУҚАРБАЕВ

Совет елі партиямыздың ХХІ съезінің қаулы-қарарларын басшылыққа алып, коммунистік қоғам құрылысын кең өрістетудің дәуіріне аяқ басты. Совет халқы бар ақыл-ойын, күш-жігерін осы мақсатқа—халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын орындау күресіне жұмсап келеді. Өндірістің көптеген салалары түгел механикаландырылып, автоматтандырылып жатыр. Бұл, әрине, ғылымның, әсіресе физика, математика, электроника, тағы басқаларының озық дамуына байланысты.

Кәзір Совет Одағы ғылыми-техникалық жетістіктер жөнінен дүние жүзінде ең озат елге айналып отыр.

Ядролық қуатты бейбіт мақсатқа пайдалану

Атом қуатын пайдаға асыру кешегі күнге дейін қол жетпес алыстағы бір қиял болып келді. Ядролық физиканың негізін салушы ағылшынның атақты физигі Резерфорд 1919 жылы өзінің бір сөзінде: «Адамзат ядроның ішінде қалғып отырған қуатты ешуақытта да оята алмасты» деген болатын. Бірақ бұған көп уақыт өтпей-ақ, 1939 жылы неміс оқымыстысы О. Ган мен Ф. Штрассман уранды нейтрон арқылы атқылағанда уран ядросы бөлініп 200 миллион электровольттей қуат шығаратынын тапты. Ал 1942 жылы Италия физигі Э. Фермидің басшылығымен Америкада Чикаго университетінің жанынан ядролық тізбекті реакция негізінде атом реакторы жұмыс істей бастады. Бірақ мұнда алғашқы күннен бастап-ақ ядролық қуат соғыс мақсатына пайдаланылды. 1945 жылы Американың Жапониядағы Хиросима, Нагасаки қалаларына тастаған атом бомбаларынан жүздеген мың адам қырылып, ол арада дүние астан-кестен, тас-талқан болды. Бұл атом бомбасының жарылу күші жай бомбада қолданатын 20 мың тонна тротилдің жарылу күшіне тең түсті. Кәзіргі уақытта су тегі бомбаларының жарылу күші 20 миллион тонна тротилге тең. Су тегі бомбасы жарылғанда онын тек толқынынан ондаған километр жердегі қала жермен жексен болып кетеді. Айналадағы ауаның температурасы миллиондаған градусқа көтеріліп, тірі жанды жайпап кететін нейтрон ағымымен радиоактивті сәуле таралады. Жарылған бомбадан аумағы 5 километр от шары пайда болып, ондаған жүздеген миллион тонна тау жынысы мен топырақ шаң-тозаңға айналады да 9—12 километр биіктікке аспанға көтеріледі. Ядролық бомбаның жарылуынан пайда болған радиоактивті шаң-тозаң ауамен 10 мың километрге дейінгі қашыққа таралады. Радиоактивті шаң-тозаң он жыл бойы жер бетіне жауған жаңбырмен, қармен бірге түседі. Бұл жан біткенді жазылмас ауруға шалдықтырады.

Совет Одағы осындай апатты қатерді қатты ескеріп, былтыр ядролық бомбаны сынауды біржақты тоқтатты, сонымен бірге Америкаға, Англияға, Францияға ядролық қаруды сынауға тыйым салуды ұсынды. Бірақ батыс мемлекеттері бұл бейбіт, игі ұсынысқа әлі күнге дейін құлақ аспай отыр.

Ядролық қуатты бейбіт мақсатқа пайдалану жайын түсіну үшін ең алдымен оның физикасына тоқталайық. Ядролық реакция кезінде атом ядросы ыдырап, бір элемент екінші элементке айналады; одан ядролық қуат пайда болады.

Нейтрон арқылы ауыр элементтерді (уран немесе плутонийді) атыққылағанда уран ядросы екі бөлініп, ыдырап, екі-үш туынды нейтрон пайда болады. Туынды нейтрондар тағы да уран ядроларын ыдыратып, тағы да нейтронды шығаруы мүмкін. Осы күйде үздіксіз, тез болатын ядролық реакцияны — тізбекті реакция дейді. Тізбекті реакция болатын уран өте тығыз элемент; көлемі 100 текше сантиметр уран салмағы 2 килограмм болады. Бір килограмм уранның ядролық қуаты 1.700 тонна бензинді, не 2.700 тонна сапалы тас көмірді жандырғанда шығатын жылу қуатына тең.

Міне осындай ұшан-теңіз қуатты бейбітшілік мүддесіне жұмсау үшін тізбекті реакцияны баяулатып, қолмен басқара білу керек. Техникада ядролық тізбекті реакцияның қозғалысын бәсеңдетіп, оны басқаратын қондырғыны «атом қазаны» (ядролық реактор) дейді. Ядролық реакторларда нейтронның қозғалысын қалың графит арқылы баяулатып, атомдық салмағы 238-уранды плутонийге айналдырады. Ал, тәулігіне 1 килограмм плутоний алу үшін ядролық реактордың қуаты 1.500.000 киловатт болуы қажет.

Ядролық реактор ядролық реакция кезінде адам өміріне өте зиянды әрі қауіпті радиоактивті сәулелер мен нейтрондар ағымын шығарады. Сондықтан ядролық реактор қалыңдығы бірнеше метр бетон, қорғасын қабатымен қоршалыады.

Техникада ядролық реактордағы тізбекті реакцияны адам өміріне қауіпсіз еткеннен кейін реактор арқылы су буға айналдырылып, бу турбинасын іске қосады, ал турбина генераторды жүргізеді, генератор электр тогін өткізеді. Мысалы, елімізде 1954 жылы салынған қуаты 5000 киловатт болатын дүние жүзіндегі тұңғыш атом электр станциясы осындай негізде жұмыс істейді. Ал былтыр жалпы қуаты 600 000 киловатт атом электр станциясының 100 000 киловаттық бірінші кезегі өндіріске электр тогін бере бастады.

Сондай-ақ биыл Ленинград портынан 44 000 аттын күшіндей қуаты бар Ленин атты атом мұз жарғышы жүзіп шықты. Бұл мұз жарғыш күніне 45 грамм ғана атом отынын жұмсайды.

Ал енді осы ядролық қуаттың шикізаты — уран мен торийдің қоры дүние жүзінде аз. Егер барлық уран мен торий қорын атом қуатына айналдырсақ, кәзіргі қуатты пайдалану мөлшерімен есептегенде, уран, торий қуаты небәрі 100—200 жылға ғана жетеді; сол сияқты жер бетіндегі негізгі электр қуатының қоры — көмір мен мұнайда десек, соның өзі де аз уақытқа жетеді. Сондықтан да ғалымдардың алдына адам баласы кам жемейтіндей шексіз мол қуат қорын табу мәселесі қойылды. Бұл мәселе синтез реакциясы — термоядролық реакция арқылы шешілді. Жеңіл ядролар қосылып (синтез), ауыр ядро пайда болған кезде ұшан-теңіз қуат бөлініп шығатыны бұрыннан-ақ мәлім болатын. Бірақ жай қалыпта ядролар бір аттас, яғни ядролардың бәрі он зарядты болғандықтан олардың арасындағы тебу күші бір-біріне жақындатпайды. Ядроларды өте жоғары температурада қыздырғанда, олардың жылдамдығы артып, өзара тебу күшін жеңеді де, ядролар біріне бірі қосылып термоядролық реакция пайда болады. Синтез реакциясы кезінде шыққан қуатты термоядролық қуат дейді. Термоядролық қуатқа: дейтерий, тритий¹, литий, гелий, тағы басқа осындай жеңіл элементтер қор ретінде пайдаланылады. Бұлардың экономикалық ересен пайдасын, тиімділігін, қуатын мынадан-ақ көруге болады. Мысалы, дейтерий ядросы толық «жанған» синтез реакциясында бір килограмм термоядролық «отыннан»

¹ Дейтерий, тритий су тегінің изотоптары; дейтерий—атомдық салмағы-2 су тегі— H^2 (D^2); тритий — атомдық салмағы-3 су тегі— H^3 (T^3); изотоптардың өзара айырмашылығы нуклон сандарының әртүрлі болуынан. Нуклон — барлық атом ядросының құрамына кіретін протон мен нейтронның жалпы аты.

95.000.000 киловатт-сағат қуат шығатын болса, ең жақсы химиялық отын — бензиннің бір килограммын жандырғанда 13 киловатт-сағат қана қуат алынады. Бұл бір килограмм термоядролық отын қуаты осы мөлшердегі бензиннің жылу қуатынан 7.000.000 есе артық деген сөз.

Табиғи судың құрамына кіретін су тегінің 0,014 проценті дейтерий. Сонда да бір литр судағы дейтерийдің термоядролық қуаты 350 литр бензинді жандырғанда шығатын қуатқа тең. Сондықтан бүкіл жер жүзін қоршаған мұхит, теңіз суларында адам баласының тіршілігіне миллиардтаған жылдар бойы жететіндей дейтерий бар. Бірақ, жоғарыда айтқандай, дейтерий өте жоғары температурада ғана «жана» алады. Газ күйіндегі дейтерийдің температурасын 100.000 градус Цельсияға жоғарылатқан күнде дейтерий ядролары өзара соқтығысып ыдырап дейтон (оң зарядты дейтерий ядросы) және электронға бөлінеді де дейтерий газы жоғары температуралы плазмаға айналады.

Бұл плазма қысымы 1 500 атмосфераға көтеріледі де дейтонның жылдамдығы 270 000 км/сағатқа, электрондардың орташа жылдамдығы 16 000 000 км/сағатқа жетеді. Бірақ дейтонның қуаты бір аттас ядролардың өзара тебісу күшін жеңе алмағандықтан, дейтерий «жанбай», термоядролық қуат пайда болмайды. Плазманың температурасын 350 000 000 градус Цельсияға жоғарылатқанда ғана термоядролық реакция өздігінен қызып, дейтерий «жанады». Кәзіргі уақытта техникада адам айтқысыз үлкен температураға, қысымы өте күшті плазмаға шыдай алатындай материалдар жоқ.

Соңғы кезде плазманы күшті магнит өрісі арқылы кеңістікте ұстап тұруға болатынын совет академигі А. Д. Сахаров дәлелдеп шешті. Осы негізде академик Л. А. Арцимовичтің басшылығымен совет ғалымдары «Альфа», «Огра» термоядролық қондырғыларында термоядролық реакцияны бейбітшілік мүддесіне, халық шаруашылығын өркендету мақсатына жарату жолдарын қарастыруда.

Бұл күндері басқа елдерде де термоядролық қуатты бірден электр қуатына айналдыру әдістерін іздестіріп жатыр. Мәні үлкен бұл мәселе шешілген кезде атом электр станциясындағы абажадай дәу бу қазандары, қуатты турбогенераторлар қажетсіз болып қалады да, жаңа заман—термоядролық электр станциясының заманы басталады.

Радиоактивті изотопты халық игілігіне жарату

Ядролық қуатты бейбіт мақсатқа пайдаланудың тағы бір жолы—радиоактивті изотоп әдісі. Ядролық реакторларда нейтрон ағымдарымен атқыланған заттар радиоактивті элементке айналып, өздерінен альфа, бета, гамма сәулелерін шығарады. Сондықтан ядролық реакторларды салу радиоактивті элементтерді халық шаруашылығына пайдалануға үлкен жол ашты. Кәзір 100-ге жуық радиоактивті көмір тегінің қоспалары, 50 шақты радиоактивті күкірт қоспалары, 10 шақты радиоактивті темір қоспалары, тағы басқалары бар.

Радиоактивті изотопты халық шаруашылығында қолданудың екі жолы бар. Бірінші жолы өте жеңіл, ыңғайлы радиоактивті сәулені өндіріс, технология процестерін бақылау, пайдалы кендерді іздеу үшін, аспап жасайтын өндірістерде қолдану. Мысалы, гамма-дефектоскоп дейтін аспап гамма сәулесін түрлі тетіктерге түсірген кезде біртекті металдарда көзге көрінбейтін түрлі кемшілікті, айталық жарықшаны, радиоактивті сәуле арқылы тез әрі өте дәл анықтайды. Мұндай ақауды дефектоскоп фотопластинкаға түсіріп алады яки түрлі қосымша аспап арқылы жазып (Гейгер счетчигі, ионизация камерасы т. т.) алады. Техникада қоспа құрамы, бу қазандарының, газ және мұнай трубаларының, теңіз кемелерінің жасалу сапасы да осы айтылған әдіспен дефектоскоп арқылы бірден тез анықталады. Экономистердің есебі бойынша

электрмен металл пісірген кезде әрбір газ трубасының жалғастырылуын дефектоскоппен тексергенде 200 сом қаржы үнемделеді. Машина жасау өндірісінде, құрылыста бұл әдіс жылына ондаған миллион сом қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Дефектоскоппен тұраі стандарт бойынша үздіксіз шығарылып жатқан металл, резина, қағаз, кино ленталарының қалыңдығын, сапасын тексереді. Бұрын болат ленталардың қалыңдығын микрометрмен өлшеу прокат стандартының айналымын баяулататын, енді дефектоскоппен өлшеген кезде прокат стандарты айналысын алғашқы қалпынан бәсеңдетпейді, соның нәтижесінде Ленинградтың болат прокаты, «Запорожсталь» заводтарында ақаулы яки жарамсыз болат лента шығару екі есе, прокат стандартының қажетсіз тоқтауы 10 есе азайды.

Медицинада гамма сәулелері (кобальт, цезий, радий) рак ауруын (мысалы, қылтамақ), түрлі ісікті емдеуге пайдаланады. Егер ісік іште не тері астында болса, гамма сәулелері ампуламен немесе инемен теріге өткізіледі.

Радиоактивті сәулелермен пайдалы кендерді іздеу өте тиімді. Мысалы, гамма сәулелері бұрғы скважинасына түсірілген кезде түрлі элементтер нейтрондар ағымын өз бойына түрліше сіңіріп, түрліше шағылыстырады; осы шағылысқан радиоактивті сәуленің шамасымен руда құрамындағы элементтерді анықтайды. Соң сияқты гамма сәулелерін мұнай, көмір өнеркәсібінде, басқа салаларда пайдалануға болады.

Радиоактивті изотопты халық шаруашылығы игілігіне жаратудың екінші жолы оны «таңбаланған атом» түрінде физика, химия, биология, геология, гидрогеология ғылымдарында зерттеу жұмысын жүргізу үшін пайдалану. «Таңбаланған атомдар» индикатор ретінде қолданылады. «Таңбаланған атомдардың» тұрақты атомдардан айырмашылығы, қай жерде болса да, өзінің бар-жоғын радиоактивті сәулелерді шығару арқылы білдіріп тұрады. Өнеркәсіпте «таңбаланған атомдар» арқылы машиналар мен механизмдердің ұдайы үйкелетін бөлшектерінің тозу мерзімін анықтайды. Егер металлдарды кесетін саймандардың үйкеліп тозуын тексеруге бұрын 150—200 сағат керек болса, кәзір «таңбаланған атом» әдісімен тексергенде, одан уақыт 25 есе аз кетеді. «Таңбаланған атом» әдісін сондай-ақ металлургия өнеркәсібінде де қолдануға болады.

Биологияда радиоактивті кальцийдің, көмір тегінің, фосфордың тағы басқаларының өсімдіктердің бойына таралуы суретке түсіріп алу арқылы зерттеліп, жапырақ көмір тегін ауадан да, өсімдік тамырынан да алатыны дәлелденді. Агрехимияда тыңайтқыш фосфор тұздарына радиофосфорды қосып, өсімдіктердің сол минерал тыңайтқыштардан қай кезде қанша фосфор алуын есептеп шығаруға болады. Осы жолмен минерал тұздарындағы күкірттің, натрийдің, мырыштың, кобальттің әр түрлі топыраққа, өсімдіктің бойына сіңу жайын зерттейді, т. т.

Адам баласының космос кеңістігіне ұшуы Совет елінде алыстағы қиялдан бүгінгі күннің шындығына айналды. Ғылым мен техниканың бұрын-соңды болмаған дәрежеде дамуы нәтижесінде де жасанды жер серіктері мен космос ракеталары шықты.

Ғылым мен техниканың ересен табыстары соғыс мақсатына пайдаланылатын болса, жер жүзі апатқа ұшырап, адам баласының ғасырлар бойы жинап-терген асыл мұрасы біржолата құрып кеткен болар еді. Сол үшін де Совет үкіметі дүние жүзі халықтарының тыныштығын, қамын, келешегін ойлап, ғылым табыстарын соғыс мақсатына қолдануға тыйым салынсын деп талап қойып, соғыс өртін тұтандыруға қарсы шығып, барлық елдерді жаппай және толық қарусыздануға шақырып отыр. Бұл ұсыныс бейбітшілік сүйгіш бүкіл адамзатты қуанышқа бөлеуде.

СССР халық шаруашылығы табыстарының көрмесінде

Сүйікті Ұлы Отанымыздың астанасы Москваның солтүстік шетіне ерекше қала салынған. Бұл — шын мәнісіндегі сәулетті сарайлар қаласы, гүл-бақшалы қала. Қаланың алуан түрлі әсем сарайлары мен алаңдарында Совет Одағы халық шаруашылығы мен мәдениетінің табыстары көрсетіледі.

Көрме-қала биылғы июнь айында ашылды. Ол еліміздің бұрынғы ауыл шаруашылығы, өнеркәсібі, құрылысы көрмелері негізінде салынған. Көрменің 200 гектардан астам жерінде 300-ден аса көрікті құрылыстар бар. Олардың 71-і сәулетті павильондар.

Көрменің алдында тұрған нысана биік, міндеттер зор. Ол, Н. С. Хрущев жолдастың атап-атап көрсеткеніндей, халық шаруашылығы мен мәдениеттің дамуындағы тамаша табыстарды көрсетудің, озат тәжірибені, өнегелі істі неғұрлым кең насихаттап, таратудың мектебі болуға тиіс. Онда жұртшылық үздіксіз техникалық прогрестің, еңбекті, өндіріс жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың озат әдістерін оқып үйренеді. Көрме осы міндеттерді орындау жолында өзінің жұмысын үздіксіз жүргізбекші, яғни ол ұдайы ашық болады.

Көрмеге қатысып, өзінің тәжірибесін ортаға салу правосына жұмысты жақсы ұйымдастырып, үздік табыстарға жеткен кәсіпорындар, колхоздар, совхоздар, құрылыстар ие болады. Еңбектің өнімділігін арттыру, жаңалықтар ашу, өнер табу жолында ерекше табыстарға ие болған жеке адамдар да көрмеге қатысады.

Көрме қаласының үлкен қақпасынан өткенде жиектері гүлдермен көмкерілген аллея сізді биік мұнаралы парасатты үлкен павильонға алып келеді. Бұл — совет халқының тарихи табыстарын жинақтап көрсетуге арналған бас павильон. Павильонның алдыңғы үлкен залына кіргенде екі жақ қабырғаны бүтіндей алып тұрған көп бояуды әсем картина еріксіз көз тартады. Бұлар ұлы социалистік революцияның тарихи жеңісін бейнелейді. Картинаның бірінде естен кеткісіз тарихи кезең — В. И. Лениннің совет өкіметінің алғашқы декреттерінің бірі — Бітім туралы декретті жариялап тұрған кезеңі көрсетілген. Тұңғыш социалистік мемлекет өзінің алғашқы адымын осылай бейбітшілік үшін күрестен бастаған болатын. Ол көзір де осы жолдан ешбір таймай келеді. Мұның соңғы бір жарқын көрінісі үкіметіміздің басшысы Н. С. Хрущев жолдастың бүкіл дүние жүзінде тұрақты бейбітшілік орнату үшін жаппай толық қарусыздану жөнінде ұсыныс жасауы.

Павильон залдарында еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетінің бүкіл Одақ көлеміндегі жалпы табыстары және алдағы жеті жыл ішіндегі даму болашағы суреттелген. Көрмеге келгендер Совет Одағы жөніндегі жалпы мәліметтерді осы павильоннан алады да, одақтық республикалар павильондарында, шаруашылықтың жеке саласына арналған павильондарда ол мәліметтерді тереңдете түседі.

Көрменің халықтар достығы алаңын айнала одақтас республикалар павильондары орналасқан. Ұлы Одақтың ішіндегі үлкен де аға республика РСФСР-дің халық шаруашылығы мен мәдениетінің табыстары үш

павильонда көрсетіледі. Өзге республикалардың павильондары бір-бірден.

Одақтас республикалар павильондарында әрбір республиканың социалистік құрылыс жылдарында қол жеткен зор табыстары жанжақты көрсетілумен бірге, олардың өздеріне тән ерекшеліктер, шаруашылық салаларын өркендетудегі мамандану бағыты кеңінен бейнеленген. Озат коллективтердің, таңдаулы жеке адамдардың табыстары мен жұмыс тәжірибесі сипатталған.

РСФСР павильонында Россия Федерациясының елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық негізін қалау жолындағы, бұрын артта қалған ұлттық өлкелердің, шеткері облыстардың экономикасы мен мәдениетін көтеру жолындағы жетекші ролі жарқын бейнеленген. Отанымыздың барлық ұлттары мен нәсілдері туысқан аға халық — ұлы орыс халқынан үлгі-өнеге алып, үйренуді зор бақыт деп біледі. Халықтардың бұл ізгі тілегіне Россия федерациясының павильондары толық айғақ.

Россия федерациясының бірінші павильоны өнеркәсіптің табыстарына және оның даму болашағына арналған. Павильонның кіре берісіндегі бас залында Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісіндегі, жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың тұңғыш социалистік мемлекетін құрудағы орыс халқының тарихи ролі сипатталған. Мұнда өнеркәсіптің үздіксіз өркендеуін, оның жетіжылдықта онан әрі дами түсетінін көрсететін қорытынды мәліметтер бар.

Павильонның басқа бес залында республика өнеркәсібінің негізгі салаларының жанжақты дамуы, Россия федерациясына кіретін автономиялық республикалардың халық шаруашылығы табыстары көрсетілген. Көрменің қара металл, машина жасау, отын-энергетика, химия өнеркәсібі салаларын өзара тығыз байланыстыра өркендетуге арналған материалдары өте бай және олар көрікті де мазмұнды құрастырылған.

Россия федерациясы — экономика мен мәдениеттің барлық саласы жөнінде де Одақтағы жетекші республика. Мұнда 1956 жылы бүкіл еліміздегі өнеркәсіп өнімінің 66 проценті, шойынның — 50, болаттың — 59, тас көмірдің — 58, мұнайдың — 73, электр қуатының — 67, металл әйдейтін станоктардың — 65, мақта-матасының — 88, былғары аяқ киімнің — 61 проценті өндірілді. Республикада еліміздегі егістік жердің 59 проценті, ірі қарамалдың 53 проценті бар.

Үстеміздегі жетіжылдықта республиканың халық шаруашылығы онан әрі өркендейді. Өнеркәсіптің жалпы өнімі 80 процент артады. Оның ішінде шойын қорыту 70—85 процент, болат қорыту — 60—69 процент, алюминий өндіру — 3 есе, электр қуатын өндіру — 2 еседен аса, мұнай шығару — 2,1 — 2,3 есе, химия өнеркәсібінің өнімі — 3 еседен астам, машина жасау өнеркәсібінің өнімі — 2,2 — 2,4 есе өседі.

Республиканың алуан түрлі кен байлықтары орасан мол шығыс өлкелері мен облыстарының жетіжылдықта үздік өркендеуі жөніндегі мәліметтер ерекше назар аударалады. Россия федерациясының шығыс өлкелерінің, Орта Азия республикаларының және Қазақстанның халық шаруашылығын дамыту үшін жетіжылдықта жұмсалатын бүкіл күрделі құрылыс қаражатының 40 проценті бөлінеді. Шығыс өлкелер жетіжылдықтың аяғында елімізде өндірілетін шойынның 43 процентін, болаттың — 47, көмірдің — 50, электр қуатының — 46 процентін бермекші.

Республиканың көп салалы бай ауыл шаруашылығының тамаша табыстары мен жарқын болашағы, озаттар тәжірибесі арнаулы павильонда көрсетілген. Республикада 1958 жылы 5 миллиард пұтқа жуық астық жиналған болса, жетіжылдықтың аяғында 6,5 миллиард пұт жиналмақ. Астық өнімін молайтудың ең негізгі жолы — егінің тү-

сімділігін арттыру. Бұл жолда үлгілі іс көрсетіп, бай тәжірибеге ие болып отырған шаруашылықтар, озат адамдар павильонда кеңінен бейнеленген. Мысалы, Кабарды-Балқар автономиялы республикасының тұқымдық жүгері өсіру жөніндегі тәжірибесі жанжақты көрсетілген.

Россия федерациясының павильондарын байыппен көріп шыққан адам республиканың өскелең де қуатты экономикасы, мәдениеті жөнінде, алдыңғы қатарлы коллективтері, таңдаулы адамдары, олардың жұмыс тәжірибесі жөнінде толық мәлімет алады. Республика павильондарында үлгі-өнеге алып, үйренерлік үлгілер көп.

Екінші аға республика Украин ССР павильоны да — үлкен де сәулетті павильондардың бірі. Еліміздегі туысқан халықтардың ұлы одағында Украина қай жағынан болса да екінші орын алады. Украина — халық шаруашылығының, әсіресе өнеркәсіптің барлық саласы да жанжақты дамыған республика. Онда қуатты ауыр индустриямен бірге көп салалы ауыл шаруашылығы бар. Республика 1956 жылы бүкіл елімізде өндірілген тас көмірдің 32 процентін, болаттың 38 процентін, алуан түрлі машиналардың төрттен бірін берді.

Республика халық шаруашылығының жетіжылдықта даму болашағы да зор. Өнеркәсіптің жалпы өнімі жетіжылдық аяғында 77 процент шамасында өседі. Қара металлургияның, отын-энергетика, химия, машина жасау өнеркәсібінің онан әрі үздік өркендеуіне баса көңіл бөлінеді.

Ауыл шаруашылығын тез көтеріп, оның өнімдерін молайту жолындағы бүкілхалықтық күрестегі зор табыстары үшін Украина екінші рет Ленин орденімен наградталды. Республика ауыл шаруашылығының 233 таңдаулы адамына ең жоғары атақ — Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Республика еңбекшілері биылғы ауылшаруашылық жылын да көрнекті табыстармен аяқтады. Республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық сату жөніндегі міндеттемесін абыроймен орындады. Мемлекетке 450 миллион пұт астық сатты, өткен жылдағыдан 17 миллион пұт астықты артық берді. Партиямыздың Орталық Комитеті мен Совет үкіметі республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлерін бұл табысы үшін қызу құттықтады.

Украина павильонынан шыққан адам, оның алдындағы әсем де сәулетті павильон — Белоруссия павильонына кірмей кете алмайды. Павильонның үлкен үш залында республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетінің табыстары, алдыңғы қатарлы коллективтері мен үздік шыққан адамдарының жұмыс тәжірибелері толық суреттелген.

Белоруссияда совет өкіметі жылдарында өнеркәсіп үздік дамыған болса, оның ішінде ауыр индустрия жетекші орын алады. Оның жалпы өнімі 58 есе ұлғайды. Ауыр өнеркәсіптің, әсіресе машина жасау, электр-энергетика сияқты аса маңызды салалары жанжақты өркендеп келеді. Республиканың машина жасау өнеркәсібінің «Беларусь» атты тракторы, 25 — 40 тонналық жүк автомашиналары сияқты өнімдері еліміздің түрлі түкпірлерінде ғана емес, шет елдерде де көп кездеседі.

Республиканың электр станцияларының қуаты 1913 жылғымен салыстырғанда 290 есе артты. Қазір мұнда өндірілетін электр қуаты бұрынғы бүкіл патшалық Россияда өндірілген электр қуатынан артық.

Белоруссияның өнеркәсібі жетіжылдықта да күшті қарқынмен дамиды. Мәселен, металл өңдейтін станоктер өндіру 3,2 есе, трактор шығару — 3,1 есе, автомашиналар өндіру — 2 есеге жуық, электротехника өнеркәсібінің өнімдері — 5 есе, химия өнеркәсібінің өнімдері 3,4 есе ұлғаяды.

Республиканың ауыл шаруашылығы бұдан былай да мал шаруашылығы, зығыр, картоп өнімдерін мол беру бағытында өркен-

дей береді. Мұнда алдымен сүт малын өсіруге баса көңіл бөлінеді. Сүт малына бірден бір құнарлы азық — жүгері өсіру, оның сүрлемін молайту жөнінде республикада кәзірдің өзінде-ақ үздік табыстарға қол жеткен. Брест облысының колхоздары мен совхоздары 44,6 мың гектар жердің әр гектарынан биыл орта есеппен 580 центнерден көк жинаған. Ал алдыңғы қатарлы жеке коллективтер табысы мұнан да зор. Осы облыстың «Победа» колхозындағы Кобринец жолдастың званосы 30 гектар жердің әрбір гектарынан 1725 центнерден көк жинаған.

Халықтар достығы алаңындағы көз тартатын көрікті павильондардың тағы бірі—Өзбекстан павильоны. Павильон қақпасына келгенде көз алдыңызда республиканың гүл-бақшалы кең даласы елестейді. Екі жақ босағадағы екі каналдың мөлдір суы павильон алдындағы айналы тоспаға құйылып жатыр. Павильонға кіре берістегі ұлпа мақталы жасанды алаң сізді республиканың ұлан байтақ мақталы даласының көрінісіне бөлейді.

Мақта — республика шаруашылығының негізгі жетекші саласы. Республикадағы басқа барлық саланың, тіпті өнеркәсіптің өркендеуінде мақта шаруашылығын дамыту, мақтаны өңдеп, ұқсату міндеттеріне бағындырылған. Республикадағы колхоздардың 90 проценті, совхоздардың 60 проценті мақта шаруашылығымен шұғылданады.

Мақта — өзбек халқының байлығы да мақтанышы. Халық оны «ақ алтын» деп атайды. Десе, дегендей: республика колхоздары өткен жылда мақтадан 8 миллиард сомдай табыс тапты.

Өзбекстанда совет өкіметі жылдарында көп салалы өнеркәсіп жасалды. Оның жалпы өнімі 50 есе артты. Мақта-мата өнімдерін шығару жөнінде республика Одақта екінші орын алады. Мақта-мата өндірісіне қажетті машина жабдықтардың бірыпырасы республиканың өзінде өндіріледі.

Өзбекстан ауыл шаруашылығының еңбеккерлері биылғы жылды да жаңа зор табыстармен аяқтады. Республика бойынша мемлекетке 3 миллион 50 мың тонна шитті мақта сатылды. Өткен жылдағыдан 80 мың тонна мақта артық өткізілді. Биыл республиканың колхоздары мен совхоздары өткен жылға қарағанда 450 мың тонна мақтаны артық жинады.

Партияның Орталық Комитетінің июнь Пленумының шешімдерін басшылыққа ала отырып, республиканың колхоз, совхоздары өндірістік жұмыстарды механикаландыру жөнінде елеулі табысқа ие болды. Мақта жинау жұмысына машина кең қолданылды. «Малек» колхозында мақтаның 75 проценті машинамен жиналды.

Шынылы жұмыр күмбезі бар павильон да алыстан көз тартатын сәулетті павильондардың бірі. Бұл — Қазақ ССР павильоны.

Бұрынғы Қазақстан патшалы Россияның ең артта қалған қиыр ұлттық аймақтарының бірі еді. Ол кезде қазақ халқы көбінесе көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын. Еңбекшілер бұқарасы жаппай дерлік сауатсыз еді, олар екі жақты қанау мен езгінің азабын шеккен-ді: бір жағынан, қазақ байлары мен билері, хан-төрелері, екінші жақтан, патшалы Россияның отаршылдары езіп, қанағанды.

Кәзіргі Қазақстан социалистік құрылыс жылдарында алдыңғы қатарлы туысқан халықтардың, алдымен ұлы орыс халқының достық көмегімен гүлденген ұлттық республикалардың біріне айналды. Ол жан жақты дамыған қуатты өнеркәсібі, көп салалы ауыл шаруашылығы бар бай өлке. Оның түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті де шарықтап өсті.

Павильонда республиканың барлық тамаша табыстары мен өзіне тән өзгешеліктері толық суреттелген. Павильонға кіре берістегі бас залда алдыңызда көп бояулы үлкен сурет жарқ етіп көрінеді. Бұл

еліміздегі барлық табыс пен байлықтың қожасы — совет адамдарының, социалистік құрылыс ерлерінің ұлы тұлғасын бейнелейді. Жасампаз ерлер келбетінен бүгінгі шат-шадыман жаңа өмір жөніндегі мақтаныш сезімімен бірге ертеңгі коммунизмнің жарқын болашағына деген алып сенім аңғарылады.

Бұл залда республика халық шаруашылығының бұған дейінгі табыстары, үстіміздегі жетіжылдықта өркендеу жолы көрсетілген. Социалистік құрылыс жылдарында республикада өнеркәсіп өнімі 44 есе өсті. Өнеркәсіптің жетекші салалары түсті металлургия, көмір, мұнай өндірісі мұнан да артық қарқынмен өркендеді. Түсті металл өнімдері, әсіресе корғасын, мыс, мырш өнімдері жөнінде Қазақстан елімізде белді орын алады. Республикада сирек кездесетін металдардың да алуан түрі шығарылады.

Павильонда Қазақстанның жетіжылдықта даму болашағы да жарқын көрсетілген. Жеті жылдың аяғында өнеркәсіптің жалпы өнімі 2,7 есе ұлғаяды. Күрделі құрылыс жұмыстары кең көлемде өріс алады. Жетіжылдықтың екінші жылы алдағы 1960 жылдың бір өзінде ғана республиканың халық шаруашылығын өркендетуге 16 миллиард сомға жуық күрделі қаражат ұсталады.

Республикадағы алып құрылыстардың — Қазақстан Магниткасының, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының құрылысы павильонда арнаулы стендаларда көрсетілген.

Өнеркәсіптің барлық саласының шапшаң өсуіне сәйкес, оның энергетика базасы да есейіп келеді. Кәзір Қазақстанда электр қуаты революцияға дейінгі бүкіл патшалық Россияда өндірілген электр қуатынан 4 еседей артық.

Қазақстанда алуан түрлі кен байлықтары бар. Бұл байлық үнді карта арқылы жарқын суреттелген. Онда әрбір қазба байлық жөнінде республиканың Одақта алатын орны да көрсетілген.

Қазақстан жетіжылдықта қуатты машина жасау өнеркәсібі бар республикаға айналады. Республикада ауыл шаруашылығына, кен өнеркәсібіне қажетті машиналардың, металл өңдейтін станоктардың, жеңіл, тамақ өнеркәсібіне, қала шаруашылығына керекті құрал-жабдықтардың бірнеше түрі өндірілетін болады. Машина жасау өнеркәсібі алыптарының бірі Павлодар комбайн зауытының құрылысы қызу жүріп жатыр.

Қазақстанның ұлан-байтақ даласы кәзір болат жолдармен айқышы-ұйқыш кестеленген. Революцияға дейін Қазақстан жерінің солтүстік шетін Сибирь темір жолы, оңтүстік батыс жағын Орынбор—Ташкент темір жолы басып өтетін еді. Кәзір бұл жолдар республика жерінде де әртарапта салынған жаңа жолдармен ұштасты. Қазақстан жеріндегі барлық темір жолдар кәзір «Қазақ темір жолы» деп аталатын бір жолға бірікті. Бұл — одақтағы ең үлкен де ұзын жол. Оның ұзындығы 10 мың километрге жуық.

Республикамыздың ауыл шаруашылығының дамуы да павильонда жанжақты бейнеленген. Ауыл шаруашылығының өркендеу жолындағы ерекше көзге түсетін зор табыс — тын жерлердің игерілуі. Республикада соңғы жылдарда 23 миллион гектардан астам жаңа жер игерілді. Мұның нәтижесінде қысқа мерзім ішінде-ақ егіс көлемі де, алынған астық көлемі де еселеп артты. Республиканың колхоздары мен совхоздары 1958 жылы Отан қоймасына 950 миллион пұт астық құйды, оның 825 миллион пұты ең құнды дән — бидай еді.

Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері биыл да қажырлы еңбек етті. Мемлекетке жүздеген миллион пұт астық тапсырды.

Мал шаруашылығы жөнінде Қазақстан еліміздің сүбелі өлкесінің бірі. Республика еңбеккерлері етті, сүтті, майды, жүнді тағы басқа өнімдерді Отанға жылдан жылға мол беріп келеді. Өткен жылғыға

қарағанда биыл ет 40 процент артық тапсырылды. Жүн, қаракүл елтірісін дайындау жоспары да артығымен орындалды.

Қазақстанда ауыл шаруашылығының даму болашағы орасан зор. Астықтың жалпы түсімі жетіжылдықтың аяғында біржарым миллиард пұтқа дейін жеткізіледі, ет өнімі 3 есеге жуық, сүт—2 есеге жуық, жүн—2,5 есе артады. Халқымыз екінші тың деп атап жүрген қой шаруашылығы үздік өркендейді. Қой саны 75 миллионға дейін жеткізіледі.

Республикамыздың коммунистік жарыста үздік шыққан озат коллективтерінің, жеке тандаулы адамдарының жұмыс тәжірибелері де павильонда өзіне лайықты орын алған. Отанымыздың үшінші көмір базасы Қарағандының тандаулы шахтерлері өндіріс жұмыстарын механикаландыру, әсіресе көмір комбайнының өнімділігін арттыру жолында елеулі табыстарға жетті. № 37 шахтаның комбайншылары Попков, Шафиқов, Мирошниченко жолдастар «Донбасс» комбайнымен айына 33 мың 500 тоннадан астам көмір шығарып, дүниежүзілік рекорд жасады.

Республикада совет өкіметі жылдарында шын мәнісіндегі мәдени революция жүзеге асырылды. Халқымыздың түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиеті мен көркемөнері шарықтал өсті. Халық жаппай дерлік сауатты болды. Мектептердегі оқушылар саны 1914 жылы тек 105 мың ғана болса, кәзір бір жарым миллионға жетті. Революцияға дейін Қазақстанда жоғары мектеп былай тұрсын, арнаулы білім беретін орта мектеп те жоқ еді. Кәзір жоғары білімді мамандар даярлайтын 27 оқу орны, арнаулы орта білім беретін 140 техникум бар. Оларда сырттан оқитындарды қоспағанда жүз мыңнан астам адам оқып жүр.

Қазақстан павильонына қатарлас Грузияның, Арменияның, Азербайжанның павильондары орналасқан. Бұларда да республикалардың өздеріне тән табиғи өзгешеліктері мен байлықтары бірден көзге түседі. Бұл республикалардың өзен алқаптары, таулардың сай-саласы мен бөктерлері алуан түрлі жемісті бау-бақшаға, жүзім, шай плантацияларына бітік болса, жерінің қойнауы түрлі кен байлықтарына толы. Азербайжан алдымен мұнайға бай болса, Грузия мен Армения түсті және қара металдарға, құнды құрылыс материалдарына бай. Осылардың негізінде бұл республикаларда өнеркәсіптің металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі сияқты маңызды салалары шапшаң өсіп келеді.

Әрбір республиканың негізгі павильоны қасында әйнекпен көмкерілген қосымша баулы алаң бар. Онда Кавказдың оңтүстік беткейіндегі, Қара теңіз жағалауындағы ыстық ойпаттарда өсетін шырын жемістер ағашы өсіп, шешек атып тұр.

Бұл республикалар елімізге жүзім, жемістермен бірге шарапатты шайды да көп береді. Мәселен, Грузияның бір өзі ғана еліміздегі шай өнімінен 97 процент үлес алады.

Отанымыздың халық шаруашылығы табыстарының тұрақты көрмесінде өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының маңызды салаларына, ғылым мен мәдениеттің дамуына арналған павильондар да бар. Көрменің нақ орталығындағы «Өнеркәсіп» алаңының айналасында машина жасау, химия, электр-энергетика, газ-мұнай өнеркәсібінің, транспорттың тағы басқа саланың павильондары орналасқан. Бұлардың көбісі жанадан салынған сәулетті де көркем павильондар.

Еліміздің бүкіл халық шаруашылығының материалдық-техникалық негізі — машина жасау өнеркәсібінің павильоны көрмедегі ең үлкен павильон. Оның алып залының шынылы жұмыр күмбезі көрменің барлық жерінен көрінеді, көрменің әсем сарайлар қаласына ерекше көрік беріп тұрады.

Машина жасау өнеркәсібі павильонында ауыр индустрияның, оның күре тамыры — машина жасау өндірісінің жетекші орны жанжақты сипатталған. Елімізде өнеркәсіптің жалпы өнімі 36 есе өскен болса, оның ішінде ауыр индустрия өнімі 83 есе, ал машина жасау өнеркәсібінің өнімі 240 есе артты. Бұлар — партиямыздың ауыр индустрияны ұдайы оздыра өркендету жолындағы лениндік дана саясатының — сара жолының тамаша тарихи табысын бейнелейді.

Бұл павильонда, өнеркәсіптің тағы басқа павильондарында барлығы 4 мыңнан астам алуан түрлі машинаның, станоктың, аспап-сайманың, жабдықтың үлгісі бар.

Өнеркәсіп павильондары ішінде елімізді электрлендіруге, химия өнеркәсібіне арналған павильондарда да көрушілер ұдайы көп болады. Мұның себебі түсінікті де. Халық шаруашылығының барлық саласын шапшаң өркендетуде электр қуаты ерекше орын алады. Ол өндіріс жұмыстарының барлық түріне, тұрмыста кең қолданылатын ең икемді де қолайлы қуат. Сондықтан да партия мен үкімет елімізді электрлендіру ісіне әрдайым ерекше назар аударады. Елді электрлендіру жұмысы үстіміздегі жетіжылдықта бұрынғыдай күшті қарқынмен жүргізіледі. Бұл үшін электр станцияларының уақыт пен қаражатты үнемдеуге мүмкіндік беретін түрлерін салуға баса көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, жетіжылдықта су электр станцияларынан гөрі бу электр станциялары көп салынады. Бұл станциялар отынның қоңыр көмір, мұнай, газ сияқты арзан түрлерін пайдаланады. Осының нәтижесінде еліміздің отын балансында мұнай мен газдың үлес салмағы 1958 жылы 31 проценттен 1965 жылы 51 процентке дейін өседі.

Химия өнеркәсібінің, әсіресе түрлі жасанды заттар өндірісінің болашағы орасан зор. Химия өндірісі кәзірдің өзінде-ақ машина жасау өндірісіне қажетті болаттан ондаған есе жеңіл де мықты заттарды бере бастады. Ол отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын басқа құнды заттарды да шығарып жүр. Жасанды жібек пен торқадан тоқылған маталардың артықшылықтарын жұртшылық жақсы біледі. Енді жасанды қарақұлден істелген бөріктер мен ішік тондардың артықшылығын білетін уақыт та қашық емес. Бұған павильондағы жасанды бұйымдардың алғашқы үлгілері кепіл.

Көрменің «ғылым», «атом қуаты бейбітшілік мақсатында пайдаланылсын», «СССР-де халық ағарту ісі» деп аталған павильондары социалистік мәдениет пен ғылымның жетістіктерін көрсетуге арналған.

Совет ғылымының үздік табыстары кәзір бүкіл дүние жүзі халқына әйгілі. Оларды сипаттайтын ерекше экспонаттар маңында, әсіресе тұңғыш атом электр станциясының, алғаш рет ұшырылған жер серіктері мен күн серіктерінің, атом қуатын пайдалану негізінде құрылған «Ленин» атты тұңғыш мұз жарғыш кеменің модельдері, электронды есеп машинасы, адамның кеселін анықтайтын машина, «ТУ-104» атты реактивті ұшқыр самолет маңында халық әрдайым көп. Олардың ішінде совет ғылымы мен техникасының тамаша табыстарын өз көздерімен көруге ынтық болып келген шетелдіктер де аз емес.

Мұның бәрі тек көрмедегі ерекше көз тартып, назар аудартарлық жайттар ғана. Көрмені өз көзіңмен көріп, танысқанға, ондағы әрбір үлгі экспонатты, озат әдісті, игілікті тәжірибені өзіңнің зерттеп білгеніне не жетсін. Бұл үшін әркім өз орнында, адал да қажырлы еңбек етіп, көрмеге қатысу, өзінің іс тәжірибесін өзгелерге үлгі етіп көрсету правосына ие болуға ұмтылуы керек.

Көрме — бүгінгі келелі істер мен айбынды міндеттердің де, жарқын болашақтың ұлы бейнесінің де мөлдір айнасы, халықтың бай тәжірибесінің шынайы мектебі.

**Б. ОРДАБАЕВ.
Ә. ШАЛАБАЕВ.**

Оқушылардың сұрауларына жауап

Латын Америкасының халықтары тәуелсіздік жолындағы күресті күшейтуде

Кәзір Латын Америкасы елдері аса маңызды оқиғаларды бастан кешіруде. Азия мен Африка елдерінен кейін Латын Америкасы елдері де империализм мен феодализмге қарсы өздерінің тәуелсіздігі үшін күреске белсене кірісті. Сондықтан да дүние жүзінің жұртшылығы бұл елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстың дамуын ерекше қадағалап отыр.

Латын Америкасы — Оңтүстік және Орталық Америкада, Солтүстік Американың оңтүстігінде және Вест-Индия аралдарында орналасқан 12 елдің жалпы аты. Бұл елдер латын (роман) тілдерінде сөйлейді, оның ішінде, әсіресе испан тілі үстем. 21 миллиондай шаршы километр территорияда 175 миллионнан аса адам тұрады.

Латын Америкасы елдерінде табиғат байлығы мол. Олардың жер қойнауында капиталистік дүниедегі табылған мұнай қорының 20 процентке жуығы, бокситтің 50 проценті, қорғасынның 50 проценті, марганецтің 20 проценті, мыс рудасының 40 проценттейі бар. Латын Америкасы дүниежүзілік экспортқа қалайының 20 проценттен астамын, дүние жүзінде шығарылатын күмістің 50 процентке жуығын береді. Бұл елдерде никельдің, алтынның, вольфрамның тағы басқа да сирек кездесетін бағалы металдардың қоры көп.

Латын Америкасы елдерінде мақта, бидай, темекі, картоп, қантты қоға көп егіледі. Бұл елдер бүкіл дүние жүзінде өндірілетін кофе­нің 84 процентін, какаоның үштен бірін береді, экспортқа әртүрлі жемістерді, оның ішінде банандарды көп шығарады. Табиғи жайылымдарда мал шаруашылығы өркендетілген.

Латын Америкасы елдері өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында өздеріне тәуелсіздік ала бастады. Бұған дейін олар үш ғасыр бойы Испания мен Португалияның отарлары болып келген еді. Бірақ олардың көпшілігі формальді түрде тәуелсіз болғанымен, ірі-ірі империалистік мемлекеттердің жартылай отарлық езгісінен құтылған жоқ. Мұнда ХІХ ғасырда ағылшындардың үстемдігі басым болды, ал ХХ ғасырда бұл елдерге герман, жапон, әсіресе американ капиталы ене бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында және одан кейін Латын Америкасы елдері Солтүстік Америка империализміне түгелдей дерлік тәуелді болды.

Латын Америкасына шетелдерден түсетін күрделі қаржының 80 процентке жуығы АҚШ-тың үлесінде. Мұның өзі 9,5 миллиард доллар мөлшерінде. Америка Құрама Штаттары Латын Америкасы елдерінен жыл сайын бір миллиардтан астам доллар пайда түсіреді. Американың ірі монополиялары Латын Америкасы елдері экономикасының аса маңызды салаларын өздеріне бағындырып алған. Айталық, мұнай шығару мен өңдеу, түсті металдарды, темір рудасын өндіру, электр қуаты, байланыс құралдары, теңіз және әуе транспорты, өңдеу өнеркәсібінің көптеген тараулары американ монополияларының қолында. Мысалы, Чилиде мыстың 92 процентін Американың екі ірі концерні — «Анаконда» мен «Кеннекот» өндіреді. Бразилияда ұлттық экономиканың 80 процентін американ капиталы бақылауға алып отыр.

Американың «Андерсон, Клейтон энд К^о» деген ірі тоқыма компаниясы Аргентинадағы, Бразилиядағы және Мексикадағы жүзден аса тоқыма фабрикасын иеленеді.

Латын Америкасында мықтап орын тепкен американ монополияларының бірі «Юнайтед фрут компани» Орталық Американың жеті елінде үстемдік жүргізеді. Ол Орталық Америка елдерінен, Колумбия мен Эквадордан жемістер өндіріп, сыртқа тасып отырады, карауында 100 мыңнан аса гектар плантациялық жер мен жайылымдық, 72 мың сиыр малы бар. Сол сияқты оның құрамына кеме қатынасы, темір жол, трамвай, телефон және радиохабар компаниялары кіреді. Бұл компанияның өз алдына полиция күштері де бар. Сондықтан Латын Америкасы елдерінің «Юнайтед фрут компани» компаниясын «мемлекет ішіндегі мемлекет» деп атауы тегін емес.

Ұзақ уақыт бойы шет елдердің, әсіресе американ капиталының қожалық етуі Латын Америкасы елдерінің экономика, мәдениет және саяси жағынан дамуына үлкен қиындық келтірді. Бұл елдерде кәзіргі замандағы ауыр өнеркәсіп жоқ десе асырып айтқандық болмайды. Ұлттық өнеркәсіп соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі дәуірде біраз өркендегеніне қарамастан, өте мүшкіл күйде қалып отыр. Латын Америкасының барлық елдерінің дерлік экономикасы Америка Құрама Штаттарына шикізат беру қызметін ғана атқарады. Сондықтан да олардың экономикасы АҚШ-қа шикізат жеткізуге, экспорт пен импортқа тәуелді. Шаруашылық дамуының мұндай біржақты сипаты 1957 — 1958 жылдары Америка Құрама Штаттарында болған экономикалық кризистер кезінде оңай тиген жоқ. Бұл жылдары Америка Құрама Штаттарында Латын Америкасының шикізатына деген мұқтаждық аз болды да, мұның өзі Латын Америкасы елдеріне шығарылатын экспорттың күрт азаюына әкеп соқтырды. Соның салдарынан инфляция өріс алып, Латын Америкасының ішкі рыногында қымбатшылық болды.

Шет ел капиталының үстемдік етуі қалың еңбекшілер бұқарасының бұрыннан да ауыр тұрмысын онан сайын нашарлата түсті. Латын Америкасы елдеріндегі халықтар екіжақты езгіге душар болып отыр. Бір жағынан американ монополиялары қанап келсе, екінші жағынан жергілікті компрадорлық буржуазия помещиктермен және феодалдармен бірігіп, оларды қанап отыр.

Латын Америкасынан мынадай екі түрлі жағдайды байқауға болады. Бір жағынан ірі қалалардың сән-салтанаты мен бір топ шет ел монополистерінің, жергілікті капиталистер мен жер иелерінің кереметтей байлыққа қарық болуы, екінші жағынан қалалар мен селолардың миллиондаған халқының жоқшылық пен қайыршылықта өмір сүруі. Жұмыссыздық деген сұрапыл. Мәселен, 1958 жылдың аяқ шенінде Чилиде 250 мың жұмыссыз адам болды, ал бұл еңбек етуге жарайтын халықтың оннан бірі. Венесуэлада 150 мың, Кубада 600 мың жұмыссыз болды. Американ монополияларына қарасты өнеркәсіп орындарында жұмыс жағдайы мүлдем ауыр. Аргентинаның жұмысшы әйелі Ирма Отар өзінің «Ла Негра» деген американ ет тоңазытқыш зауытында қандай күйде жұмыс істейтінін былай жазады: «Жұмысшылар күні бойы судың ішінде тұрып жұмыс істейді. Су еденге қаптап кетеді, сондықтан да цехтардың іші қыста ызғырық суық, ал жазда сұрапыл қапырық. Қожайындар жұмысшыларға резинка етік бермейді де, ағаш кебіс киюге мәжбүр етеді. Ал бұл кебістердің іші суға толып шылқылдап кетеді. Осындай жағдайда жұмысшылар ревматизм, бел шойырылу сияқты аурулармен жиі ауырады. Цехтарда желдеткіш деген атымен жоқ, сондықтан кейбір цехтарда жұмысшылар ауа жетпеуінен және каустикалық соданың иісінен сырқат тауып жүр. Кәсіпорынның бір мың адамдық асханасы үйдің ең астыңғы қабатына орналасқан.

Оның ішінен елген тышқандарды көп көруге болады; ыдыс-аяқтар көбіне кір-кір болып тұрады». Міне, мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Ауыл шаруашылығы жұмысшыларының, батрақтар мен жері аз шаруалардың көрген күні қаран. Латын Америкасының барлық елдерінде дерлік ең болмаса шек қойылған аграрлық реформалар да жүзеге асырылмаған. Бұл елдердегі еңбекшілер ішсе тамаққа, кісе киімге жарымайды. Плавтациялардағы, шахталардағы жұмысшылар аштан-бәтес үшін кофенің дәнін немесе улы-шөптерді жеп күнелтеді. Латын Америкасының қалалары мен деревняларында қайыршыларға көз сүрінеді. Халықтың өлімі, оның ішінде әсіресе балалар өлімі көп. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне қарағанда, Сальвадорда, Гватемалада, Гаити мен Гондураста 6—10 мың адамға бір дәрігерден келеді. Латын Америкасы елдері халықтарының жартысы сауатсыз.

Бұл елдер халықтарының ауыр тұрмысы, артта қалушылығы — шет ел капиталының бірден-бір қырсығы. Америка Құрама Штаттары экономикалық жағынан берік орнығып алғаннан кейін, Латын Америкасы елдеріне өзінің саяси ықпалын бекітуге барынша күш салды. Америка Құрама Штаттары Латын Америкасының әр мемлекетін басқаруға өзінің «сенімді» әскери билеушісін қойды. Ал ол компрадорлық буржуазия мен ірі жер иелеріне арқа сүйеп, диктаторлық тәртіптер орната бастады. Бірақ әскери билеушілердің халыққа қарсы саясаты, еңбекшілер бұқарасын қанап, жаншуы, жоқшылық пен қайыршылық Латын Америкасы халықтарының ұлт-азаттық күресін күшейтті. Бұл күрестің бұдан бұрын болған ұлт-азаттық қозғалыстардан бір өзгешелігі бар. Бұл өзгешелік Латын Америкасы халықтарының жартылай отарлықты жою, оның мәнісінде тәуелсіздік пен дербестікке жету жолындағы күресінде жатыр. Сондықтан да бұл елдерде антиимпериалистік, демократиялық революциялар өріс алуда. Осы революциялардағы басты шешуші күш жұмысшы табы болып отыр.

Латын Америкасы елдерінде жұмысшы табы сан жағынан өсті. 1940 жылдан 1955 жылға дейін жұмысшы табының саны мұнда екі еседей өсті. Латын Америкасының көп елдерінде ереуіл қозғалыстары жылма-жыл кебейіп келеді. Ереуіл қозғалыстары әсіресе Аргентинада жиі-жиі болып тұрады. 1946 жылы мұнда 142 ереуіл болып, оған 334 мың жұмысшы қатысса, 1948 жылы ереуіл қозғалысы бір миллионнан аса адамды қамтыды. Ал 1949 жылы ереуіл қозғалыстары саяси сипат алып, Аргентинаның ұлттық тәуелсіздігін сақтау жолындағы күрестің негізгі бір формасына айналды. Аргентинада 1957 жылы ереуіл қозғалысы бұрынғыдан да гөрі ұлғая түсті. Екі ірі жаппай ереуілге 7 миллионнан аса адам қатысты. 1958 жылы темір жолдарда зор жаппай ереуілдер болып өтті. 1959 жыл жазда металлургтердің үлкен ереуілі болды. Осы жылы сентябрьде Аргентинада 56 ереуіл, оның 12-сі жалпы ұлттық ереуіл болды. Ал 200 мың тоқымашы қатысқан жаппай ереуіл 50 күнге созылды.

1957 жылдың аяғынан бастап Мексикада да ереуіл қозғалысы кең өріс алды. Теміржолшылар, мұнайшылар, электршілер ереуіл жасады. 1958 жылы августта солшыл кәсіподақ басшыларын тұтқынға алуға наразылық ретінде теміржолшылардың 100 мың адам қатысқан ереуілі бұрқ ете түсті. Бұл ереуілді телеграфистер, электршілер, ауылшаруашылық жұмысшылары және бастауыш мектеп мұғалімдері қосап шықты. Ақырында үкімет райынан қайтып, теміржолшылардың солшыл кәсіподақ басшыларын босатуға мәжбүр болды. 1958 жылдың ноябрінде Мексика теміржолшыларының қайтадан үлкен толқуы болды. Мұның өзі 1959 жылға дейін созылды. Бұлармен бірге 1959 жылы мартта Боливияда болған кеншілердің 10 мың адам қатысқан ереуілін, Бразилияда, Чилиде және басқа елдерде көп адам қатысқан ереуіл-

дерді атау керек. 1959 жылы сентябрьде Уругвайда 300 мың жұмысшы мен қызметші қатысқан жаппай ереуіл болып өтті.

Бұл ереуілдер барған сайын айқын саяси сипат алып отыр. Жұмысшы табы экономикалық талаптар қоюмен бірге, халықтың басқа да тобының мүдделерін білдіретін демократиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін күресуде. Жұмысшылар өз елдерінің ұлттық байлықтарын Солтүстік Америка монополистерінің талан-таражға түсіруіне қарсы шығуда. Үстіміздегі жылы ереуіл қозғалыстарына қатысқан Колумбияның 10 мың мұнайшысы тек қана жалақыны көбейтуді талап етіп қоймай, сонымен бірге Американың мұнай монополияларына қарасты кәсіпорындарын национализациялауды талап етті.

Антиимпериалистік, демократиялық революцияларға жұмысшылармен бірге шаруалар да қатысып отыр. Олар жерді қайта бөлуді, аграрлық реформалар жүргізуді жақтап, шет ел монополияларының жерді басып алуына қарсы күреске аттануда. Шаруалар қозғалысында Колумбия шаруаларының 1948 жылдан 1953 жылға дейін 4 жыл бойы жүргізген қарулы күресі елеулі орын алады. Шаруалар партизан отрядтарына кіріп, үкімет әскерлерінен бірнеше ауданды босатты. Шаруалардың бұл көтерілісін Колумбия үкіметі танкінің, авиацияның және әскер бөлімдерінің күшімен басты.

Латын Америкасы елдерінде ұлт-азаттық қозғалыстың бір әлсіз жері, мұнда жұмысшы табы мен шаруалардың берік одағы жоқ. Ұлттық буржуазияның бір бөлегі де революцияларға араласып, американо-монополияларының зорлық-зомбылығына қарсы шығуда, бірақ тұтас алғанда Латын Америкасы елдерінің буржуазиясы шет ел капиталына тәуелді болудан қол үзген жоқ. Ұлттық буржуазия мұнымен бірге сыртқы саясат мәселелерін бейбіт жолмен шешуді жақтап, жаңа соғыс өртін тұтандырудың агрессиялық жоспарларына қарсы шығып отыр. Сөйтіп Латын Америкасы елдерінде империализмге қарсы күресетін ұлттық демократиялық одақ құруға нақты жағдайлар жасалып келеді.

Латын Америкасының бірқатар елдерінде соңғы екі-үш жылдың ішінде диктаторлық тәртіптер жойылды. Өкімет басына келген буржуазиялық-либералдық үкіметтер өздерінің шет ел империализміне қарсы күресетін және ұлттық саясатты жүргізетін ниеттерін білдірді. Мәселен, 1957 жылы майда жаппай ереуілге шыққан колумбиялықтар Американың қолшоқпары болған Рохас Пинильяны президенттіктен тайдырды. 1958 жылы январьда Американың екінші бір билеушісі, Венесуэла президенті Перес Хименес халық революциясы арқасында орнынан тайды.

Империализм әсіресе Кубада үлкен жеңіліске ұшырады. Мұнда американо-империализмінің қолшоқпары президент Батистаға қарсы халық бұқарасының белсенді күресі 1956 жылдың күзінен-ақ кең өрістеген еді. Алғашында бұл күрес бейбітшілік сипатта болды. Еңбекшілер митинг пен демонстрация жасаудан әрі ұзап барған жоқ еді. Батистаның полициясы мен әскерлері демонстрацияға қатысушыларға қарсы оқ атқаннан кейін барып, Куба халқы қолына қару алды.

1956 жылы 2 декабрьде Кубаның жас заң қызметкері Фидель Кастро бір топ қарулы көтерілісшілермен бірге Ориенте провинциясына әскер түсірді. Бұған дейін басқа да мыңдаған кубалықтар сияқты Фидель Кастро да Батистаның қудалауы себепті шет елге кетіп, жасырынған еді. Кастроның партизан отрядының саны үсті-үстіне көбейе берді, ақырында тұтас партизан армиясына айналды. Бұл күреске халық бұқарасының көпшілігі тартыла бастады, сөйтіп ұлт-азаттық күресінің жалыны басқа да провинцияларға тарады. Қарулы күрестің негізгі ұйтқысы деревняларда болды. Қалалардағы халықтың ереуілдері белгілі дәрежеде роль атқарғанмен, тек көмекші сипатта ғана бол-

ды. Қарулы көтеріліске ұсақ буржуазия саяси басшылық етті. Көтерілісшілердің армиясында болғандар негізінен кедей шаруалар мен ауылшаруашылық жұмысшылары еді. Куба халқының күресі тарихи жеңіспен — 1959 жылы январьда, ұзақ уақыт Америка Құрама Штаттары толық қолдап келген Батистаның әскери диктатурасын құлатумен аяқталды.

Кубадағы оқиғалардың өрістеуі халық революциясының жеңісіне әкелді. Өкімет басына ұсақ буржуазия өкілдері басқарған халық күштерінің одағы отырды. Шет елдің араласуынсыз ұлттық, революциялық үкімет құрылды. Жаңадан революциялық қарулы күштер (армия, авиация, флот және полиция) құрылды, елдің қарулы күштерін өз бақылауында ұстаған АҚШ-тың соғыс миссиясы қуылып жіберілді. Демократияға қарсы органдар, оның ішінде коммунистік қызметке қарсы күрес жөніндегі бюро, әскери барлау қызметі таратылып, революциялық қауіпсіздік органдары құрылды.

Революциялық трибуналдар арқылы қылмыскерлер, жендеттер, империализмнің тағы басқа агенттері жазаланды. Батиста диктатурасы өкілдерінің және олардың агенттері мен сыбайластарының барлық дүние-мүлкі конфискаланды. Батистаның әскери диктатурасына қызмет еткен сенаторлар, депутаттар, муниципалдық кеңесшілер, сол сияқты әскери диктатураны қолдаған немесе оған қызмет еткен партиялардың басшылары 30 жыл мерзімге саяси праволарынан айрылды. Сот аппараты тазартылып, қайта құрылды, халыққа кең демократиялық праволар мен бостандықтар берілді. Халық тұрмысын жақсарту жөніндегі алғашқы шаралар жүзеге асырылды. Мәселен, жалақы көбейтілді, көптеген қалаларда телефон мен электрді пайдалану ақылары азайтылды, пәтер ақысы 30—50 процент арзандатылды. Кубаның жаңа үкіметі қолға алған ірі қадамдардың бірі аграрлық реформа жөніндегі заңның шығарылуы. Бұл заң бойынша ірі жер иеленушілік жойылады және 200 мыңнан аса жерсіз және жері аз шаруаларға жер беріледі. Сол сияқты Куба премьер-министрі нәсілдік кемсітушілікке қарсы күресетінін ресми түрде мәлімдеді.

Өзінің сипаты жағынан Куба революциясы прогресшіл, халықтық, империализмге, феодализмге қарсы, демократиялық революция болып табылады. Бұл революция енді ғана басталды, енді ғана өзінің жемістерін беруде. Солтүстік Америка империализмі Кубаның ішіндегі реакциялық күштерге арқа сүйеп, Кубаның кәзіргі жағдайын өзгерткісі, үкіметін құлатқысы келеді. Олар бір арандатушылықтан кейін екінші арандатушылық ұйымдастырып келеді. Тіпті американдық самолеттері Куба территориясының үстінен заңсыз түрде ұшып өтіп, Куба астанасы — Гавана халқын пулеметтерден атқылап жүр. Бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтары қостап отырған Куба халқы империалистердің арандатушылық әрекеттеріне Фидель Кастро үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасумен және революцияны ақыр аяғына дейін қолдауға деген берік сеніммен жауап беруде.

Кубадағы оқиғалар Латын Америкасының басқа да елдеріне үлкен ықпал жасауда. Никарагуа мен Доминикан республикасында диктаторлық тәртіптерге қарсы күрес күшейіп келеді. Латын Америкасы халықтарының империализмге қарсы азаттық күресінде жетекші роль атқаратын жұмысшы табының ұйымшылдығы артып келеді. Тап күресінің от-жалынында коммунистік партиялар нығаяуда. Кәзір Латын Америкасы елдерінің бәрінде де коммунистік партиялар бар. Рас, Кубаның, Уругвайдың, Чилидің, Венесуэланың және Эквадордың коммунистік партиялары ғана ашық түрде жұмыс істейді. Мексикада коммунистік партия толық ашық жұмыс істей алмай отыр. Қалған елдердің компартиялары әлі күнге астыртын қызметте. Үстіміздегі жылы реакциялық күштердің тіміскілеуі салдарынан Аргентина коммунистік пар-

тиясы астыртын жұмыс істеуге көшті. Бірақ мұндай жағдай коммунистік партиялардың жауынгерлік рухын түсіріп отырған жоқ, қайта коммунистік партиялар өз қатарларын нығайтып, бұқараға ықпалын күшейтіп отыр.

Коммунистік партиялардың белсене қатысуымен бұл елдерде империализмге қарсы күрестің бірыңғай ұлттық майданы құрыла бастады. Мысалы, 1954 жылы Бразилияда ұлттық азат етудің Лигасы құрылды. Чилиде халық іс-қимылының майданы құрылып, оған коммунистік, социалистік партиялар және кейбір прогресшіл буржуазиялық партиялар кірді. 1957 жылы болған Ұлттық Конгресс сайлауында халық іс-қимылының майданы демократиялық талаптарды алға тартып, сенаттағы 45 орыннан 9 орын алды. Халық іс-қимылының майданы Эквадорда да құрылды.

Латын Америкасы елдерінде соғысқа қарсы қозғалыс барған сайын ұлғаяуда. Халық бұқарасының арасында Америка Құрама Штаттарының агрессияшыл саясатына наразылық білдірушілер көбеюде. Бірақ соған қарамай, бұл елдердің кейбір билеуші топтары Біріккен Ұлттар Ұйымында сыртқы саясат мәселелері бойынша дауыс беруге келгенде, Американың агрессияшыл топтарын қостап кетіп жүр.

Латын Америкасының халықтары Н. С. Хрущев жолдастың Америка Құрама Штаттарына жасаған тарихи сапарын үлкен қанағаттанғандық сезіммен құттықтады. Латын Америкасы елдерінде Совет Одағымен және басқа социалистік елдермен экономикалық, сауда және мәдени байланыстарды ұлғайту ниеті өріс алуда. Бұған Мексиканың А. И. Микоян жолдасты үлкен жылы шыраймен қарсы алуы толық дәлел. «Совет Одағы, — деді А. И. Микоян жолдас өзінің Мексика сенатында 1959 жылы 19 ноябрьде сөйлеген сөзінде, — Мексиканың Құрама Штаттарымен, Американың барлық елдерімен жақсы қатынас орнатқысы келеді...».

Латын Америкасы халықтарының ұлт-азаттық күресте алғашқы табыстарға қолы жетті. Бірақ алда көптеген қиыншылықтар мен кедергілер тұр. Солтүстік Американың монополистік капиталы өзінің ескі позицияларынан жармасып айрылғысы келмейді, Латын Америкасы елдерінде өз ықпалын сақтап қалуға жанталасады. Дегенмен, империалистердің Латын Америкасы елдеріндегі өзінің бұрынғы позицияларын қайтарамын деген әрекеті күйреді. Латын Америкасы елдерінің халықтары шын мәнісінде тәуелсіздікке жету жолындағы күреске белсене шықты, бұл күресте олардың жеңіске жететіні даусыз.

А. ЕРМОЛАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты

Партия тұрмысының хабарлары

Мың адамға 1008 газет пен журнал

Алматы облысы, Ақсу ауданында газет-журнал алдырмайтын семья кемдем. Өткен жылы да аудан өзгелерден озат шықты. Былтыр мұнда әрбір мың адамға 790 газет, журнал алдырған болатын.

Ауданда баспасөз тарату биыл да ойдағыдай өтуде. Декабрьдің 1-не дейін аудан еңбекшілері 737 000 сомның газет, журналына жазылды. Бұл әр мың адамға 1 008 данадан келеді деген сөз.

Аудандағы партия, совет ұйымдары жұртшылыққа газет, журналды кешіктірмей, мезгілінде жеткізіп тұру ісіне баса назар аударды. Малшыларға баспасөзді дер кезінде жеткізу графигі жасалып, ол аудандық партия комитетінің бюросында арнайы бекітілді. Графиктің орындалуы қатаң бақылауға алынды.

Жұртшылық арасына баспасөз таратудың үйтқысы — қоғамдық өкілдер ерте бастап іріктеліп, олардың құрамы белгіленді. Аудандық партия комитеті оларға әдейі арнайы бірнеше семинар өткізді. Мәдени, байланыс мекемелерінің қызметкерлері, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, үгітшілер де осындай семинарларға қатыстырылды.

Барлық жердегі газет, журналдары тексеріліп, тәртіпке келтірілді. Мәдени орындарда газет, журнал көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар конференциялары, сұраққа жауап кештері өткізілді.

Баспасөз таратуға қоғамдық өкілдермен қатар үгітшілер, хат тасушылар да қатыстырылды.

Баспасөз тарату ісін әсіресе Сталин атындағы «Еңбек» колхоздарының бастауыш партия ұйымдары шебер ұйымдастырды. Бұл шаруашылықтардың үгітшілері әрбір газет пен журналға және тоқсандық, колхозшылардың олардың пәтерінде мәселелерімен таныстырып отырды. Соның нәтижесінде Сталин атындағы колхоздың үгітшілері Сәдуақасов, Аурманғалиев жолдастар әрқайсысы 250 — 300 данадан газет пен журнал таратты.

Колхоздың партия ұйымы малшылар арасына баспасөз таратуға үзген мән берді. Бастауыш партия ұйымының секретары Омаров жолдас бұған өзі тікелей бағыналып, етті. Ол жиындағы мал қыстауына үгітшілер бригадасын өзі бастап берді. Бригадада үгітшілермен қабат қоғамдық өкілдер, өнерпаздар ұйымының мүшелері, лекторлар болды.

Олар баспасөз жайлы бірнеше әңгіме өткізіп, лекция оқып, сауық кешін ұйымдастырды. Бригаданың игі ісі зая кетпеді. Малшылар газет, журналға түгел жазылды. Ал озат шопан Барлыбек Шөңкібаев алдағы уақытта «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Коммунизм таңы», «Лениншіл жас» газеттерін, «Қазақстан коммунисті», «Ара», «Мәдениет және тұрмыс» журналдары мен «Үгітші блокнотын» алдыратық болды.

Баспасөз тарату ісіне ауданда хат тасушылар да белсене қатысты. Мысалы, Ақсу селосындағы хат тасушы Еленина, Чанаев атындағы колхоздың хат тасушысы Жанжақсынов өз міндетін үлгілі атқарумен қатар әрқайсысы 150 — 200 дана газет пен журнал таратты.

Ауданда одақтық, әсіресе республикалық газеттер мен журналдарға жазушылардың саны былтырғыдан екі-үш есе артты. Ал «Қазақстан коммунисті» журналына декабрь айының 1-не дейін 620-дан астам адам жазылды.

Бұл журналға жазылуды Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозы да үлгілі өткізді. Алдағы жылы журналды 60 адам алдырып оқиды; оның көпшілігі — коммунистер. Бұл іске колхоз председатели, отыз мыңшы тәжірибелі коммунист Есіркеп Малайдаров жолдас белсене атсалысты.

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ — ЕҢ ЖОҒАРҒЫ МҮДДЕ

Алматы қалалық партия комитетінің жуырда болып өткен VIII пленумы еңбекшілерге мәдени-тұрмыс қызмет көрсету ісін жақсарту мәселесін талқылады. Халықтың рухани тілегін қанағаттандырып, хал-тұрмысын жақсарту түсу жөнінде астанада бірқатар жұмыстар істелді. Тек 1958—59 жылдардың өзінде ғана 300 мың шаршы метрде астам тұрғын үй, 21 мектеп, аурухана қаланың, 30 астана, 145 өнеркәсіп және азық-түлік товарлары мағазыны, 20 ателе мен тұрмыс қажетін өтейтін мастерской салынды. 6 мыңға жуық көтер газдандырылып, 60 километр жолға, 44 километр тротуарға асфальт төселді.

Қаланың кәсіпорындары жеті сағаттық жұмыс күніне көше бастады. Бұларда шығарылатын мәдени-тұрмыс қажеті бұйымдарының түр-түрі көбейіп келеді.

Пленумда халыққа мәдени-тұрмыс қызмет көрсету жұмысында елеулі кемшіліктер бар екені атап көрсетілді. Пленумда сөйлеген Гузиенко, Қожанов, Баймаханова тағы басқа жолдастар орын теуіп отырған кемшіліктерді қатты сынады.

Ленин ауданында астана жұмысшыларының жартысынан астамы тұрады, ауданның кәсіпорындары қала өнеркәсіп өнімінің 50 процентін береді. Бірақ бұл ауданды көріктендіру ісіне жете көңіл бөлінбеген. Мәселен, биыл қала көшелерін жөндеуге бөлінген қаржыдан Сталин ауданына 11,5 миллион сом босатылған болса, Ленин ауданына небәрі 300 мың сом ғана берілген. Соның салдарынан қаладағы магистральді бірнеше көшенің Ленин ауданына жататын бөлігі асфальттаусыз жатыр. Қалада жаңадан

10 мектеп салынса, оның бірде-біреуі Ленин ауданына тиген жоқ.

Сол сияқты сауда орындарын орналастырған кезде қала шеті көп ретте ұмыт қалады. Магазин, сән ательесі, шаш тараз, тұрмыс қажетін өтейтін мастерскойлардың көпшілігі қала орталығында. Осының салдарынан қаланың шет-шетінде ең қажетті азық-түлік, өнеркәсіп товарларын тауып сатып алудың өзіне еңбекшілер көп уақытын кетіреді.

Қалалық және аудандық совет атқару комитеттерінің басшылары қала шаруашылығын жете зерттеп, біліп отырса мұндай кемшіліктерге жол бермес еді.

Пленум талқыланған мәселе бойынша қарар қабылдады. Қарарда халыққа мәдени-тұрмыс қызметін көрсету ісін жақсарту жөнінде нақты шаралар белгіленді.

„Қазақстан коммунисті“ журналының дабылынан кейін

«ЖУРНАЛ ЖӘНЕ АУЫЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

«Қазақстан коммунисті» журналының үстіміздегі жылы август айындағы (№ 8) санында осы тақырыппен «Мәдениет және тұрмыс» журналына шолу, сын мақала жарияланған еді. Бұл жөнінде «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакторы М. Дінішев жолдас мынаны хабарлады. Мақала «Мәдениет және тұрмыс» журналының редколлегиясы мен барлық творчестволық қызметкерлерінің бас қосқан мәжілісінде кеңінен талқыланды, мақала негізінен дұрыс деп танылды. Ондағы айтылған сын пікірлер ескеріле отырып, журналдың алдағы жылға жоспары жасалды.

«ТИЯНАКТЫ ЖЕЛІ, БАЙСАЛДЫ СЫН ЖОҚ»

Журналымызда осы жылы октябрьде (№ 10) жарияланған, Ақмола облыстық «Есіл правдасы» газетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы «Тиянақты желі, байсалды сын жоқ» деген баспасөзге шолуға байланысты «Есіл правдасы» газетінің редакторы С. Сейітов жолдас редакцияға мынаны хабарлады. Бұл сын мақала редакция партия ұйымының ашық жиналысында талқыланды. Жиналыста біздің газетке айтылған сынның дұрыс екені атап көрсетілді және редакцияның жұмысындағы елеулі кемшіліктерді тез арада жоюдың нақты шаралары белгіленді. «Қазақстан коммунистінің» сынын талқылау үстінде өздерінің міндетіне салақ қарап келген кейбір қызметкерлерге қатты сын ескерту айтылып, шара қолданылды.

Термин сөздерге түсінік

Әлеуметтік-экономикалық терминдер

(Жалғасы. Басы журналымыздың өткен сандарында)

Блок—блок (одақ мағынасындағы термин сөз, мысалы, түрлі саяси партиялардың, ырымдардың белгілі бір науқанда блок жасап бір шығуы. Бізде мемлекетіміздің жоғарғы және жергілікті органдарын сайлағанда коммунистер мен партияда жоқтардың блок жасап сайлауға біріккен кандидат ұсынып шығуы).

Блокада — блокада (дұшпан елді, немесе оның жеке қалаларын, порттарын, тағы басқаларын әскер күшімен қоршап алып, жан-жақпен қатынастырмай тастау. Бір мемлекетті немесе мемлекеттердің бір тобын соны, саясат, экономика жөнінен оқшаулау; мұнда блокаданы ұйымдастырушы елдер блокада жасалған мемлекетке немесе мемлекеттерге өз талаптарын еріксіз орындатызу үшін зорлау шараларын қолданады. Империалистік мемлекеттер жас Совет республикасына талай-талай саяси экономикалық блокада жасап келгенді).

Богостроительство и богоскательство — құдай жасампаздық пен құдай іздемпаздық (діни-философиялық ағымдар; бұл ағымдар Ресейде 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция жеңілгеннен кейін буржуазия мен ұсақбуржуазия интеллигенциясының арасында пайда болды. Революциядан зоресі кеткен буржуазия интеллигенциясы халықтың санасын қараңғылап, бұқараны революция жолынан алаң ету үшін, халықтың діни сезімін қоздыра түсуге тырысты. Құдай іздемпаздық — қара түнек діни ескілікті ашықтан-ашық насихаттау болды. Социал-демократияның ұсақбуржуазияшыл турлаусыз өкілдері — Базаров, Богданов және басқалары — социализмді құдайға сенумен ұштастырмақ болды, өз алдына «социалистік» жаңа дін жасамақ болды. «Кейбір социал-демократтар тіпті марксизмді дінмен ұштастыру керек деген талап қойды. Олар «социализм дегеніміз дін» (Луначарский), ал біз болашақтың жаңа, жоғары дінін жасамақшымыз десті. Ғылыми социализмге діни наным сипатын беруге тырысқан

мұндай уағызшыларды жұрт «құдай-жасампаздар» деп атаптын болды», («КПСС тарихы», 141-бет). Бұл ағым марксизмнің негізінен қол үзгендік еді. В. И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл ағымдарға күйрете соққы берді).

Бойкот — бойкот (саяси және экономикалық күрес тәсілі, қарым-қатынасты үзу, тоқтату деген мағынада. Мысалы, отар елдердің есілген халықтары империалистердің әкімдеріне, әскеріне немесе товарларына бойкот жасауы мүмкін. Капиталистік елдерде еңбекшілер кәсіп иелеріне бойкот жасап, қанаудың аса ауыр түрлеріне қарсы күрес жүргізеді).

Бонапартизм — бонапартизм (контр-революцияшыл ірі буржуазияның мемлекетті басқару әдісі, мұнда ірі буржуазия бір жағынан әскер күшіне сүйеніп, тап күресінің шиеленіскен кездерінде күресуші таптар арасында айла-амаң әдістерін қолданады. Бонапартизм XVIII ғасырдың аяғындағы буржуазиялық революциядан кейін, Наполеон Бонапарттың диктатурасы дәуірінде Францияда пайда болды. Наполеон үкіметі революцияны тұншықтырып, оның ірі буржуазияға тиімді нәтижелерін қана сақтады).

Брак (производственный) — брак (өндірістегі брак дегеніміз өнімнің түгелдей немесе ішінара сапасыз, нашар жасалуы, тиісті стандарттың сақталмауы. Сапасыз өнім өндірісті шығынға ұшыратады, өндіріс, финансы жоспарының орындалуына зиян тигізеді. Бізде өндірістегі бракқа қарсы үздіксіз күрес жүргізіліп отырады).

Буддизм — буддизм (христиан діні мен ислам діні сияқты ең көп тараған дінің бірі. Буддизмнің түрлі ағымдары әсіресе Индияда, Бирмада, Таиландта, Монғолияда, Жапонияда, Қытайда көп кездеседі. Буддизмнің уағызы бойынша адам рахаттың шыңына ұмтылуға тиіс, оған бұл дүниенің қуанышы мен құмарынан толық безгенде ғана жетуге болады-мыс. Буддизм зорлыққа қарсыласпау керек дегенді уағыздайды).

**«ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ» ЖУРНАЛЫНДА 1959 ЖЫЛЫ
ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ**

Т і з і м і

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

	№	беті
Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы	4	23
* * *		
Қазақстан Компартиясының X съезін шақыру туралы Қазақстан КП Орталық Комитетінің қаулысы	11	4

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

IV тарау — Большевиктер партиясы реакция дәуірінде (1907 — 1910 жылдары)	1	58
V тарау — Большевиктер партиясы революциялық жаңа өрлеу жылдарында (1910 — 1914 жылдары)	1	76
VI тарау — Большевиктер партиясы дүниежүзілік империалистік соғыс жылдарында. Россиядағы екінші революция (1914 — 1917 жылғы февраль)	2	43
VII тарау — Партия — Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне дем беруші және оны ұйымдастырушы	2	64
VIII тарау — Партияның социалистік революцияны дамыту және совет өкіметін нығайту жолындағы күресі (1917 жылғы ноябрь — 1918 жылдың аяғы)	3	51
IX тарау — Партия шет ел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде (1918 жылдың жазы — 1920 жыл)	3	75
X тарау — Партия халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы күресте (1921 — 1925 жылдар)	4	44
XI тарау — Партияның елімізді социалистік жолмен индустрияландыру және ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру жолында жүргізген күресі (1926 — 1929 жылдар)	5	58
XII тарау — Партия социализмнің бүкіл майданда шабуыл жасау дәуірінде. Қолхоз құрылысының ұйымдастырылуы (1929 — 1932 жылдар)	6	60
XIII тарау — Партияның халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау жолындағы күресі. СССР-де социализмнің жеңуі (1933 — 1937 жылдар)	7	46
XIV тарау — Партия социалистік қоғамды нығайту және өркендету күресінде. Елдің қорғанысын күшейту (1937 жыл — 1941 жылдың июні)	7	66
XV тарау — Партия Ұлы Отан соғысы дәуірінде (1941 жылғы июнь — 1945 жыл)	8	42
XVI тарау — Соғыстан кейінгі дәуірде социалистік халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолындағы партияның күресі (1945 — 1953 жылдар)	9	40
XVII тарау — Партияның халық шаруашылығын мықтап көтеру, социализм құрылысын аяқтау жолындағы күресі (1953 — 1958 жылдар)	10	32
XVIII тарау — СССР-дің коммунистік қоғам құрылысын келінен өрістетуге дәуіріне енуі. Партияның XXI съезі	11	50

БАС МАҚАЛА МЕН РЕДАКЦИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР

Коммунистік құрылыстың ұлы программасы	1	2
Ауыл шаруашылығын өркендетудегі елеулі белес	1	11
Ұлы программа — келелі міндеттер	2	2

	№	беті
Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру міндеттері	3	2
Ауыл шаруашылығын онан әрі көтерудің келелі міндеттері	4	2
Совет кәсіподақтары — коммунизм мектебі	4	9
Бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмыстың дәрежесі жоғары болсын	5	2
Өндіріс жұмыстарын толық механикаландыру және автоматтандыру — кәзіргі айбынды міндет	6	3
Елімізге етті көп берейік	6	10
Бір жарым миллиард пұт астық жинайық	7	3
Социалистік міндеттемені мүлтіксіз орындайық	8	3
Әрбір коммунистің қолынан түспейтін кітап	8	10
Коммунист — жетіжылдықтың қажырлы күрескері	9	3
Коммунизм жеңісіне қарай алға басайық	10	3
Партиялық басшылық икем, шебер, пәрменді болсын	11	4
Қоғамдық мал өсімтал да өнімді болсын	12	3

МАҚАЛАЛАР

А. Асқаров — Қой шаруашылығын өркендетудің кейбір мәселелері	3	25
Ж. Аралбаев — Өмірдегі коммунизм өркендері	7	34
К. Асанов — Мезгілі жеткен мәселе	1	53
Ғ. Әбішев — Халықтар достығы — совет мемлекетінің күшеюатының қайнар бұлағы	7	10
Ш. Әміров — Совхоздарда өнімнің түсер құнын кеміту жолдары	7	21
Б. Әлиманов — Асқар бел асуларда	12	47
С. Бәйішев — Бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында даму заңдылықтары	11	23
С. Баянов — Еңбек өнімділігін арттырудың басты шарты	5	22
А. Басов — Қазақстан машина жасау өнеркәсібінің де республикасы	1	31
З. Блақбаев — Дін — халықты ұландыратын апиын	6	47
К. Бородин — Табандылықпен жүзеге асыратын міндет	9	28
С. Дәуленов — Қазақстан ауыл шаруашылығы жетіжылдықта	5	12
А. Данилов — Социалистік елдердің экономикалық ынтымағы	9	16
М. Есенов — Республиканың көмір, мұнай кәсіпорындарында өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру	6	30
К. Егізбаев — Ұлы достық	10	90
Н. Жанділдин — Әдебиет пен көркемөнер өсу жолында	2	17
Н. Жанділдин — Интернационалдық тәрбиенің кейбір мәселелері	10	10
Т. Жанкелдин — Философияның партиялығы жөніндегі маркстік ілімді В. И. Лениннің дамытуы	4	15
Т. Жакыпов — Қызылорда облысында ет өндіруді арттыру мүмкіндіктері	4	33
Ә. Жаймырзин — Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру — идеологиялық жұмыстың басты саласы	5	9
Б. Жұмаралиев — Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет қоғамының жетекші және ұйымдастырушы күші	1	17
М. Костин — Оңтүстік Қазақстанның болашағы зор	1	49
Ә. Кәкімжанов — Колхоздық кооперативтік меншіктің жалпыхалықтық меншікке ұласу жолдары	11	12
Д. Кішібеков — Социализмнен коммунизмге өтудің кейбір мәселелері	2	24
Н. Қиікбаев — Партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты	6	16
С. Қирабаев — Сәкен Сейфуллиннің революциялық өлеңдері	12	54

	№	беті
Р. Қасмасов — Ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібінің тиімділігі	6	35
С. Кенжебаев — Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу міндеттері	8	17
Ү. Құдайбергенов — Совет мемлекетінің социализмнен коммунизмге өту дәуіріндегі ролі	1	24
Р. Қуатов — Қолхоздарда шаруашылық есепті қолдану жайында	1	35
А. Қайсақанов — Қой өсірудің құнды тәжірибесі	12	10
К. Макин — Істің тағдырын ұйымдастырушылар шешеді	10	25
Ө. Малыбаев — Совет Одағында социализмнің толық және түпкілікті жеңуі	3	9
Ә. Мұқтаров — Халыққа қамқорлық жасау — партияның бйік нысанасы	5	27
А. Малков — Югославия қайда кетіп барады	5	46
Л. Мельников — Қазақстан өнеркәсібінің жетіжылдықта оған әрі үздік өркендеуі	6	23
К. Михайлов — Жергілікті халықтан жұмысшы кадрларын даярлау	1	40
Ф. Мұқамедқалиев — Қазақстанда ауыл шаруашылығы ғылымының дамуы	1	44
Ш. Нәдіров — Еңбек өнімділігін арттыру — коммунизм жеңісінің маңызды шарты	3	15
Ә. Нұрпейісов — Сыншыларға да сын айтсақ	11	44
Б. Ордабаев — Коммунистік еңбек бригадалары — социалистік жарыстың жаңа да жоғары түрі	2	31
С. Ордалиев — Бүгінгі күннің тақырыбы — драматургия арқауы	8	28
С. Омаров — Жұмысшылар мен колхозшы шаруалар одағы жаңа кезеңде	12	41
С. Өтебаев — Елімізге мұнайды көп берейік	3	21
Б. Өсербаев — Лекциялық насихатты жақсартып берейік	5	38
С. Өжкенов — Партия оқуы жылының қорытындылары және алдағы міндеттер	7	28
А. Рахманов — Партия оқуы жүйесінде оқу жылын жақсы әзірлікпен бастайық	9	10
М. Рымжанов — Малшылар арасындағы саяси жұмыс	9	34
С. Сартаев — Социалистік заңдылықты нығайта берейік	2	37
Н. Серсенбаев — Қоғамдық және жеке мүдделерді ұштастыра білу жөнінде	12	34
Ж. Тәшенев — Советтердің сайлауы	2	11
Н. Түркебаев — Колхозшылар еңбегіне ақынны ақшалай төлеудің артықшылығы	3	29
М. Хангалов — Монғол Халық Республикасы социализм жолында	7	40
С. Хайдаров — Социализм саясында	11	31
А. Фатеев — Ауыл шаруашылығы жұмыстарын түгел механикаландыру үшін күресте	8	23
М. Фазылов — Неміс жұмысшылары мен шаруаларының тұңғыш мемлекеті	10	95
Т. Шойынбаев — Азамат соғысының даңқты батыры	6	41
Қ. Шәймерденов — Қытай Халық Республикасына он жыл	9	22
Ә. Шәріпов — Халыққа білім беру жүйесін қайта құрудағы алғашқы адым	11	39
Т. Ыдырысов — Кәзіргі заман тақырыбы — әдебиетіміздің ең басты тақырыбы	4	38
Ж. Ыбраев — КПСС XXI съезінің материалдарын оқып, үйрену — кәзіргі міндет	5	34
М. Ысқақов — Оқу өмірмен тығыз ұштастырылсын	5	41

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

	№	беті
К. Әбілдаев — Шаруашылыққа шебер басшылық жасалсын	1	93
К. Әбілдаев — Жаңа белесте	5	87
К. Әбілдаев — Қазақстан Магниткасы құрылысында	7	96
К. Әбілдаев — Партиялық бақылау дұрыс жүзеге асырылсын	9	79
Ү. Бағзаев — Жарқын жол	1	101
С. Байеділов — КПСС XXI съезінің шешімдері бұқараға кеңінен түсіндірілсін	4	88
П. Константинов — КПСС XXI съезінің қарарларын насихаттау және партия оқуы	3	41
У. Иманәлиев — Еңбекшілердің хаттары мен шағымдары ұқыптылықпен қаралсын	3	46
Б. Төртқарин — Елімізге етті көп беру күресінде	5	93
Х. Ташмағамбетов — Тағы да мол өнім алу үшін күресте	6	88
Н. Гагарин — Кәсіподақ ұйымдарына партиялық басшылық жақсартылсын	6	91
Е. Намысбаев — Колхозшылар бұқарасының белсенділігі табысқа жетудің кепілі	6	95
А. Ысмайылов — Мал шаруашылығын өркендету күресінде	6	102
Ж. Әлсейітов — Саяси жұмыстың әдістері мен түрлерін жетілдіре берейік	8	90
А. Бердалин — Бастауыш партия ұйымдарының есеп беру сайлау жиналыстары	9	69
Х. Бақауов — Коммунистің жеке ісін қарауда Уставтың талаптары қатан сақталсын	9	73
Х. Қожахметов, Ә. Жақышев — Партиялық бақылау комиссияларының алғашқы адымы	11	94
Қ. Ізімбергенов — Коммунистер жаңаның жаршылары	11	98

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ОЙ-ПІКІР ТАРИХЫНАН

О. Сегізбаев — Ш. Уәлихановтың философиялық көзқарасы	9	84
---	---	----

ЛЕКЦИЯ МЕН КОНСУЛЬТАЦИЯ

Ғ. Боранқұлов — Советтік мемлекет социализмнен коммунизмге ұласу дәуірінде	5	52
Ғ. Боранбаев — Социализм мен капитализмнің бейбіт экономикалық жарысының шешуші кезеңі	6	53
Н. Сәрсенбаев — Маркстік философияның дамуындағы жаңа белес	3	33
Ғ. Шоланов — Ауыр индустрияны оздыра өркендету партияның шаруашылық саясатының сара жолы	8	34
Т. Жанкелдин — Материалистік диалектиканың категориялары	11	84

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП

М. Фазылов — Берлин мәселесі	2	102
А. Фаризов — Социалистік қоғамның ұлттық табысы және оның бөлінуі	4	99
А. Туғанбаев — Америка империалистерінің Орта және Таяу Шығыс елдеріндегі тіміскілеу әрекеттері	5	104
А. Туғанбаев — Африка халықтары тәуелсіздік үшін күресте	9	100
Н. Сағындықов — Капитал елдеріндегі қаратүнек реакцияның жаңа көріністері	6	102

	№	беті
Колхозшы-коммунистердің мүшелік жарна төлеуінің жаңа тәртібі	7	109
А. Ермолаев — Латын Америкасының халықтары тәуелсіздік жолындағы күресті күшейтуде	12	67

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Озат тәжірибе және газет	2	102
КПСС ХХІ съезінің шешімдері кең насихатталсын	4	103
Маңызды мәселе мазмұнды жазылсын	6	108
Журнал және ауыл мәдениетінің мәселелері	8	106
Тиянақты желі, байсалды сын жоқ	10	107

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Я. Бельсон, С. Сартаев — Социалистік елдердің мемлекеттік дамуы туралы кітап	5	108
Ш. Есмұрзаев — Сәбит Мұқановтың Қытай туралы очерктері	10	100
Ә. Жұмабаев — Ұлы көсемнің ұмытылмас бейнесі	9	105
К. Мендіғожин. — Үгіт пункттері жұмысының түрлері мен әдістері	11	106
Қ. Серікбаев — Село партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесін баяндайтын кітапша	1	107
С. Хайдаров — Атеист лектордың кітапханасы	4	107
Т. Ыдырысов — Сұрапыл күндердің елесі	3	108
Т. Шеңгелов — Насихатшыларды тәрбиелеу тәжірибесінен	10	104
Термин сөздерге түсінік № 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12.		

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкел-
дин Т., Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секре-
тарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

14/ХІІ-59 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108^{1/16}—3,5 қ.—9,59 авт. т.

УГ04994. Тираж 16100. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 906.

